

Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің ережесін бекіту туралы. Негізгі талаптар. ҚР ӨҚЕ 08-97

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 9 шілдедегі N 19 Қаулы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 10 қарашада тіркелді. Тіркеу N 866. Қаулының күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпанды N 35 бұйрығымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпанды N 35 бұйрығымен .

Шаруашылық кешендеріндегі және жергілікті қордағы материалдық шығынды төмендету, өрттің шығуын болдырмау шараларын қолға алу мақсатында жаңа шаруашылық нысандарындағы шығуына байланысты және Қазақстан Республикасы Z960048_ "Өрт қауіпсіздігі туралы", "Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы" зандарының орындалуын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы өрт қауіпсіздігінің ережесі бекітілсін. Негізгі талаптар . ҚР ӨҚЕ 08 - 97 .

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді .

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің 1998 жылғы 20 қазанды N 16 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Төраға

**Қазақстан
өрт
ережелері
Негізгі
ҚР ӨҚЕ 08-97**

1. Жалпы талаптар
1. Жалпы ережелер

**Республикасындағы
қауіпсіздігінің
талаптар**

1) Осы ережелер Қазақстан Республикасының Z960048_ "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағындағы өрт қауіпсіздігінің жалпы талабын белгілейді және барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі атқарушы органдардың, кәсіпорындардың*, мекемелердің және үйымдардың, басқа да занды тұлғалардың

(меншік түріне қарамай), олардың лауазымды қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқтардың міндепті түрде орындауды талап етеді.

Ескерту: *Бұдан әрі "кәсіпорын" және "ұйымдар" сөзі біргана "кәсіпорын" сөзімен белгіленеді.

Орт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын бұзғандар (орындаамағандар, әдейі орындаамағандар немесе орындаудан бас тартқандар) қолданылып жүрген заңға сәйкес, қылмыстық, әкімшілік немесе басқа да жауапкершілікке тартылады.

2) Орт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде нағыз ережелермен бірге Қазақстан Республикасының "Орт қауіпсіздігі туралы" Заңын және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативті актілерін оларға жататындар: өрт қауіпсіздігінің ережелері, стандарттары және нормалары, нұсқамалары, басқа да өрт қауіпсіздігінің талабын қажет ететін құқықтық актілері басшылыққа алынады

Орт қауіпсіздігінің салалық және арнайы ережелері, сонымен қатар өрт қауіпсіздігі саласындағы белгіленген тәртіп бойынша бекітілген басқа да нормативті құжаттары, нағыз ереженің талабын төмендетпеуі керек.

3) Әрбір обьектіде өрт шыққан жағдайда, адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі қажет, сонымен бірге әрбір жарылу өрт қауіпі бар және өрт қауіпті участеклер үшін (шеберхана, цехтар т.б.), өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулар жасалынып, жергілікті өртке қарсы қызметімен келісіліп, оны объекті басшысы бекітеді.

Ескерту: *Объект-аумақ, кәсіпорын, үйлер, құрылыштар, сыртқы қондырығылар, қоймалар, көлік құралдары, ашық алаң, технологиялық процестер, құрал-жабдықтар, бұйымдар.

4) Жаңадан жұмысқа алынған жұмысшылар мен қызметкерлерге кәсіпорындарда белгіленген өртке қарсы ережелерді сақтау туралы нұсқау берілуі қажет. Объектінің басшысы белгілеген мерзім өткеннен кейін (бір жылдан соң), сонымен қатар жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыстарының ерекшеліктері өзгерген жағдайда, кәсіпорындарда қайтадан нұсқау беріледі немесе өрт-техникалық минимумы жөнінде сабактар өткізіледі. Өрт-техникалық минимумды оқып біткеннен кейін зачет тапсырылады.

5) Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мыналарға:

- толығымен кәсіпорындардың, Қазақстан Республикасының "Орт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес олардың бөлімшелерінің бірінші басшыларына (кәсіпкерлерге, жұмыс берушілерге) жүктеледі;

- жекеленген аумақтарға, үйлерге, ғимараттарға, цехтарға, технологиялық

жабдықтардың участекеріне және инженерлік жабдықтарға, процестерге, электр жүйелеріне т.т. кәсіпорынның басшысы (кәсіпкер, жұмыс беруші) жауапты адамдарға қол қойғыза отырып, өзінің бұйрығымен анықтайды;

- жеке меншік үйлердің, сая жайлардың, гараждардың, (бокстердің) ауладағы құрылыштардың жауапкершілігі олардың иелеріне жүктеледі;

- үйлерді, ғимараттарды жалға алған кезде, егер шартта басқаша жазылмаған күнде олардың жалдап алған адамдарына жүктеледі.

6) Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы үкіметінің құрамына енбейтін органдар Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес, өрт қауіпсіздігінің саласында өз құзырының шегінде:

- біртұтас мемлекеттік саясат және өрт қауіпсіздігі саласында ведомствоаралық үйлестіруді жүргізеді;

- нормативтерді, стандарттарды және ережелерді дайындайды және келісіледі ;

- салалық өрт-техникалық комиссияларын, өртке қарсы құрылымдарын, өртке қарсы қызмет бөлімшелерін және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастырады және олардың күні-түні жұмыс істеуін жүзеге асырады;

- өрт қауіпсіздігінің жағдайына бақылау ұйымдастырады, өрттің алдын алу және жою шараларын жүргізеді;

- ғылыми зерттеуді, білімін насхаттауды ұйымдастырады, азаматтар мен мамандарды өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйренуге оқытады.

7) Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес өрт қауіпсіздігінің саласында жергілікті өкілетті, атқарушы органдардың және жергілікті өзін-өзі басқаратын органдардың уәкілеттілігі мыналарды орындауға:

- өрт қауіпсіздігінің шараларын ұйымдастыруға, орындауға және жүзеге асыруға ;

- аймақтық мақсатты бағдарламаларды дайындауға, бекітуге және орындалуын қамтамасыз етуге ;

- өрт болған жағдайда қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінен міндетті ережелерді қабылдауға, оларды алдын-ала ескертуге және жоюға ;

- өртті алдын-ала ескертуге және жою шараларын ұйымдастыруға;

- өрт қауіпсіздігінің шаралары жөнінде халыққа және ұйымдарға барлауға;

- жергілікті бюджеттердің өрт қауіпсіздігіне жұмсайтын шығындарының бөлігін дайындауға, бекітуге және орындауға;

- қоғамдық өрт бірлестіктерінің әрекетіне көмектесуге құқылы.

8) Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес, меншік түріне қарамай, ұйымдар мыналарды орындауға:

- өрт қауіпсіздігінің талабын сақтауға, сонымен қатар мемлекеттік өртті қадағалау органдарының заңдарын және басқа да үйғарымдарын орындауға;
- өрт қауіпсіздігі жөніндегі шараларды дайындауға және жүзеге асыруға;
- өртке қарсы үгіт-насихат жүргізуге, сонымен қатар өзінің қызметкерлерін өрт қауіпсіздігінің шараларын оқытуға;

- өртке қарсы қызметтің белгілеген нормаларына сәйкес, оның ішінде өртке қарсы қызмет органдары шарттарының негізінде бөлімшелер құруға және оларды ұстауға ;

- өрт сөндіргіш құралдарын және жүйелерін дұрыс жағдайда ұстауға, оларды қалай болса солай ұстауға рұқсат бермеуге;

- Өрт сөндіру кезінде, оның шығу жағдайын, себебін және дамуын анықтауға, сонымен бірге өрттің шығуына себеп болғандарды және өрт қауіпсіздігінің ережесін бұзған кінәлілерді табу үшін өрт қауіпсіздігі қызметіне көмек көрсетуге ;

- өртті автоматтандырылған құралдар арқылы табудың және сөндірудің жаңа түрлерін енгізу жөніндегі шараларын жүзеге асыруға;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілдеріне өздерінің қызмет бабын атқару кезінде ұйымның аумағына кіруге рұқсат беруге;

- мемлекеттік өртті қадағалау органдарына өрт қауіпсіздігінің жағдайы оның ішінде олардың шығаратын өнімдерінің өрт қауіпті екені жөнінде, сонымен бірге болған өрт пен олардың зардалтары жөнінде мәліметтер мен құжаттар беруге;

- пайда болған өрт, өртке қарсы қорғаныс құралдарының және олардың жүйелерінің ақаулығы, жолдар мен кіретін жолдардың жағдайының өзгергендігі туралы тезарада мемлекеттік өртке қарсы қызметіне хабарлауға міндетті.

9) Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мыналарды орындауға:

- өрт қауіпсіздігінің талабын сақтауға;

- өрттің шыққанын білген кезде, ол туралы тезарада мемлекеттік өртке қарсы қызметке хабарлауға ;

- мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелері келіп жеткенге дейін адамдарды, мұлікті құтқарудың және өртті сөндірудің шараларын қолдануға;

- өрт сөндіру кезінде мемлекеттік өртке қарсы қызметіне көмек көрсетуге;

- мемлекеттік өртті қадағалау органдарының үйғарымын және басқа да занды талаптарын орындауға ;

- Қазақстан Республикасының заңы белгіленген тәртіп бойынша, мемлекеттік өртті қадағалау органдарына оларға тән өндірістік, шаруашылық, тұрғын үй және басқа да салынып жатқан құрылыштардың өрт қауіпсіздігінің талабын сақтауды зерттеп тексеру жүргізуге және олардың бұзылуына жол бермеуге мүмкіндіктер беруге міндетті.

2. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үйымдастырылған шаралары

1) Қалалардың, поселкелердің және халық орналасқан пункттердің жергілікті өкілетті және атқарушы органдары және жергілікті өзін-өзі басқаратын органдары мыналарды орындауға:

- жанар май қоқыстарын тастаның орындарды анықтауға;

- ормандарда, аландарда болған оттың халық қоныстанған пункттерге жайылу мүмкіндігін болдырмаудың шараларын дайындауға және олардың қалай орындалып жатқанын тексеруге;

- объектілердің өрт қауіпі мол көктем-жаз мезгілдеріне және қыскы от жағылатын мерзімдерге дайындық шараларын жасап, олардың орындалуын тексеруге, халық тұратын пункттер үшін жалпы шараларды өткізуғе;

- өрт сөндіретін құралдар мен құштерді тартудың жоспарын бекітуге;

- өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы халық пен үйымдарға хабарлауға;

- қоғамдық өрт бірлестіктерінің әрекеттеріне көмектесуге міндетті.

2) Әрбір объекті өрт сөндіру жөнінен өрт бөлімшелерін құру жолдары арқылы өрт техникасымен немесе мұндай бөлімшелерді (қалалық, аудандық және т.т.) құруға қатысу арқылы өртке қарсы қызметпен қамтамасыз етілуі қажет

3) Барлық шығарылатын өнімдердің өрт қауіпті екендігі жөнінде көрсеткіштері болуы керек. Жарылғыш өрт қауіпті заттар мен бұйымдарды өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқауы болмаса, сатуға рұқсат етілмеуі керек.

4) Әрбір кәсіпорындарда өрт қауіптілігіне қатысты бұйрықпен (нұсқаумен), белгіленген өртке қарсы тиісті ережелер болуы керек, оның ішінде:

- ашиқ отты пайдалану тәртібін және қауіпсіздік шараларын анықтау;

- темекі шегетін орын дайындау және оны жабдықтау;

- өрт машиналарының объектіге кіру тәртібін анықтау;

- үй ішіндегі шикізаттың, жартылай фабрикаттың және дайын өнімдердің рұқсат етілетін санын және орнын анықтау;

- жанар май қалдықтарын және шандарын жинаудың және май болған арнайы киімдерді сақтаудың тәртібін белгілеу;

- өрт болған жағдайда және жұмыс аяқталған кезде электр жабдықтарын сөндіру тәртібін анықтау;

тәртіп белгілеу:

- уақытша өрт қауіпті және басқа да жұмыстарды жүргізу тәртібі;

- жұмыс біткен соң бөлмелерді қарап шығу және жабу тәртібі;

- өрт кезіндегі қызметкерлердің әрекеті;

- мамандықтардың (қызметтердің) тізімі, өртке қарсы нұсқаулар және өрт-техникалық минимум жөнінен өткізілетін сабактың уақыты және тәртібі

б е л г і л е н с і н .

5) Барлық өндірістегі, әкімшіліктегі, қойма және қосымша бөлмелердегі телефондардың жаңында мемлекеттік өртке қарсы қызметтің 01 деген телефон нөмері жазылған кесте ілулі тұруы керек.

6) Ғимараттарда және үйлерде (түрғын үйлерден басқасында), өрт болған кезде бір этажда 10-нан аса адам тұrsa, оларды қауіпсіз жерге қалай көшірудің жоспары (ұлгісі) көрінетін жерде ілулі тұруы керек, адамдарға өрт жөнінде жүйелер (қондырғы) арқылы хабарлау керек.

Көп адам жиналатын объектілердің басшылары (кәсіпкерлер) (50 адам жиналатын объектілерде) өрт болған жағдайда адамдарды қауіпсіз жерге апарудың, графикалық және текст бөлімінен тұратын жоспарын жасауы керек.

Эвакуациялау жоспарының текст бөліміне өрт болған жағдайда, жасаған әрекетін, іс-қимылдының тізілімі енгізілуі қажет.

Эвакуациялау жоспарының графикалық бөлімінде ғимараттардың (бөлмелердің) және адамдардың жүретін жолдары сілтемелермен белгіленуі керек

Эвакуацияға қатысатын барлық қызметкерлер үшін жарты жылда бір рет жаттығулар жүргізіліп тұруы қажет.

Түнде жұмыс істейтін объектілердің (бала бақшалар, мектеп-интернаттар, ауруханалар т.т.б.) нұсқауларында әрекет жасаудың екі түрі: күндізгі және түнгі түрі қаралуы қажет.

Түнде өрт бола қалған жағдайда адамдарды эвакуациялайтын орын дайындау қажет.

7) Кәсіпорындардың қызметкерлері, сонымен бірге азаматтары мыналарды білуғе:

- өндірісте, тұрмыста белгіленген тәртіп бойынша бекітілген өрт қауіпсіздігінің талабын, стандарттарын, нормалары мен ережелерін сақтауға, сонымен қатар өртке қарсы шараларды сақтап, қолдауға;

- электр және газ құралдарын, тұрмыста химиялық заттарды, өрт қауіпті тез жанғыш заттарды (ТЖЗ) және жанғыш заттарды (ЖЗ), пайдалануда, сонымен бірге басқа да өрт қауіпті заттармен, материалдармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде сақ болудың шараларын орындауға;

- өрт болған жағдайда мемлекеттік өртке қарсы қызметтің өрт бөліміне хабарлап, адамдарды, мұлікті құтқаруға және өртті сөндіруге міндетті.

8) Адам көп жиналатын жерлерде (митингі, жиналыс, кеш, дискотека, жаңа жылдық мерекелік кештер, ойын-сауықтар т.т.б.), шараларды өткізуғе жауапты адамдар, олар басталар алдында үйдің ішін мұқият қарап шығып, олардың өртке қарсы дайындығына толық көз жеткізуғе, адамдар жүретін жолдарға ерекше көңіл аударуға міндетті.

9) Өте қауіпті (жарылу қаупі бар), радиоактивті және қатты әсер ететін улы заттарды өндіретін және сақтайтын кәсіпорындардың басшылары (кәсіпкерлер), мемлекеттік өртке қарсы қызметтердің бөлімшелеріне өрт жарылу қаупі бар заттардың және материалдардың көрсеткіштерін сипаттайтын мәліметтер туралы хабарлауға (ГОСТ 12.1.044-89), өрт сөндіретін жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және осы кәсіпорындарда алдымен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге міндетті.

3. Өрт қауіпсіздігінің аумақтарға, ғимараттарға, құрылыштарға және үйлерге қойылатын талаптары

1. Аумақтарды таза ұстау

1) Халық тұратын пункттердің және кәсіпорындардың аумақтарына жанғыш заттардың қоқыстарын және т.т.б. тастауға болмайды. Барлық қоқыстарды арнайы қойылған контейнерлерге немесе жәшіктеге салып төгу керек.

2) Халық тұратын пункттердің және кәсіпорындардың аумақтары мен үйлердің, ғимараттардың және ашық қоймалардың, сонымен қатар тұрғын үйлерге жақын жатқан сая жайлардың және басқа да жүріп жатқан құрылыштардың аралығындағы өрт қаупі бар жерлер жанғыш заттардың қоқыстарынан, түскен жапырақтардан, құрғақ шөптерден т.т. уақытында тазалаңып тұруы керек.

3) Үйлердің және ғимараттардың, үйілген ағаштардың, кесілген материалдардың, басқа да материалдардың және жабдықтардың аралығындағы өрт қаупі бар жерлерді материалдарды, жабдықтарды және бос ыдыстарды қоятын қойма ретінде, автокөлік тұрағы және үйлер мен ғимараттар құрылышы үшін пайдалануға болмайды.

4) Үйлерге, ғимараттарға, ашық қоймаларға және өрт кезінде су алатын жерлерге аппаратын, кіретін, өтетін жолдар, өрт сөндіретін баспалдақтар және өрт сөндіретін құралдар әрқашанда бос және дұрыс жағдайда болуы керек, ал қыста - қар мен мұздан таза болуы керек.

Өрт сөндіретін машиналардың кедергісіз өтуі үшін жолдың, өтетін жерлердің жөндеуге немесе басқа да себептермен жабық екендігі туралы бұл жұмысты жүргізіп жатқан үйим, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріне тезарада хабарлауға тиіс.

Жол жабық тұрған жағдайда, тиісті жерлерде қалай қарай жұру бағыты белгіленген, айналып өтетін немесе жөнделіп жатқан участкелер арқылы өтетін және су алуға баратын жолдардың үлгісі көрсетілген көрсеткіштер болуы қажет.

5) Уақытша салынып жатқан құрылыштардың алшақтығы басқа үйлер мен құрылыштардан (басқа нормалар бойынша өртке қарсы көбірек алшақтық талап етіледі) немесе өртке қарсы қабырғалардан 15 м орналасуы қажет.

Жеке блок-контейнерлерден салынған үйлер тобымен бір топта 10 көлемі 800

м2 жерге орналасуы қажет. Бұл топталып салынған үйлердің арасы басқа құрылыштардан, сауда дүңгішектерінен 15 м болуы керек.

6) Қоймаларда және астық қабылдайтын пункттерде, сауда объектілерінде, мұнай өндіруде және оны қайта өндеуде, ТЖЗ және ЖЗ және жанғыш газдарды (ЖГ) сақтауда, барлық жарылғыш заттар шығаратын өндірістерде, жарылу өрт қауіпі бар участекерде, мектепке дейінгі балалар және мектеп мекемелерінде, емделу және ойын-сауық мекемелерінде, дәнді дақылдар алқабында, көлікте, сонымен бірге өндірістердің темекі тартуға болмайтын жерлерінде темекі тартуға болмайды.

7) Үйлер мен құрылыштардан 50 м қашықтықта ғана от жағуға, қоқыстарды және ыдыстарды өртеуге рұқсат етіледі. Қоқыстар және ыдыстар арнайы бөлінген жерде, күндізгі уақытта қызмет көрсететін адамдардың бақылауымен ертеделеді.

8) Объектілердің аумағында өрт сөндіру үшін суды, сыртқы баспалдақтарды, үй мен құрылыштарға кіретін есікті тез табу үшін үлкен жарық болуы керек.

9) Өрт машиналары өту үшін объектінің ішіндегі темір жолдар арқылы өтетін тораптар, өтетін жерлер бос болуы керек және биіктігі рельспен бірдей болатында тәсем тәселуі керек. Тораптарда локомотивсіз вагондардың тұруына болмайды. Жол арқылы өтетін торап екеуден артық болмауы керек.

10) Тұрғын үйлердің, сая жайлардың, бақшалы поселкелердің, қофамдық және азаматтық үйлердің аумақтары мен аулаларында ТЖЗ және ЖЗ бар ыдыстарды, сонымен бірге бұл заттардан босаған бос ыдыстарды, сығылған және сұйытылған газдардың баллондарын тастауға болмайды.

11) Орманның ішінде, орманды аланқайларда орналасқан жазғы балалар дем алатын сая жайлардың, денсаулығын емдейтін лагерлердің аумақтарында ені 3 м қорғаныс алқабы болуы керек.

12) Селодағы адамдар тұратын пункттердің, бақ өсіруші серікtestіктердің және сая жай-құрылыш кооперативтерінің 300-ден аса үй-жайлық участекері бар болған жағдайда, өрт сөндіретін тасымалды мотопомпасы, ал 300-ден 1000-ға дейін участекері барлардың - тіркемелі өрт сөндіретін мотопомпасы, 1000-нан жоғары участекері барлардың кемінде екі өрт сөндіретін мотопомпасы болуы керек.

Селолы жерлерде орналасқан демалыс үйлері мен емделетін мекемелер, атқарушы үкімет органдарының шешіміне сәйкес тиісті өрт сөндіретін техникамен және өрт-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі қажет.

2. Үйлерді, құрылыштарды, ғимараттарды ұстая

1) Барлық өндірістік және қойма үйлері өрт жарылу және өрт қауіпсіздігінің категориясы анықталынуы қажет, сонымен бірге электр қондырғы құрылғыларының (ЭҚҚ) ережелері жөнінен зона класы үйлердің есігінде

Өрт қауіптілігі жоғары жабдықтардың қасында, қауіптіліктің стандарттық белгілері, сонымен бірге құлақтандыру және кестесі ілулі тұруы керек.

Өндіріс процестерінде жарылу өрт қауіптілігінің көрсеткіштері зерттелмеген немесе сертификаты жоқ материалдар мен заттарды қолдануға, сонымен қатар оларды басқа материалдар және заттармен бірге сақтауға болмайды.

2) Барлық объектілер дұрыс өрт сөндіретін құралдармен (3 Қосымшаға сәйкес), өртке қарсы қызметті шақыртатын байланыс құралдарымен және қолданып жүрген нормаға сәйкес өртке қарсы автоматикамен қамтамасыз етілуі қажет.

3) Ғимараттардың, үйлердің және құрылыштардың өртке қарсы жүйелері мен қондырғылары (тұтіннен қорғану, өрт сөндіретін автоматика құралдары, өртке қарсы су жүйелері, өртке қарсы есіктер, қалқандар, басқа да өртке қарсы қорғану құрылғылары т.т.) әрқашанда дайын күйінде болуы керек. Өртке қарсы немесе тұтінге қарсы есіктерге кедергі болатындей ештеңе болмауы керек.

4) Өртке әкеп соқтыратын ақау келген станоктар және жабдықтармен, сонымен қатар қауіпсіздіктің белгіленген жағдайын, параметрін, температураның режимін, қысымын бақылауды қамтамасыз ететін сөнүлі тұрған өлшеуіш-бақылау аспаптарымен жұмыс істеуге болмайды.

5) Өртке қарсы жабуы (сылак, арнайы бояу, лак т.т., өртке қарсы қасиетін жоғалтқан) құрылыш конструкциясы бұзылған жанғыш, өндегіш және жылылықты өткізбейтін материалдар, металдан жасалған материалдар, жабдықтарды тірейтін металдан жасалған тіреулер алынып тасталуы керек.

Нормативті талапқа сай өндөлген (сіндірілген) ағаш конструкцияларының және мatalдардың қолдану мерзімі өткен және оттан қорғау қасиеті жоғалған жағдайда, олардың құрамы қайтадан өндөлінеді.

Жанғыш конструкциялардың және мatalдардың оттан қорғану өндеуінің (сіндіру) жағдайы жылына екі рет тексеріліп отырылуы керек.

6) Өртке қарсы қабырғаларды, жабуларды әртүрлі инженерлік және технологиялық коммуникациялармен қиып өтудің салдарынан пайда болған тесіктер мен саңылауларды тұтін мен газ енбейтіндей етіп құрылыш ерітінділерімен немесе басқа да жанбайтын материалдармен бекіту керек.

7) Үйлерді қайта жоспарлауда, оларды функционалды белгілеуде немесе жаңа технологиялық қондырғыларды орнатуда, құрылыштық және технологиялық жобалауда қолданып жүрген өртке қарсы норма талабы сақталуы қажет.

8) Жарылу өрт қауіпі бар объектілерін және үлкен ойын-сауық кәсіпорындарын (мұнай базасы, театарлар және т.т.) жақын жердегі мемлекеттік өртке қарсы қызмет белімшелерімен немесе орталық пунктпен тікелей телефон байланысымен қамтамасыз ету қажет.

9) Кәсіпорындардың үйлерінде, ғимараттарында және құрылыштарында (жеке

салынып жатқан тұрғын үйлерді қоспағанда):

- подвалдар мен цокольдық қабаттарда ТЖЗ және ЖЗ, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, газы бар баллондарды, аэрозолды, целлULOидты буып-түйілген тауарларды және басқа да жарылу өрт қауіпі бар заттар мен материалдарды, қолданып жүрген нормативтік құжаттарда көрсетілгендерінен басқасын сактауға және қолдануға;

- ұйымдарға өндірістік участекер, шеберханалар үшін шатырдың астын, техникалық қабаттарды, ауатазартқыш камераларды және басқа да техникалық үйлерді пайдалануға, сонымен бірге өнімдерді, жабдықтарды және басқа да заттарды сактауға;

- лифті холдарын, қоймаларды, дүнгіршектерді, ларектарды және т.т.б. орналастыруға;

- жанғыш материалдар қоймаларын және шеберханаларын жасауға, сонымен қатар подвалдарда және цокольдық қабаттарда басқа да шаруашылық үйлерін салуға, егер оларға кіретін есік жалпы басқыш алаңынан бөлінбеген жағдайда;

- жобамен қойылған вестибюлдердің және холдардың, коридорлардың, тамбурлардың және басқыш алаңдарының есіктерін алғып тастауға;

- балкондардың және лоджалардың есіктерін, көршілес секцияларға шығатын есіктерді және сыртқы шығатын эвакуациялық басқыштарды жиһазбен, жабдықтармен және басқа да заттармен үйіп тастауға;

- бензин, керосин және басқа да ТЖЗ мен ЖЗ қолдану арқылы үйді жинауға және кір жууға, сонымен қатар қатып қалған құбырларды дәнекерлейтін лампамен және басқа да ашиқ отты қолдану өдісі арқылы жібітуге;

- терезелерге темір торлар қоюға (қойма үйлерін, кассаларға, қару-жарақ бөлмелерін, мекемелер мен тұрғын үйлердің құпия бөлмелерін қоспағанда);

- өрт бола қалған жағдайда, қауіпсіздік зонасына жататын лоджалар мен балконаларды шынылауға;

- басқыш алаңдарында және дәліздерде қоймалар (шошалалар) жасауға, сонымен қатар басқыштардың астына және олардың алаңдарына заттарды, жиһаздарды және басқа да жанғыш заттарды сактауға (басқыштардың астында және бірінші, цокольдық қабаттардың астында тек қана орталық жылу және су өлшегіш жүйелері, электр қалқандары жанбайтын материалдардан қоршалып жасалған);

- өндіріс және қойма үйлерінде (V дәрежелі отқа тұрақты үйлерден басқа) антресольдар және басқа да жанғыш, қыын жанатын материалдардан және табақ металдардан үйлер салуға тиым салынады.

10) Үйлер мен құрылыштардың сыртқы өрт сөндіретін басқыштары мен төбелеріндегі қоршаулары (жабулар) дұрыс жағдайда болуы қажет және жылына екі рет олардың дұрыстығы тексеріліп отырылуы керек.

11) Эвакуация жасайтын бір ғана жолы бар үйлерде, 50-ге дейін адам саны болған жағдайда шаралар өткізуге рұқсат етіледі.

IV және V дәрежедегі отқа тұрақты үйлерде адам көп жиналған жерлерде (50-ден аса адам болған жағдайда) шараларды жүргізу тек қана 1-ші қабатында жүргізді.

12) Шатырдың терезелері, техникалық қабаттардың және подвалдардың терезелері шынылануы қажет, ал есіктері жабық күйде болуы қажет. Есігінде кілттің қай жерде екені көрсетілуі қажет.

Үйлер мен құрылыштардың подвалдары мен цокольдық қабаттарындағы жарық түсетін ойықтары жанғыш қоқыстардан тазаланып отырылуы қажет. Жарық түсетін ойықтар мен терезелер төсемдермен тұтас жабылмауы қажет.

13) Керосин шамдар (фонарлар) жақсылап бекітіліп, олардың шыныларына кигізілетін металдан жасалған қорғаныш қалпақтары болуы керек. Шамның астындағы қалпақ және фонардың қақпағы мен төбеге дейінгі ара қашықтық 0,7 м, ал жанғыш (тез жанбайтын) қабырғаларға дейін - 0,2 м. болуы қажет. Қабырғаға ілінетін керосин шамдардың (фонарлар) металдан жасалған шағылдырғыштары болуы керек және жақсылап ілінуі қажет. Фонарлар мен столдың үстінде тұратын керосин шамдар тұрақты бекітілуі керек.

14) Сұйық отынмен жұмыс істейтін жылыту және жарық беретін аспаптар, оның құжатында көрсетілген отынның түрін қолдануы қажет.

15) Көрермендер, тамақ ішетін, көрме, сауда, биржа, ғибадат және басқа да залдарда (үйлерде) мінбелерде, сонымен қатар адам көп жиналатын басқа да үйлерде эвакуациялау жолдары жобада белгіленген нормадан аспайтын немесе анықталынған есеп бойынша болуы қажет. Жобалау нормада көрсетілгендей болмаған жағдайда, есеп бойынша адамдарды залдан эвакуациялауға - 2 минут керек, ал есеп бойынша бір адамға келетін аумақ көлемі - 0,75 м².

16) Сұрту үшін пайдалынылатын материалдарды тастау үшін аузы дұрыс жабылатын темір жәшік қойылуы қажет.

Жұмыс аяқталған соң оны сыртқа шығарып төгу керек.

17) Маймен, лакпен, бояу және басқа да ТЖЗ және ЖЗ-мен жұмыс істейтін адамдардың киетін арнайы киімдері темірден жасалынған шкафтарда ілінуі керек

18) Биіктігі 1 қабаттан жоғары шыныланған үйлерде тұтін өткізбейтін жанбайтын диафрагмаларды орнатудың конструкциясын бұзуға рұқсат етілмейді.

19) Жаңа жыл мерекесін және басқа да шараларды өткізу үшін адам көп жиналатын жерлерде:

- жобалау нормасының талабына сай, терезесінде темір торы жоқ 2 қабаттан жоғары емес үйде орналасқан, эвакуациялауда шығатын екі есігі бар үйлерді

пайдалануға рұқсат беріледі;

- жаңа жыл шыршасы берік тұғырға орнатылып, оның жапырақтары қабырға мен төбеге тимеуі керек және үйден шығатын жолға бөгет болмауы керек;

- үйде электр болмаған жағдайда, елка күндіз өткізілуі керек;

- жарықпен әдемілеу ЭҚЕ-ге сәйкес орындалуы қажет.

Электрлік жарық жүйелерін төмендететін трансформаторлар болмаған жағдайда, елкаларда гирляндадарды пайдалануға болады, бірақ ол кезде электр шамын 12 В дейін сөндіру қажет;

- электр шамдарының күші 25 Вт аспауы керек, жарықтандыру кезінде, солқылдақ электр сымдарын пайдалану керек;

- жарықпен безендіру кезінде (сым қызып кетсе, шамдар жыпылықтаса, от шықса т.т.) онда дереу тоқтатылуы керек;

- шараларды өткізу кезінде, сахналарда және залдарда өртке қарсы құрылымдардың немесе өртке қарсы қызметтердің жауапты қызметкерлерінен кезекшілік үйымдастыру қажет. Шаралар өткізілетін үйлер, өрт сөндіретін құралдармен қамтамасыз етілуі қажет.

Т и ы м с а л ы н а д ы :

- иілген прожекторларды, май шамды пайдалануға және фейерверктерді жағуға, сонымен бірге өрттің шығуына әкеп соғатын басқа да өрт қауіпті жарық құралдарын қ о ю ғ а ;

- елканы целлULOИДты ойыншықтармен, сонымен қатар мақтамен және дәкемен безендіруге, жаңа жылға киетін костюмдерді өрт қауіпті матадан және мақтадан т і г у г е ;

- отқа қарсы, сырлау және басқа да жарылу өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге ;

- үйдің ішін қараңғылау үшін терезе қақпақтарын пайдалануға;

- қатарлардың арасындағы өтетін жолдардың енін азайтуға және өтетін жолдарға қосымша кресло, орындықтар және т.т. қоюға;

- спектакль және қойылымдар кезінде үйдің ішіндегі жарықтың бәрін сөндіруге ;

- үйдің ішіне белгіленген нормадан тыс адам жинауға.

3. Эвакуациялау жолдары

1) Эвакуациялау есіктері, олардың көлемі, жарық берудің жағдайы және түтін болмауды қамтамасыз ету, сонымен қатар эвакуациялау жолдарының ұзақтығы құрылыш жобасының өртке қарсы нормасына сәйкес болуы қажет.

2) Эвакуациялау жолдарының барлық есіктері сыртқа шығуда кедергісіз ашылуы қажет. Үйге адамдар келген соң есік оңай ашылатын ілгішпен ішінен жабылуы к е р е к .

- өтетін жолдарды, дәліздерді, тамбурларды, лифті холларын, басқыш алаңын, иіріммелі басқыштардың алаңын және люктер, сонымен бірге эвакуациялау кезінде шығатын есіктер жиһазбен, шкафпен, жабдықтармен, түрлі материалдармен және дайын өнімдермен үйіп тасталмауы керек;

- тамбурлардан шығатын жер (үйдің шығатын есігінен басқа) қандай конструкцияда болмасын, кір жаятын жер, киім ілетін ілгіш және шкаф жасауға, тізімнен шығарылып тасталған заттар мен материалдарды (оның ішінде уақытша)
с а қ т а у ғ а ;

- эвакуация жолдарына табалдырық, турникет, жылжымалы, көтерілетін және айналмалы есіктер және адамдарды эвакуациялауда еркін жүріп-тұруға кедергі жасайтын басқа да қондырғыларды орнатуға;

- эвакуациялау жолдарындағы (V дәрежедегі отқа тұрақты үйлерден басқасы) қабырғалар мен төбелерді, басқыш алаңдарын өндеуге, қаптауға және бояуға;

- жарық түсетін жерлерді кабинет және басқа да үй жасауға;

- басқыш алаңындағы, дәліздегі, холл және тамбурдағы өзі тың есіктерді ашиқ күйінде қалдыруға (егер бұл мақсаттар үшін автоматтандырылған қондырғылар пайдаланбаған жағдайда) сонымен қатар оларды алып тастауға;

- тұтін кірмейтін басқыш алаңдарындағы ауа кіретін зоналарды шынылауға немесе жа л ю з и м е н ж а б у ғ а ;

- өрнектелген шынымен шыныланған есіктерді жай шынымен шынылауға;

- синтетикалық жанғыш материалдардан жасалған кілемдерді және кілем төсегіштерді пайдалануға .

4) Бөлмеге технологиялық, көрмелік және басқа да құралдарды орналастыру кезінде басқыш алаңдарына өтетін және жобалау нормаларына сәйкес эвакуациялау жолдары ашиқ болуы керек.

5) Адам көп жиналатын үйлерде электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, электр фонарлары болуы керек. Фонар санын объектінің ерекшелігіне қарай, қолда барына, үйдегі адам санына қарай басшы бөледі, бірақ қызмет көрсететін кезекшіде біреуден артық болмауы керек, авариялық жарық беру алдын-ала ескерілуі керек.

4. Электр қондырғыларына қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары

1) Электр қондырғылары, электр қондырғыларын құру Ережелері - не (ЭКЕ), тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану Ережелеріне (ЭТЕ), тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік Ережелеріне және басқа да нормативті құжаттарына сәйкес құрылуы және пайдалануы к е р е к .

2) Электр двигательдері, электр шырақтары, басқару аппараттары және іске қосуды реттейтін, бақылау-өлшеуіш және қорғану аппаратурасының, көмекші құралдардың, электр өткізгіштердің және кабель жүйелерінің ЭКЕ зонасының

класына сәйкес қорғану дәрежесі, сонымен қатар айқас түйікталу және шамадан тыс токтан қорғанудың қорғану аппараты болуы қажет.

3) Ток жүретін бөлімдердің барлығы, бөлу қондырғылары, аппараттар және өлшеуіш аспаптары, сонымен бірге ажыралу үлгісіндегі қорғағыш қондырғылары, рубильниктер және барлық іске қосу құрылғылары жанбайтын негізге орнатылуы керек (мәрмер тасқа, текстолит, гетинакс т.т.).

4) Барлық үйлерде (белгісіне қарамай-ақ), жұмыс аяқталған соң барлық электр қондырғыларын және электр аспаптарын кезекші қызметкер тексеріп, сөндіреді және жабады (кезекшілік авариялық жарықтардан басқалары, өрт сөндіретін автоматты қондырғылардан, өрт және кезекші қонырауынан, сонымен бірге технологияның талабы бойынша күні-түні істейтін электр қондырғыларын қоспағанда).

5) Электр жүретін және сыртқы электр өткізгіштерінің әуе жолдарын шатырдың, қалқаның және жанғыш материалдар сақтайтын қоймалардың (қатар-қатар үйілген маялардың) үстінен салуға рұқсат етілмейді.

6) Электр қондырғыларын пайдалану кезінде тиым салынады:

- шыгарған-кәсіпорындардың кепілдемелеріне (нұсқамаларға) сәйкес келмейтін немесе өртке әкеп соқтыратын ақауы бар электр аппараттары мен аспаптарын пайдалануға, сонымен бірге бүлінген немесе қорғану қасиетін жоғалтқан кабельдер мен сымдарды пайдалануға;

- бұзылған розеткаларды, рубильниктерді және басқа да электр қондырғыларының бұйымдарын пайдалануға;

- электр шамдарын, шырақтарды қағазбен, матамен және басқа да жанғыш материалдармен орауға;

- жанбайтын материалдан жасалған тұғырығы болмаса, электр үтүгін, плиткасын, электр шэйнегін және басқа да электрмен қыздыратын аспаптарды пайдалануға;

- жүйеге өткізілген электр қыздырғыш аспаптарын, теледидарды, радиоқабылдағышты т.т. айтылған техникалық, электр жүйелерінің толассыз жұмыс істеуін қараусыз қалдыруға;

- жобаға сәйкес келмейтін, стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздырғыш аппараттарын, ерігіш калибрленбеген қондырғыларды немесе қолдан жасалған аппараттарды айқас түйікталу және шамадан пайдалануға;

- қойма үйлері, сонымен бірге жарылу және өрт қауіпті бар зоналар арқылы транзитті электр сымдарын және кабель жүйелерін өткізуге, және де жарылу, өрт қаупі бар, электр құралдарының құрылғы ережесіне сәйкес еместігі;

- барлық жарылу және өрт қауіпті үйлерде электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға;

- қорғану плафондарынсыз электр шырақтарын пайдалануға.

7) Бір құбырда, будада, құрылыш жобаларының жабық арналарында немесе бір науада бірлескен ток тізбегін, жұмыс және авариялық жарық беру, кабелдерін бір жерде ұстап рұқсат берілмейді.

8) 12.4. 026-76 ГОСТ-қа сәйкес орындалған "Шығу" жарық көрсеткіштері әрқашанда дұрыс жағдайда болып, жанып тұруы қажет. Көрермендер, көрсету, көрме және басқа да залдарда шараларды өткізу кезінде (адамдар жиналған кезде) жаңып тұруы қажет .

9) Жылжымалы электр шырақтары өте жұмсақ мыс сымнан жасалынып, шыны қалпақ кигізілуі қажет, сонымен қатар қорғағыш торлармен және іліп қоятын ілгіштермен жабдықталынуы қажет.

10) Соффиттерді пайдалану кезінде жанбайтын материалдарды қолдану қажет , ал олардың сыртын ұстап тұратын сыммен орау қажет.

Прожекторлар мен соффиттердің ара қашықтығы жанғыш материалдардан 0,5 м, ал линзалы прожекторлар - 2 м-де болуы керек. Прожекторлар мен соффиттер үшін электр фильтрлері жанбайтын материалдардан жасалуы қажет.

11) Термореттегішпен жабдықталмаған электр пештері мен электр утюгерін пайдалануға болмайды.

5. Жылу және желдеткіш жүйелеріне қойылатын өрт қауіпсіздігінің талабы

1) Пешті, жылу генераторларын және калорифтерлік қондырғыларды, басқа да жылыту аспаптарын және жүйелерін жағатын мерзім алдында олар жөндөліп, тексерілуі қажет. Бұзылған пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалануға рұқсат етілмейді.

2) Пештер мен басқа да жылыту аспаптарының өртке қарсы норма белгілеген жанғыш құрылымдардан бөлініп тұратын бөлгіштері, сонымен қатар күймейтіндей астына көлемі 0,5 X 07 м. металдан жасалған қаңылтыр салынады (ағаштан немесе басқа жанғыш материалдан жасалынған едендерге).

3) Тұтін шығатын мойындарды және пештерді от жағардан бұрын және от жағу мерзімі аяқталғанға дейін тазалап отыру қажет:

- жағатын пештер үшін үш айда бір рет;
- үздіксіз жанатын пештер мен ошақтар үшін екі айда бір рет;
- ас үйлердің плиталары мен басқа да үздіксіз (ұзак) жанатын пештер үшін айна бір рет .

4) Жағылатын қазандардың және сұйық отынмен жанатын жылу генератор қондырғыларының отын жүретін форсункаларына кем дегенде екі желдеткіш қойылуы керек: біреуі - оттығына, екіншісі - отыны бар ыдысқа.

5) Кәсіпорындар мен халықты жылдытатын қазандар мен жылу шығаратын қондырғыларды пайдалануда :

- арнайы оқымаған және тиісті кәсіби куәлігі болмаған адамды жұмысқа тараптұға ;

- от жағылатын үйлерде және жылу генераторларында 1 м ТЖЗ немесе 5 м3 ЖЗ жанғыш заттарды сақтауға;

- мұнай өнімдерінің қалдықтарын және басқа да ТЖЗ және ЖЗ, жабдықтарды пайдалануда техникалық жағдаймен қаралмаған, отын ретінде пайдалануға болмайды.

Т и ы м с а л ы н а д ы :

- жылу беретін жүйелерден сұйық отын аққан кезде (газ шыққанда) жылу шығаратын қондырғыларды пайдалануға;

- сөніп қалған форсункаларға немесе газ плитасының отын жанатын м о й ы н д а р ы н а от б е р у г е ;

- қондырғыларды алдын-ала үрлеп тазартпайынша жағуға;

- тексеру және реттеу аспаптары бұзылып немесе сөніп қалған жағдайда, сонымен қатар мүлдем болмаған жағдайда жұмыс істеуге;

- жанғыш заттарды қазандарда және бу жүргіштерде кептіруге.

6) Жанып жатқан пешті пайдалану кезінде тиым салынады:

- жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сонымен қатар тай балаларды п е ш т і қ а р а т у ғ а ;

- отынды, басқа да жанғыш заттарды және материалдарды пештің алдындағы қаңылтыраға т а с т а у ғ а ;

- пешті жағу үшін бензин, керосин, дизель отынның және басқа да ТЖЗ мен ЖЗ қ о л д а н у ғ а ;

- пештерді тағайындалмаған отынның мына түрлерімен көмірмен, кокспен және г а з б е н жағуға ;

- үйдің ішінде жиналыс және басқа шаралар өткізіліп жатқанда пешке от жағуға ;

- жеделткіш және газ арналарын тұтіндік ретінде пайдалануға;

- п е ш т і қ ы з д ы р ы п жағуға .

7) Үйлер мен құрылыштарда (тұрғын үйлерден басқаларында) от жағу жұмыс аяқталуға екі сағат қалғанда, ал аурухана мен үздіксіз адам келетін объектілерде ұйықтауға екі сағат қалғанда пешті жағу тоқтатылуы керек.

Күндіз балалар келетін балалар мекемелерінде олар келуге бір сағат қалғанда т о қ т а у ы к е р е к .

Пештен шығарылған күл, шлактар сумен сөндіріліп, арнайы бөлінген қауіпсіз ж е р г е т е г і у і к е р е к .

8) Өрт қауіпсіздігінің талабына, стандартқа және техникалық жағдайға сай келмейтін темір пештерді орнатуға рұқсат берілмейді.

Уақытша темір пеш қойылған жағдайда өрт қауіпсіздігінің мына талаптары с а қ т а л у ы қ а ж е т :

- темір пештің аяғының биіктігі 0,2 м-ден кем болмауы керек.

Пештің астындағы жанғыш едендерге балшықпен немесе асбест ерітіндісімен кірпіш төселіп, үстінен қалындығы 0,012 м болатын қаңылтыр жабылады;

- темір пешті ағаш жобаларынан, жиһаздан 1 метр, жанудан сақтау жобасы 0,7 м және жанатын оттан 1,25 м. қашықтықта орналастыру қажет.

9) Терезеден тұтін шығатын темір мұржаны шығару кезінде, оны ауыстыратын қаңылтырдан жасалған көлемі үш диаметрден кем емес тұтін шығатын мұржа сияқты, бөлімше қойылады. Мұржаның ұшын үйдің қабырғасынан 0,7 м, ал биіктігі 0,5 м етіп жасайды. Жоғарғы қабаттың терезесінен шығарылған мұржаның ұшы терезенің сырт ернеуінен шығып тұруы керек. Мұржаның басына қалпақ кигізілуі керек.

10) Төбедегі тұтін өтетін арналар, барлық тұтін мұржалары және қабырғалары әктелінүі керек.

11) Қатты отынмен жанатын тұтін өтетін мұржалары, ұшқын сөндіретін құралдармен жабдықталып, З.п. сәйкес күлден тазартылуы қажет.

Сауда мекемелерінің үйлеріне орналасқан қазандарды қатты отыннан сұйық отынға ауыстыруға рұқсат етілмейді.

12) Ауа жүретін жерлерде отқа бөгет жасайтын қондырғыларды, (жапқыштар, қақпақтар және басқалар) желдеткіш жүйелері, автоматтандырылған өрт сөндіретін сигнал беру немесе өрт сөндіру қондырғылары, өрт кезінде желдеткіштерді автоматтандырылған сөндіру қондырғылары белгіленген мерзімде тексеріліп, дұрыс жағдайда ұсталынуы қажет.

13) Ауа тазарту жүйелерін пайдалану кезінде мыналарға тиым салынады:

- желдеткіш камералардың есігін ашиқ тастауға;
- тартатын арналарды, саңлауларды және торларды жабуға;
- ауа тартатын желдеткіштерге газ жылдыту аспаптарын қосуға;
- ауа жүретін желдеткіштерде жиналған май қыртыстарын, шандарды және басқа да жанғыш заттарды күйдіруге.

14) Желдеткіш камералар, циклондар, фильтрлер, ауа жүретін құбырлар кәсіпорынның анықтаған бүйріғы бойынша, өндірістің жанғыш шандарынан және қалдықтарынан уақытында тазаланып отырылуы керек.

Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті үйлер үшін кәсіпорынның басшысымен (кәсіпкер) желдеткіш жүйелерін қауіпсіз әдіспен тазалау тәртібі жасалынуы қажет

15) Жарылу өрт қауіпті өндірістерде (қондырғылармен) су фильтрлерімен, құрғақ фильтрлермен, шаң жұтатын және басқа да желдеткіш жүйелерімен (аспирациялармен) бұзылған немесе сөніп қалған кезде жұмыс істеуге болмайды.

16) Желдеткіштерге қатты заттардың тұспеуі үшін жанғыш шандарды, талшықтарды және басқа да қатты қоспалардың қалдықтарын жоятын олардың алдына тас аулағыштарды, ал металдан жасалған заттарды алып тастау үшін -

магнитті сепараторларды қою қажет.

17) Пневматикалық көліктердің өткізгіш құбырларында және ауа жүретін жүйелерінде сол жүйелерді тазалау үшін және өрт бола қалған жағдайда оны сөндіру үшін тығыз жабылған люк болуы қажет.

Бұл люктердің, сонымен қатар бұрылыштардағы құбыр жүйесі бөлімдерінің және қабырға арқылы өтетін жерлердің арақашықтығы бір-бірінен 15 м болуы керек.

18) Ауаны, машиналар мен агрегаттарды шаңдан тазалау үшін қойылған фильтрлер бөлек үйлерге қойылуы керек.

19) Жабдықтардан үшқан шаң ауа тараған кезде, фильтрдің арқасында екі тазалаудан өтуі керек.

6. Инженерлік құрал-жабдықтардың басқа да түрлеріне қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары

1) Ақауы бар газ аспаптарын пайдалануға, газ аспаптарын және газ құбырларын ашық қалдыруға, жиһаз бер жанғыш заттарды және материалдарды газ аспабынан 0,2 м жақын қоюға рұқсат берілмейді.

2) "Өрт бөлімшелерін тасымалдауға" тағайындалған, лифтерді пайдалану, басшы бекіткен нұсқаумен белгіленіп, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен келісілуі қажет.

3) Өрт жарылу қауіпті және өрт қауіпті сұйықтарды канализация жүйесіне қоюға болмайды. ТЖЗ және ЖЗ пайдаланатын кәсіпорындардың канализация жүйелеріне орнатылған гидроқақпағы әрқашанда дұрыс жағдайда болуы қажет.

4) Сыпырынды құбырларының нығыздал жабатын жапқыштары болуы қажет.

7. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін ұстаяу

1) Өртке қарсы су құбырлары әрқашанда дұрыс жағдайда болып, өртті сөндіру үшін норма бойынша талап етілетін су шығынын қамтамасыз етуі қажет. Олардың жұмыс істеу дұрыстығы жылына екі рет тексеріліп отырылуы қажет (көктемде және күзде). Өрт сөндіретін гидранттар дұрыс жағдайда болуы керек, ал қыстың күні жылы жабылып, қар мен мұздан тазалануы қажет.

Су құбырларының жүйелерін және гидранттарды тоқтату немесе жүйедегі судың қысымын талап бойынша азайту кезінде, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріне бұл жөнінде хабарлау қажет.

Кәсіпорындарды электрмен жабдықтау үшін өрт сөндіру насостарының электр двигателдерін үздіксіз қоректендіріп отыру қажет.

2) Гидранттар мен суаттарда (су көздері), сонымен қатар соларға баратын жолдарда тиісті көрсеткіштер (улken шырақпен немесе жолақпен, жарықпен шағылысатын жабудан жасалған) қойылуы керек. Онда суатқа дейінгі жердің арақашықтығы санмен жазылуы қажет. Тұнгі уақытта өрт сөндіру гидранттары мен

суаттардың көрсеткіштеріне жарық түсіп тұруы қажет.

3) Ішкі өртке қарсы су құбырларының крандары 1,35 м. биіктікте болуы керек , өртке су себетін шлангтармен және оқпанышылармен жинақталып, өрт сөндіретін шкафтың ішінде болуы керек. Шкафтың есігінде әріппен "ПК" деген индекс, жақын жердегі өрт бөлімінің тіркеу нөмірі және телефон нөмірі көрсетілуі қажет. Есіктің ішкі жағы қызыл бояумен боялып, 12.4.026-76 ГОСТ талабына сәйкес болуы керек. Өрт сөндіретін шланг кран мен оқпанға қосылуы керек. 6 айда бір рет "ПК" сүйн жіберіп, шлангтерін қайтадан орап, тексеріп отырып қажет .

4) Насос станциясының үйінде өртке қарсы сумен жабдықтау және насостарды байлаудың үлгісі ілінуі керек. Әрбір ысырылмада және өрт сөндіретін насос-жоғарылатқыштарда оны қалай қолдану көректігі көрсетіледі. Насос-жоғарылатқышты қосу тәртібі нұсқамамен анықталынады.

Халық орналасқан пункттердің өртке қарсы су құбырларының насос станциясының үйінде мемлекеттік өртке қарсы қызметпен сөйлесетін байланысты телефоны болуы керек .

5) Су өлшегіш қондырғылардың айналмалы шегіне қойылған электр өткізгіші бар ысырылмалардың қалай жұмыс істейтіндігін жылына екі рет, ал өрт сөндіретін насостарды - ай сайын тексеріп тұру қажет.

Көрсетілген жабдықтар дұрыс жағдайда болуы қажет.

6) Объекті аумағында немесе соған жақын жерлерде (200 м. радиуста) жасанды немесе табиғи су көздеріне (өзен, көл, бассейн т.т.) өрт сөндіретін машиналар, жылдың қай уақытында болса да, су ала алатында көлемі 12x12 м. қатты жабудан жасалған алаңдар салу қажет.

Жасанды суаттардың және соларға баратын жолдардың әр уақытта дайын болуын қадағалап отыру тиісті кәсіпорындарға жүктеледі (халық тұратын пункттерде - жергілікті өзін-өзі атқару органдарына).

7) Суды қысыммен ағызатын мұнаралар өрт техникасының суды жылдың қай мезгілінде болса да алып тұруға бейімделуі қажет. Өрт сөндіруге арналған су қорын шаруашылық және өндірістік мақсаттарға пайдалануға болмайды.

8. Сигнал беру, өрт сөндіру қондырғыларын және тұтіннен қорғау жүйелерін ұстау, халықты және эвакуация басқармасын хабарландыру

1) Өрт және өрт сөндіру жөнінде сигнал беретін автоматтандырылған қондырғыларды, тұтіннен қорғану жүйелерін, өрт туралы халықты және эвакуациялау басқармасын хабарландыруда техникалық қызмет көрсету (ТҚ) және жоспарлама-ескертү жөндеу жұмыстарын (ЖЕЖ) белгілеу, жылдық-жоспар кестесіне сәйкес, дайындаушы- заводтардың жасаған техникалық құжаттарының және жөндеу жұмыстарын жүргізу есебінен жүргізіледі. ТҚ және ЖЕЖ арнайы оқытылған қызметкерлермен немесе арнайы бағытқа салынған шарт бойынша

лицензиясы бар үйымдармен орындалады.

Қондырғыларды сөндіруге байланысты, ТҚ немесе жөндеу жүргізу кезінде (хабарланған, бөлек жүйелер), кәсіпорынның басшысы (кәсіпкер) үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды, технологиялық жабдықтарды өрттен қорғау жөнінен қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

2) Диспетчерлік пункт үйінде (өрт сөндіру орны) өрт болып жатқандығы және өрт сөндіретін автоматты қондырғылардың ақаулығы туралы сигнал келіп түсken кезде қызметкердің (кезекшінің) шұғыл әрекет жасауы үшін нұсқама ілініп тұруы қажет. Диспетчерлік пункті (өрт сөндіру орны) байланыс телефонымен және қол фонарларымен (3 дана) қамтамасыз етілуі қажет.

3) Өрт сөндіретін автоматтандырылған қондырғылар әрқашанда дұрыс, дайын және жоба құжатына сәйкес болуы керек. Норма мен ережеде ескертілген жағдайды қоспағанда, автоматтандырылған қондырғыны қолмен іске қосуға болмайды.

4) Өрт сөндіретін баллондар және ыдыс қондырғылары, өрт сөндіретін заттардың қоспасы және қысымы есеп бойынша 10-тен кем болса, онда қайта з а р я д т а у қ а ж е т .

5) Суландыру спринклерлі (дринчерлі) қондырғылары, механикалық зақымдану қаупі бар жерлерде жылудың таралуына әсерін тигізбейтін және жер суару картасын өзгертпейтін мықты қоршаумен қорғануы керек.

Суландыру қондырғыларының ашылып кеткен немесе дұрыс емес бұқтырма және тығынын ауыстыруға болмайды.

6) Өрт сөндіру станциясында өрт кезінде қондырғыларды басқару туралы нұсқамамен және орау үлгісімен қамтамасыз етілуі қажет.

Басқарудың әр торабында қорғалатын үйдің үлгісі және бөлімдеріндегі суландыру қондырғыларының саны көрсетілген кесте ілініп тұруы қажет. Орау үлгісіне сәйкес ысырылма мен крандар нөмірленуі қажет.

7) Хабарландыру жүйелері өрт туралы хабарландыру сигналын эвакуациялау жоспарына сәйкес бүкіл үйге біруақытта (құрылыстарға) немесе іріктелген жеке бөлімдеріне (қабаттарға, секцияларға) хабарлауды қамтамасыз етуге тиіс.

Емделу және мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, сонымен қатар мектеп-интернаттардың үйықтайтын бөлмелерінде қызмет көрсететін қызметкөрге ғана хабарланады.

Хабарландыру жүйелерін пайдалану тәртібі оларды пайдалану жөніндегі нұсқамада және жүйелерді қолданысқа келтіруге құқы бар адамның аты жазылған эвакуациялау жоспарында анықталынады.

8) Өрт туралы адамдарға техникалық хабарлауды қажет етпейтін үйлерде, объектінің басшысы адамдарға өрт туралы хабарлаудың тәртібін анықтайды және осыған жауапты адам тағайындаиды.

9) Хабарландырушылар (дауыстап айтушылар) дауыс қаттылығын реттеусіз-ақ және алмалы-салмалы қондырғысыз-ақ жүйеге қосылады.

Хабарландыру кезінде тексті анық жеткізу және эвакуациялауды басқару үшін объектідегі ішкі радио арқылы хабар тарату жүйелерін пайдалануға болады.

9. Өрт сөндіру техникасын ұстau

1) Өрт сөндіретін машиналарды өрт сөндіру деполарында немесе осы мақсаттарға арнайы тағайындалған, оның ішінде жылуы, электр, телефон байланысы бар, едені қалың жабумен жабылған суық өткізбейтін қақпасы және басқа да қондырғылар мен жабдықтары бар бокстарда ұстau керек.

Өрт сөндіру машиналарынан өрт-техникалық құралдарын алып тастауға және өрт сөндіретін техниканы басқа жағдайларға пайдалануға болмайды.

2) Өрт сөндіру үшін қайта жабдықталған және бейімделген өрт сөндіретін машиналар мен мотопомпылар өрт-техникалық құралдармен жинақталуы керек, жанар-май, өрт сөндіретін заттар құйылып, әрқашанда дайын жағдайда болуы керек. Техниканы өрт сөндіруге тарту тәртібі аудан әкімшілігі бекіткен шығу кестесімен және өрт сөндіру үшін күш пен құралдарды тарту жоспарымен анықталынады.

3) Өрт сөндіру мақсатына бейімделген әрбір өрт сөндіретін мотопомпаның (қайта жабдықталған) арнайы дайындықтан өткен моторисі (жүргізуші) болуы тиіс. Кәсіпорындарда өрт сөндіретін мотопомпаларды өрт болып жатқан жерге жеткізу тәртібі жасалуы керек.

10. Өрт кезінде әрекет жасау тәртібі

1) Әрбір азамат өртті немесе жану белгісін көрген кезде (тұтін, күйік иісі шыққан кезде, температура көтерілген кезде т.т.) міндетті:

- тезарада телефон арқылы мемлекеттік өртке қарсы қызметке хабарлауға (бұл жағдайда объектінің мекен-жайын, өрттің шыққан жерін, сонымен қатар өзінің мекен-жайын айтуда);

- мүмкіндігінше адамдарды эвакуациялаудың, өртті сөндірудің және құнды заттарды сақтап қалудың шараларын қабылдау.

2) Өрт болып жатқан жерге келген кәсіпорынның басшысы (басқа да лауазымды адам) міндетті:

- Өрттің шыққаны туралы мемлекеттік өртке қарсы қызметке және жоғарыдағы басшыларға, диспетчерге, объекті бойынша жауапты кезекшіге қайтадан хабарлауға;

- адамдардың өміріне қауіп төнген кезде оларды құтқаруды ұйымдастыруға, ол үшін қолда бар күш пен құралдарды пайдалануға;

- автоматтық жүйенің өртке қарсы қорғанысының жұмыс істеуін тексеріп, адамдарды өртті сөндіру, тұтінге қарсы қорғаныс туралы хабарландыру;

- қажет болған жағдайда (өрттен қорғану жүйелерінен басқасын) электр энергиясын сөндіруге, жұмыс істеп тұрған қондырғыларды, агрегаттарды, аппараттарды тоқтатуға, газ, бу, су коммуникацияларын жабуға, желдеткіштерді тоқтатып қоюға, үйдің ішінде өртті және тұтінді болдырмауға мүмкіндік туғызатын шараларды орындауға;

- үйдің ішіндегі жұмыстың барлығын тоқтатуға (егер ол өндірістің технологиялық процесіне қайшы келмесе) өртті жою жөніндегі шараларға байланысты жұмыстардан басқасын;

- қауіпті зонадағы өртті сөндіруге қатыспайтын қызметкерлердің барлығын тысқары жерге апаруға;

- өртті сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелері келіп жеткенше жалпы басшылық жасай тұруға (объектінің өзіне тән ерекшеліктері есебінен);

- өрт сөндіруге қатысқан қызметкерлердің қауіпсіздік талабын сақтауды қамтамасыз етуге;

- өртті сөндірумен қатар эвакуациялауды ұйымдастыруға және материалдық құнды заттарды көрғауға;

- мемлекеттік өртке қарсы қызметпен кездесу ұйымдастырып өртке жақынырақ барудың және өртке қарсы сумен жабдықталудың қыска жолдарын таңдауға көмектесуге.

3) Өрт сөндіру бөлімшелері келіп жетken кезде, кәсіпорынның басшысы (немесе оның орнындағы адам) өрт сөндіретін басшыға объектінің жобасы және технологиялық ерекшеліктері жөнінде, оларға іргелес құрылыштар, олардың саны және объектідегі қолданып жүрген және сақталынып жатқан қауіпті, жарылу қауіпі бар жарылғыш, қатты әсер ететін уланғыш, радиоактивті заттар, материалдар, бұйымдардың өрт қауіпті қасиеттері жайында хабарлауға, сонымен қатар өртті сөндіруге және оның дамуын ескертуге байланысты қажетті шараларды қолдануда объектінің күші мен құралын тартуды ұйымдастыруға міндетті.

4) Объектіде болған әр өртке әкімшілік өрттің шығуы мен дамуына себеп болған жағдайды түсіндіруге және қажетті сақтандыру шараларын жүзеге асыруға міндетті.

2. Елді мекендер

1) Ормандарға жақын орналасқан елді мекендер үшін орманда өрт болған кезде оның үйлер мен ғимараттарға жайылу мүмкіншілігін болдырмайтын шаралар дайындалып, жасалынуы қажет (өртке қарсы қорғану алқаптарын жасау, ағаштар отырғызу, жазда құрғақ ағаштарды алып тастау). Көктем-жаз мерзімдерінде ауылдық жерлерде өрттің шығуын болдырмайтын шараларды дайындау, қолдану қажет.

2) Ауылдық жерлерде әр үйдің алдында (қақпасында) құрал-саймандардың суреті салынған кесте ілулі тұруы керек, бұл үйлердің тұрғындары осы құралдармен өрт сөндіруге келулері қажет.

Әр үйдің жанына суы бар ыдыс (бөшке) қойылуы қажет. Үйлердің жанында төбеге шығатын қосымша басқыш болуы керек, ал шатырдың ішінде сыртқа шығатын басқыш болуы керек.

3) Ауылдағы халық орналасқан пункттердің аумақтарында, блок-контейнерлі үйлердің, сая-жай және бау-бақша поселкелерінде өрт болған жағдайда халыққа хабарлайтын дыбыстық сигнал беретін құралдарды орнату және өрт сөндіру үшін запас судың болуы қажет, сонымен қатар мемлекеттік өртке қарсы қызметті шақырудың тәртібі анықталынуы қажет.

4) Сарай, гараж және басқа да құрылыштардың (жапсыра салынған үй) құрылышы өрт қауіпсіздігінің нормасына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

5) Көктем-жаз өрт қауіпті кезеңдерде өрт сөндіру депосының жанында өрт сөндіру құрылымдарына, өрттен қорғау күзетіне т.т. көмек ретінде ауылдағы кәсіпорындардың азаматтары мен қызметкерлерінен кезекшілік ұйымдастыру қажет.

6) Елді мекендер және бөлек орналасқан объектілер мемлекеттік өртке қарсы қызметке өрт туралы хабарлау үшін телефон немесе радио байланысымен қамтамасыз етілуі қажет. Таксофондардағы "01" байланыс жүйесін ақылы қызмет көрсететін етіп жасауга болмайды.

3. Адамдар тұратын үйлер

1) Тұрғын үйлердің және жатақханалардың бөлмелерінен жарылу өрт қауіпті материалдарды және заттарды сақтайтын қойма және шеберхана жасауга, сонымен қатар оларды пайдалану үшін жалға беруге болмайды.

Тұрғын үйлер мен пәтерлерде 10 л. артық ТЖЗ және ЖЗ және 12 л. артық ГЗ сақтауға болмайды. Балкондар мен лоджаларда ТЖЗ мен ГЗ сақтауға болмайды.

2) Баллонды газ қондырғыларын (бөлек 12 л баллондарды) ас үйлердегі газды жағатын отын ретінде және басқа да жағдайда қолдану кезінде:

- егер қондырғының құрамында екі баллоннан артық болмаса, екі қабат үйдің сыртынан немесе ішінен;

- қондырғының құрамында екі баллон болса, онда үйдің сыртынан орнатады.

Екі қабат үйлерге газ жүргізу кезінде баллонды үйдің ішінде мынадай жағдайда:

- жаңа салынған үйде төрт пәтерден артық болмағанда;
- бұрыннан салынған үйлерде сегіз пәтерден артық болған жағдайда орнатуға болады.

Баллонды газ қондырғыларын үйдің сыртына орналастырған жағдайда оларды жанбайтын материалдан жасалған шкафтар ішіне сақтау қажет.

Тікелей газ баллондары қойылатын үйлердің қабырғаларының отқа тұрақты III - III а дәрежесінен кем болмауы керек.

Баллонды газ қондырылары терезе ойығы мен есік тесігінен мынадай қашықтықта болуы қажет:

- тұрғын үй және өндіріс үйлерінде;

отқа тұрақтылығы I және II дәрежелі - 8 м;

отқа тұрақтылығы III, III а және III б дәрежелі - 10 м;

отқа тұрақтылығы IV, IVa және V дәрежелі - 12 м;

- қоғамдық үйлер - 25 м.

Тұрғын үйдің қасына ара қашықтықтары бір-бірінен 15 метрде болатында 3 топталған баллон қондырысын қоюға болады.

Қоғамдық және өндіріс үйлерінің жанына бір топтағы қондырыларды орнатуға болады.

3) Сая жайлардағы үйлерді ұзак уақытқа жапқан кезде электр жүйелерін сөндіріп, газы бар баллондардың қақпақтарын тығыздап жабу керек.

4) Мейманханаларда, мотелдерде, кемпингтерде және жатақханаларда өрт қауіпсіздігінің ережелері қазақ және орыс тілінде жазылған жарнама болуы керек. Ол жерлерде шетел азаматтары тұрған жағдайда жарнама бірнеше тілде жазылуы керек. Келген адамдардың барлығы сонымен таныс болуы керек (қол қояды).

5) Мейманханаларда, мотелдерде, кемпингтерде және жатақханаларда, өрт бола қалған жағдайда адамдарды эвакуациялаудың жекеленген жоспары ілініп, онда бөлмелердің нөмірі жазылуы керек.

6) Мейманханаларда, мотелдерде, кемпингтерде және жатақханаларда қыздырғыш аспаптарды (электр шэйнегін, су қайнатқыштарды, утюгті, электр плиталарын және т.б.) пайдалануға болмайды, оған тиым салынғандығын көрсететін жазулар, белгілер болуы керек.

7) Тұрғын үй қабатындағы мейманхана үйлерінен қойма, офис, кеңсе жасауға болмайды.

8) Өрт бола қалған жағдайда, тұрып жатқан адамдарды эвакуациялау үшін мейманхана қызметкерлерін жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету қажет (демалатын маска, противогаз).

9) Әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерінде (мектеп-интернattарда, мүгедектер және кәрі адамдар тұратын үйлерде, балалар үйінде) қызметкерлер тәуліктік кезекшілік етулері қажет. Кезекшіде барлық эвакуациялық шығатын есіктердің кілттері болуы керек, ал екінші жинағы кезекшінің бөлмесінде сақталуы қажет.

Тұнде жұмыс істейтін кезекшілерге (кузетшілерге) ұйықтауға немесе

мекемеден басқа жаққа кетуге болмайды. Дәліздерде, холлдарда және басқа да эвакуациялау жолдарына кереует қоюға болмайды.

4. Әкімшілік үйлері

1) Әрбір әкімшілік үйлерінде барлық заттар шаруашылығының жағдайына жауап беретін маман тағайындалуы керек.

2) Электр плита, электр шэйнек және басқа да қыздырғыш аспаптарды пайдалану кезінде төмендегі мына талаптар орындауды тиіс:

- электр қыздырғыш аспаптары жанбайтын берік тұғырыққа бекітіліп, шығатын есікке қарама-қарсы қойылуы қажет;

- электр қыздырғыш аспаптары қойылған жердің ара қашықтығы жиһаздардан және басқа да жанғыш материалдардан 1 метр болуы керек;

- жұмыс істемейтін уақытта электр қыздырғыш аспаптарын қосатын жерлер сөндірілуі тиіс;

- электр қыздырғыш аспаптары зауыттан шыққан болуы керек. Қыздырғыш элементтерін ашиқ қолдануға болмайды.

3) Конференция - өткізетін залдарда және соларға теңестірілген 50 адам сиятын үйлерде кем дегендे екі эвакуациялау шығатын жері болуы керек.

4) Архивтердің, кітапханалардың, машина басатын бюролардың қағаз көбейтетін цехтардың, шеберханалардың және басқа да көмекші шаруашылықтардың қабырғалары мен төбелерін жанғыш материалдармен жасауға болмайды.

5) Өрт шыққан кезде қызметкерлерді ойдағыдай эвакуациялау үшін жоспар жасалынуы қажет.

5. ЭЕМ, есептеу орталықтарының үйлері және гимараттары

1) Хабарды, перфокартты, перфолентаны, магнитті лентаны және магнитті дискілердің пакеттері жеке бөлмеде жанбайтын стеллаждары мен шкафтараты бар жерде сақталынуы қажет. Перфокартты, перфоленталарды және магнитті ленталарды стеллаждарда темірден жасалынған кассеталарда сақтау қажет.

ЭЕМ машина тұратын залдарында қандай да болмасын заттар мен материалдарды сақтау үшін шкафттар болмауы керек.

2) ЭЕМ машина залдарының астынан не үстінен жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті үйлер мен қоймалар салуға болмайды.

ЭЕМ залдарымен іргелес етіп А және Б категориясындағы жарылу өрт қауіпті және үйлерді салуға болмайды.

3) ЭЕМ блоктарын тікелей машина залында жөндеуге болмайды.

4) ЭЕМ машина залында сынбайтын, қақпағы тығыз жабылатын ыдыста ұсақ жөндеулер және ТО машиналарын жөндеу үшін 0,5 л. ТЖЗ сақтауға болады.

5) ЭЕМ машиналарын зерттеу және тексеру үшін пайдалынатын жүйеге өткізілген радио электронды аппаратураны қараусыз қалдыруға болмайды.

6) Тоқсан сайын бір рет агрегаттар мен кабельді каналдардың және еден аралығындағы бос жерлерді шаңнан тазартып отыру қажет.

6. Ғылыми мекемелер және оқу орындары

1) Тәжірибе (эксперимент) жасайтын қондырғыларда өрт қауіпті және өрт қауіпті заттармен материалдарды қолдануға байланысты жұмыс істеуге, оларды комиссия қабылдап алғаннан кейін кәсіпорынның шығарған бүйрекі бойынша рұқсат беріледі. Комиссия олардың жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті дәрежесін анықтайды және оларды әр үйлерге қою мүмкіндігі жөнінде қорытынды шығарады.

2) Зерттеу жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінен ғылыми басшы (жаупты орындаушы) қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

3) Лабораториялар мен үйлерде ТЖЗ мен ЖЗ жұмыс қажеттілігіне жететіндей сақтауға болады. Буға айналған сұйық заттарды сорып алатын шкафтарда, оның ішіндегі жанған булардың концентрациясы рұқсат етілетін жарылу қауіпті концентрациядан (екі есе) төмен болуы керек. Үйге сұйық заттарды жабық, қауіпсіз ыдысқа құйып әкелу керек.

4) Егер соратын шкафтардың ішінде операцияға қажетті емес заттар, материалдар және жабдықтар болса, сонымен қатар ол дұрыс жұмыс істемесе немесе желдеткіш жүйесінен алынып тасталса, онда жұмыс істеуге болмайды.

Столдардан ағатын сұйықтарды болдырмау үшін астаулар дұрыс жұмыс істеуі керек.

5) Соратын шкафтардың тез жанатын заттармен жұмыс істейтін ағаштан жасалған жақ бөлігі оттан қорғайтын лакпен сырлануы керек немесе жанбайтын заттармен жабылуы керек.

6) Жұмыстың аяғында пайдаланып болған ТЖЗ және ЖЗ арнайы ауа кірмейтін ыдысқа салып лабораториядан шығарып тастау керек.

ТЖЗ және ЖЗ канализацияға қоюға болмайды.

7) ТЖЗ және ЖЗ жұмыс істеген ыдыстарды, жұмыс біткеннен кейін өрт қауіпсіз ерітінділермен жуылуы керек.

8) Мектеп үйлерін оқу басталар алдында құрамында мемлекеттік өртті қадағалаудың қызыметкері бар тиісті комиссиясы қабылдап алады.

9) Оқыту сыныптарында және кабинеттерінде шкафтарда, стеллаждарда сақталатын оқу процесіне қажетті жиһаздарды, аспаптарды, ұлгілерді, керек-жарақтарды, құрал-жабдықтарды т.т. ғана қоюға болады.

10) Оқыту сыныптары мен кабинеттеріне қойылатын парталардың (столардың) саны жоба белгілеген нормадан аспауы керек.

11) Оқушылармен және студенттермен жыл сайын тұрмыста және өрт болған жағдайда өрт қауіпсіздігінің ережесін қалай пайдалану жөнінен жылына 4 сағат сабак (әңгіме) өткізу ұйымдастырылуы қажет. Төменгі сыныптың

окушыларымен өртке қарсы тақырып бойынша жылына екі рет әңгіме өткізу, ал мектеп жасына дейінгі балалармен - ойын ойнау арқылы сабак өткізу қажет.

12) Сабак біткен соң кабинеттердегі, лабораториялардағы және шеберханалардағы барлық жарылу өрт қауіпті заттар мен материалдарды бөлек үйге қойылған жанбайтын шкафттарға (жәшіктерге) салу қажет.

7. Мектепке дейінгі балалар мекемелері

1) Ағаштан салынған балалар сауықтыру лагерлері бір қабаттан тұруы керек. Каркастан салынған үйлер майлануы керек және жанбайтын төбесі болуы керек.

2) Т и ы м с а л ы н а д ы :

- мектепке дейінгі балалардың пайдаланып жүрген үйлерін жалға беруге;
- үйді жанғыш материалдармен (қамыспен, тольмен және т.т.) жабуға;
- балаларды ағаш үйдің мансардасына, сонымен қатар қабатта, үйде эвакуациялау шығатын жері жоқ үйлерге орналастыруға;
- мектепке дейінгі балалар мекемелерін тұрғын және қоғамдық үйлерге орналастыруға ;
 - лагерь үйлерінде ас үй, кір жуатын үй жасауға;
- жанғыш жобамен жасалынған үйлерде 50-ден аса балаларды орналастыруға;
- 50-ден аса адам сиятын мектепке дейінгі балалар үйінде пеш жағуға;
- жаз кезінде балалар бар үйлерде пеш жағуда керосин және электрмен қыздыратын аспаптарды қолдануға.

3) Балалар сая жайы және сауықтыру лагерлері, өрт бола қалған жағдайда телефон байланысымен, қауіп-қатер дабылымен және өрт сөндіретін құралдармен қамтамасыз етілуі қажет. Тұнгі уақытта қызметкерлерден кезекші тағайындау қажет. Кезекші отыратын бөлмеде телефон болуы керек.

8. Мәдени-ағарту және ойын-сауық көрсететін мекемелер

1) Адам көп жиналатын театрларды, цирктерді, кинотеатрларды, мәдени сарайларын, діни мекемелерді, мұражайларды, кітапханаларды және басқа да азаматтық обьектілерді, сонымен қатар 1000 адам жиналатын стадиондарда нормативті құжаттардың өрт қауіпсіздігінің талабына сай келген және мемлекеттік өртті қадағалау органдары рұқсат берген жағдайда ғана пайдалануға беріледі .

2) Занды тұлғалар шетел фирмаларымен шарт (келісім) жасасу арқылы гастролдер, ойын-сауықтар және көрмелер ұйымдастыруда Қазақстан Республикасында қолданып жүрген өрт қауіпсіздігінің талабын бейнелеулері қажет .

3) Мұражайларда және сурет галереясында экспонаттарды және басқа да құнды заттарды эвакуациялаудың жоспары, ал цирктерде және хайуанаттар зоопаркінде - хайуанаттарды эвакуациялаудың жоспары жасалынуы қажет.

4) барлық мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелері ашылар кезінде өрт қауіпсіздігінің талабына сай тексеріліп, ведомствоаралық комиссиямен және жергілікті құрылған өзін-өзі басқару органдарымен қабылдануы қажет.

5) Көрермендер залындағы және трибуналардағы барлық креслолар мен орындықтар өзара қатар-қатар біріктіріліп, еденге бекітілуі қажет. Лоджалардағы 12 орындық орындардағы креслолар (орындықтар) лоджадан шығатын бөлек есігі болған жағдайда бекітілмейді.

200 орындық көрермендер залын би кеші үшін пайдалануда, орындықтарды өзара бір-біріне біріктіргені болмаса, еденге бекітілмейді.

6) Театрдың, клубтың ағаштан жасалынған сахнаның қораптары (декорация бекіткіштері, сахнадағы төсемдері, жұмысшы мінбелері т.т.б.) салынып жатқан кезінде антипиренмен дымқылдануы керек. Көрсетілген жобалар, сонымен бірге жанғыш декорациялар, сахна және көрме безендірулери, көрермендер және экспозициялық залдардағы, фойлердегі, буфеттердегі перделер мерзім-мерзім отқа қарсы құрамдармен тазаланып отырылуы қажет. Мекеменің басшысында осы жұмысты орындаған ұйымның дымқылданырған күні, айы жазылған және өнделу сапасы тексерілген тиісті актісі болуы керек.

7) Театр ойын-сауық мекемелерінің сахна қораптарының шегінде бірмезгілде декорация мен сахналық құралдар екі спектакль үшін тұра алады. Сахнада декорацияның сақталынатын орындары анық белгілермен көрсетілуі қажет.

Декорацияны, бутафорияны, ағаш ұсталарын және басқа да мұліктерді трюмдарда, декорация бекіткіштерінде және жұмыс алаңында (галереяда), сонымен бірге көрермендер залының подвалында сақтауға болмайды.

8) Сахнадағы қойылымдардың айналасын безендіру кезінде ені 1 м. еркін өтетін айналма жер болуы керек.

Спектакль біткен соң сахнадан барлық декорация мен бутафорияны бұзып алып, арнайы қоймаларға (қораларға, сейфтерге т.т.б.) апару қажет.

9) Сахнада темекі тартуға, ашық отты (шырақты, балауыз шамды, канделябрды т.т.б.) иілмелі прожекторларды, фейерверктерді және басқа да оттың түрлерін пайдалануға болмайды.

10) Сахнаның планшетінде өртке қарсы шымылдықты түсіретін шекараны көрсетіп сызылған қызыл сызық болуы керек. Сахнаны безендіретін декорация және басқа да заттар бұл сызықтан аспауы керек.

11) Спектакль (дайындық) біткен соң өртке қарсы шымылдық түсірілуі керек. Өртке қарсы шымылдық түсірілген кезде сахнаның планшетін эластикалық жастық сияқты тығыз қабысып тұруы қажет. Бүйір жағындағы қабысқан жері және өртке қарсы шымылдықтың жоғарғы жағы (көтеріліп-түсірілетін) герметизациялауда ол тығыздалып құммен жабылады.

12) Тұтін шығатын люктердің қақпақтары қыс мезгілінде жылы оралынады

және он күнде бір рет қалай жұмыс істейтіндігі тексеріліп отырылады.

14) Ашық алаңда қажет болған жағдайда арнайы отты пайдалану үшін жауапты қоюшымен (бас режиссермен) мемлекеттік өртті қадағалау органдарының келісімі бойынша өртті ескерту жөнінен шаралар дайындалып, жүзеге асырылуы қажет.

15) Адамдарды эвакуациялауға арналған есіктердің барлығында "Шығу" деп жазылған жасыл шынылы белгі беретін фонарлар болуы керек.

Қолданып жүрген нормативті құжаттарға сәйкес көрермендер, көрме, экспозициялық және оқу залдарына, фойелерге, вестибюлдерге және басқа да адам көп жиналатын жерлерге төсөлінетін кілемдер мен кілемнен жасалынған төсеніштер қатаң түрде еденге бекітілуі керек.

9. Сауда объектілері

1) Сауда залдарында және эвакуациялау жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, бүмаларды және контейнерлерді уақытша сақтауға болмайды. Жиналған сайын күнделікті алынып тасталынып отырылуы керек. Үйдің терезелерінің алдында жанғыш ыдыстарды үйіп тастауға болмайды.

2) Терезесі жоқ, тұтін тартпайтын үйдің ішіне немесе шахтаға жанғыш заттар мен бірге жанбайтын заттарды сақтауға болмайды.

3) Өрт шығу қаупі бар сірінке, иіс суды, этірді, аэрозольді, басқа тауарлардан бөлеқ арнайы үйлерде сактау қажет.

4) Сауда кәсіпорындарында мыналарға тиым салынады:

- сауда залдарында сатып алушылар болған кезде отпен жасайтын жұмыстарды жүргізуғе;

- басқа жағдайға тағайындалған бөлмелерде ТЖЗ, ЖЗ, ЖГ (газ бар баллондарды, бояуларды, лактарды, ерітінділерді, тұрмыстық химия тауарларын), аэрозольді байламдарды және т.т.б., оқ-дәрінің және пиротехникалық бүйімдарды сатуға;

- өрт қауіпті тауарларды сататын бөлімдерді, секцияларды шығатын жерден, басқыш алаңдарынан және эвакуациялаудың басқа жолдарынан 4 м. жерге орналастыруға;

- эвакуациялау жолдарына және басқыш аландарына сағат жөндеу пунктін, ойма шеберханасын және басқа да шеберханаларды, сонымен бірге дәрі, газет, кітап сататын дүнгіршектерді орналастыруға:

- сауда залдарында аюе шарларын толтыруүшін ЖГ баллондарын орнатуға.

- басқыш аландарында, тамбурларда және басқа да эвакуациялау жолдарында сауда, ойын аппараттарын орнатуға және тауарлар сатуға;

- 15 000-нан аса аэрозольді бүмаларды сақтауға;

- 14 жасқа дейінгі балаларға сіріңке, басқа да өрт қауіпті тауарларды сатуға;

- қатты отынмен жанатын пешті газ тәрізді және сұйық отынға ауыстыруға.

5) Ереже бойынша, үлкен дүкендердің жоғарғы қабаттарында тез жанатын материалдарды және өрт қауіпті тауарларды (аэрозольді ыдыстардағы парфюмерия, пласмассадан және синтетикалық материалдардан жасалған бұйымдарды т.т.б.) сататын бөлімдер орналастырылады.

6) Отімді тауарларды сату кезінде басшы (кәсіпкер) сатып алушылардың қауіпсіздігі жөнінен қосымша шаралар (сауда залдарына кіретін адамдардың санын шектеуге, қосымша кезекшілер қоюға) қабылдауға міндettі.

7) Белгіленген тәртіп бойынша, жергілікті өкімет органдарының келісімен, ашық аландарда немесе үйлерде (ғимараттарда) ұйымдастырылған киім-кешек рыногі өрт қауіпсіздігінің төмендегідей талаптарына жауап береді:

- сауда құралдары қатарлардың бойымен эвакуациялау жолдарына шығатын 2 м. жерді қамтамасыз етуі керек;

- сауда қатарларынан әр 30 м. жерде ені 1,4 м. шығатын көлденен жолдар болуы керек;

- басқыш аландарында, холлдарда және дәліздерде сатуға;

- үйдің (ғимараттың) ішіне рынокті орналастыру олардың өрт қауіпсіздігін арттырмауы керек және бұл үйлерге белгіленген өрт қауіпсіздігінің талабын бұзуға .

8) Үйлер мен ғимараттарға орналасқан дүңгіршектер мен ларектар (егер ол нормативті құжаттарға қайшы келмесе) жанбайтын материалдан болуы керек.

9) Жұмыс уақытында тауар түсіру және тауар арту, сатып алушыларды эвакуациялау жолдарына байланысты емес басқа жолдармен жүзеге асырылуы керек .

10) Тұрмыстық химия тауарларын, лактарды, бояуларды және басқа да әрқайсысы 1 л. шыны ыдысқа құйылған ТЖЗ, ЖЗ, сонымен қатар сыртында "өрт қауіпті", "отқа жақын шашуға болмайды" деп ескертіліп жазылған қағазы жоқ тауарларды сатуға болмайды .

Өрт қауіпті тауарларды орау осы мақсаттарға арналған арнайы үйлерде жүзеге асырылады .

11) Керосин (ТЖЗ $t < 61^{\circ}\text{C}$), пешке жағатын отынды және басқа да тез жанатын және жанғыш сұйықтарды, бөлек тұрган жанбайтын материалдан салынған үйлерде сақтауға және сатуға болады. Бұл үйлердегі едендердің деңгейі жобадағы өлшемнен төмен болуы керек, авария болған жағдайда сұйық ақпайтындаі, едендер жанбайтын материалдан жасалынуы керек. Аталған

Үйлерде пеш жағылмасы керек.

12) Сауда залдарының ортасы, керосин (ТЖЗ, $t < 61^{\circ}\text{C}$), пешке жағатын отын және басқа да тез жанатын, жанғыш заттар құйылған ыдыстар тұратын бөлмелерден қалқаланып бөлінеді. Ыдыстардың көлемі (резервуарлар, бөшкелер)
5 куб. м. аспауы керек.

13) Резервуарлардан ЖЗ үлестіретін бактарға құятын құбырлар, қозгалмайтындағы бекітілуі керек және үлестіретін бакпен ыдыста бұрандасы болуы керек. Үлестіретін бактың көлемі 0,1 куб.м. болуы керек. Құбырлар мен ыдыстар екі жерден жерге қосылуы керек. Жерге қосылғаның электр тогына қарсылығы жылына бір рет тексеріліп отырылуы керек.

14) Керосин (ТЖЗ, $t < 61^{\circ}\text{C}$), пешке жағатын отын және басқа да тез жанатын және жанғыш сүйиқтарды қоятын столды, ұрған кезде от шықпайтындағы металдан жасалған қаңылтырмен қаптайды.

15) Керосин сататын үйлерде орайтын материалдарды (жаңқа, қағаз, сабан т. т. б.) сақтауға болмайды.

Керосиннің және басқа да ЖЗ ыдыстары арнайы қоршалған аландарда сақталынуы керек.

16) Автоцистернадан керосинді сату жақын тұрған үйден, жердің рельефіне байланысты 15 м. қашықтықта сатылуы тиіс.

17) Оқ-дәріні (окты, капсулді, жабдықталған патрондар) және пиротехникалық бұйымдарды арнайы дүкендерде сатуға рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда оқ-дәрі және пиротехникалық бұйымдарды сататын секциялар дүкеннің жоғарғы қабатында болуы керек. Бұл дүкендердің жылыту жүйесі орталықтанған болуы керек.

18) Оқ-дәрі мен пиротехникалық бұйымдар, үйдің ішінде өртке қарсы жабулармен қоршаған темірден жасалған шкафтардың ішінде сақталуы қажет. Бұл шкафтарды үйдің подвалына қоюға болмайды.

19) Әрбір сауда үйінде екі шкафтан болуы керек: біреуі - оқ сақтау үшін; екіншісі капсулдер және жабдықталған патрондар үшін. Оқты капсулмен немесе жабдықталған патрондармен бір шкафта сақтауға болмайды.

20) Оқ заводтың жасап шығарған қағазымен ғана сатылады. Оқ-дәріні заводтан шыққан орамымен болмаса, үйдің қоймасына енгізуге болмайды.

21) Тікелей дүкен үйлеріне түтінді оқтың (50 кг.) бір жәшігін, түтінсіз оқтың бір жәшігін (50 кг) және 15 мың. жабдықталған патрондарды сақтауға болады. Дайындастын кенселерге 200 кг. оқ сақтауға рұқсат беріледі.

10. Стационары бар емдеу мекемелері

1) Емдеу мекемелерінің басшысы ауру адамды ауруханадан шығаруға үйғарғаннан кейін әр мекеме үйлерінде қалған аурулардың саны туралы мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшесіне хабарлауға міндетті.

2) Ауылдық жердегі емдеу мекемелерінде жиылмалы басқыштар, бір қабатты үйге бір басқыш есебінен.

3) Ылғи да адам көп келетін аурухана үйлері мен мекемелерінде өздері қозғалып жүре алмайтындар үшін зембілдермен, бес ауруға (мүгедекке) бір зембіл есебінен қамтамасыз етілуге тиіс. Ауруханадағы өте қатты науқастар мен балалардың бөлмелері тәменгі қабатта болуы қажет.

4) Аурухана бөлмелеріндегі кереуеттердің бір-бірінен ара қашықтығы 08м, ал ортадағы өтетін жердің ені - 1,2 м. болуы керек. Орындықтар, столдар және басқа да жиһаздар эвакуациялау жолдарын жаппау керек.

5) Бөлмелерге оттегі, ереже бойынша орталықтанған бөлек тұрған баллон қондырғыларынан (10 баллоннан кем болмау керек) немесе орталықтанған оттегі пункттерінен (10 баллоннан асқан жағдайда) беріледі.

Орталықтанған оттегімен қамтамасыз ету болмаған жағдайда, ішінде оттегі бар жастықты пайдалану тәртібі мекеменің бұйрығы бойынша анықталынады. Бір оттегі баллонымен рампаны мекеме үйінің жанбайтын қабырғасына жанбайтын шкафтың ішіне орнатуға болады.

6) Т и ы м с а л ы н а д ы :

- ауруларға арналған үйге ауру процесіне байланысты емес орналастыруға (жобалау нормасында анықталғаннан басқа) немесе басқа жағдайлармен жалға б е р у г е ;

- дәліздерге, холлдарға және эвакуациялау жолдарына кереует қоюға;

- аурулар мен қызметкерлері бар үйлердің терезелеріне металдан жасалған торлар қ о ю ғ а ;

- ағаштан жасалған қабырғаларын және төбелерін қағазбен жапсыруға және оларды нитро- немесе майлы бояумен сырлауға;

- жанған кезде улы заттар бөлестін материалдарды үйді өндеу үшін пайдалануға ;

- емдеу мекемелерінің үйіне оттегі бар баллондарды орнатуға және сақтауға;

- аурухана бөлмелеріне баллондардан оттегін беру үшін резенке және пласмассадан жасалған шлангтерді қолдануға;

- ақауы бар электр құралдарын емдеу үшін пайдалануға;

- аурухана бөлмелерінде жағатын пеш санлауларын орнатуға;

- емдеу мекемелерінің подвалдарына және цокольдық қабаттарынан шеберхана, қ о й м а а ш у ғ а .

7) Су қайнатқыш, су жылытықты титандарды орнатуды, дәрігерлік аспаптарды стерилдеуді, сонымен бірге параффинді жылытуды осы мақсаттар үшін арнайы жасалынған үйлерде жасауға рұқсат беріледі. Аспаптарды қайнату үшін жабық спиралі бар стерилизаторлар қолданылады. Бұл мақсаттар үшін керогаз, керосинка және примустарды қолдануға болмайды.

8) Ереже бойынша, жалпы аурухана үйінің бөлігіндегі дәріхана бірінші қабатта, сыртқа шығатын бөлек есігі бар, басқа бөлмелерден жанбайтын қабырғалармен бөлінген болуы керек.

Басқа жағдайда пайдаланатын үйлерге орналасқан дәріханаларда тез жанғыш және жанғыш сұйықтардың жалпы саны 100 кг. аспауы қажет.

Дәріханаларда оттегісі бар екі баллон ғана сақтауға болады.

9) Дәрігерлердің кабинетінде, лабораторияларда, бөлімдерде дәрі-дәрмекті, реактивті (ТЖЗ - спирт, эфирге жататындар т.т.) арнайы металдан жасалған жабылатын шкафтарда, жалпы саны 3 кг. сақтауға рұқсат беріледі.

10) Пешпен жағылатын, каркас-қамыстан салынған үйлерде 25-тен аса үлкен аурулар мен балаларды жатқызуға болмайды.

11) Салмағы 300 кг-нан артық рентген суреттерін сақтайтын архив қоймасы бөлек үйге орналасады, ал салмағы 300 кг-нан кем болса, онда өртке қарсы қабырғалармен және 1 үлгідегідей жабулармен қоршалады. Рентген сақтау қоймасының терезесінің ара қашықтығы көрші үйдің терезесінен 15 м. болуы к е р е к .

Архив сақтау қоймасының бір бөлігінде 500 кг. артық пленка сақтауға болмайды. Әр бөлімнің тартатын жеке жеделткіші болуы керек. Бөлімдердің есігі өртке қарсы жасалынған болуы керек және сыртқа қарай ашылуы керек. Архивтің терезесі мен еденінің арасы 1:8 болуы керек.

Архивке жылу орталықтан келеді. Оның ішіне бүмен жағылатын металдан жасалынған пеш, мұржасы бар темірден жасалған пеш қоюға болмайды.

Қойманың ішіне электр қалқандарын, сөндіретін қондырғыларды, электр қонырауларын, штепсельдік біріктіруді орнатуға болмайды. Жұмыс жоқ кезде қоймадағы электр өткізгішті алып тастау керек.

12) Үйде салмағы 4 кг. пленка мен рентгенограмманы металдан жасалған шкафта (жәшіктे) ал архивтен тыс жерлерде шкаф жылтытатын аспаптардан 1 м. қашықтықта тұруы керек. Мұндай шкафттар тұратын бөлмелерде темекі тартуға және жылтытатын аспаптарды қоюға болмайды.

13) Архивтерге металдан жасалған (ағаштан жасалып, темірмен қапталған) фильмостаттар немесе шкафттар қойылып, ұзындығы және ені 0,5 м. бөлімдерге бөлінеді. Шкафтан қабырғаға, терезеге, еденге дейінгі ара қашықтық 0,5 м. болуы керек. Әр бөлімнің металдан немесе ағаштан жасалып, темірмен қапталған есігі болуы керек.

11. Өнеркәсіп кәсіпорындары

1. Ж а л п ы т а л а п т а р

1) Технологиялық процестер техникалық пайдалану ережелеріне және басқа да техникалық-нормативті тәртіп белгілеп, бекіткен және пайдалану құжаттарына сәйкес жүргізіледі, ал өрт қауіпті және жарылу өрт қауіпті заттар

мен материалдарды пайдалану үшін тағайындалған құрал-жабдықтар конструкторлық құжаттарға сәйкес болуы керек.

2) Әрбір кәсіпорындарда технологиялық процестерде 12.1.044-89 ГОСТ-қа сәйкес пайдалынатын заттар мен материалдардың көрсеткіштері туралы мәліметтер болуы керек, ал үйлер мен ғимараттар үшін қолданылып жүрген ҚР. ПМ РТЖН 01-94 республикалық технологиялық жобалау нормаларының негізінде жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті категориялары анықталыныу қажет

Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті заттармен және материалдармен жұмыс істеу кезінде орауындағы немесе қоса берілген құжатындағы ескертіп жазылған талаптар орындауды қажет.

Өзара біріккен кезде жану, жарылу немесе жанғыш және улы заттар (қоспа) шығаратын заттар мен материалдарды бірге қолдануға, сақтауға және тасымалдауға (егер ол технологиялық ережемен қаралған болмаса) болмайды.

3) Жоспарланған-ескерту жөндеуден және құралды сақтандыру байқауынан өткізу жобамен және технологиялық жұмыс тәртібімен немесе объектілік (цехтық) нұсқамамен қаралып, белгіленген мерзім бойынша жүргізіледі.

4) Соратын аппараттар мен құбыр өткізгіштері қондырғыларының конструкциясы өрт қауіпті шөгінділерді жинауды және оларды өрт қауіпсіз әдіспен тазалауды қамтамасыз етеді. Тазалау жұмыстары технологиялық тәртіпке сай өткізіледі және журналға тіркеледі.

5) Ұшқын сөндіретін, ұшқын аулағыш, отты өткізбейтін, шаң және металл аулағыш және жарылуға қарсы статикалық электрден қорғайтын құбыр өткізгіштеріне және басқа да жерлерге қойылған қондырғылары, жүйелері ақаусыз дұрыс болуы керек.

6) Құрал-жабдықтарды, бұйымдарды және бөлшектерді жуу және майын кетіру үшін ереже бойынша, жанбайтын техникалық жуатын құралдар, сонымен бірге өртке қатысты қауіпсіз қондырғылар мен әдістер қолданылады.

7) Құбырларда және басқа да тығындарда кристал тәрізді мұз болып қатып қалған өнімдерді ыстық сумен, бумен және басқа да қауіпсіз әдістермен жібітуге болады. Бұларды отпен жібітуге болмайды.

8) Резервуарлардың ТЖЗ және ЖЗ тығындарын (ыдыстардың) сұрыптау және деңгейін өлшеу соғылған кезде от шықпайтында жағдайда жүргізіледі. Көрсетілген операцияларды найзағай ойнаған кезде, сонымен бірге өнімді ағызу, құю кезінде жасауға болмайды.

Мұндай сұйықтар "үзілген ағыспен" аққан кезде оларды резервуарларға (ыдыстарға) қуюға болмайды. Резервуарды толтыру және босату жылдамдығы резервуарлардың өтетін клапандарында бекітілген өткізгіштік қабілетінен аспауы көрек.

9) Шаң жинайтын камералар мен циклондардың есіктері мен люктері оларды пайдалану кезінде жабық болуы керек. Камера мен циклонда жиналған жанғыш қалдықтар дер кезінде төгіліп отырылуы керек.

10) Өндіріс үйлерінде, қоймаларында және аумағында тұруға, сонымен бірге қоймаларда кәсіпорын шеберханаларын ашуға болмайды.

11) Кәсіпорын үйлері, қоймалары арқылы транзитті электр жүйелерін, сонымен бірге ТЖЗ, ЖЗ, ГЖ және жанғыш шандар өтетін құбырларды жүргізуге болмайды.

12) Жарылу өрт қауіпті цехтарда, участеклерде және үйлерде жанбайтын материалдан жасалған құралдары пайдалану керек.

13) Едендері, төбесі, конструкциясы және жабдықтары жанғыш шаң, жаңқа және т.т.б., бөліп шығаратын үйлер жүйелі түрде жиналған отырылуы керек. Үйді жинау мерзімі технологиялық тәртіппен немесе объектілік (цехтық) нұсқаумен белгіленеді.

14) ТЖЗ, ЖЗ және ГЖ жұмыс орындарына орталықтан берілуі керек. Сменамен істейтіндерге ТЖЗ, ЖЗ арнайы қауіпсіз ыдыспен жеткізіледі. Ашық ыдыстан қолдануға болмайды.

15) Қабырғалар мен жабындардағы технологиялық саңлауларды отты бөгейтін қондырғылармен қорғауға болады.

16) Жартылай фабрикаттарды ыдыссыз тасымалдауда шахты көтергіштерінің арту қондырғылары артатын кезде ғана ашылатын жапқыштармен жабдықталуы қажет.

17) Өртке қарсы өзі жабылатын есіктердің механизмдері әрқашанда дұрыс жағдайда болуы керек. Жұмыс аяқталған кезде отты бөгейтін қондырғылардың өртке қарсы есіктері жабылуы керек.

18) Жүйелер мен адсорберлардағы жарылу сактық клапандарының қорғану мембранные материалдардың түрі мен жуандығына байланысты берілген жобаға сәйкес болуы керек.

19) Отты бөгейтін қондырғының дұрыстығын жиі-жіңі тексеріп, отты сөндіретін қондырғыларды тазалап, сонымен бірге мембранные клапандардың дұрыстығын тексеріп отыру қажет. Цех нұсқамасында тексеру мерзімі көрсетілуге тиіс.

20) Адсорберлердегі активтенген көмірдің өзінен-өзі жануына жол бермеу керек, оны тек таңбасы бар активтенген көмірмен ғана толтыру керек.

21) ЖС қолданатын гидро жүйелерінің бағындағы майдың деңгейін тексеріп отыру керек, ондағы майдың қысымы құжатында көрсетілгеннен аспауы керек. Гидро жүйелерден май аққан жағдайда, оны тезарада жою керек.

22) Терезенің рамасын кесетін араларды, дөңгелек ағашты кесетін, фрезерлі-араларды және басқа да станоктар мен агрегаттарды мынадай

ж ағ д а й л а р д а :

- ара қоршауға тиғенде;
- араның жұқартатын тістері және ірі қабыршақтануы біркелкі болмаған жағдайда пайдалануға;
- майлау және сұыту жүйелері бұлғандегі;
- сұыту мен майлау жүйелері бұзылған және ағаш кесетін араны автоматтандырылған түрде тоқтатын қондырғысы болмаған және сұыту жүйесіндегі қысымы құжатта жазылған қысымнан төмен болғанда;
- терезе кәсектерін қыйыстырып келтіруде дұрыс кеспегенде;
- подшипниктері 70С жоғары қызғанда пайдалануға болмайды.

23) Шикізатты кесетін машиналарға салатын конвейлердің металл аулайтын қондырғылары, автоматтанған түрде сөндірілуі керек және металл түсіп кеткен жағдайда дыбыстық белгі беретін болуы керек.

24) Шикізат кесетін машиналардың шұнқырларын металдан жасаған заттармен тазалауға болмайды.

25) Өндеуге түсетін технологиялық жаңқалар, сонымен бірге жаңқадан жасалған кілемдер престелгенге дейін металл аулағыштан өтуі керек.

26) Ағаш-жаңқа плиталарын тегістейтін станоктардың алдына металл іздейтін, сигнал беретін қондырғылар қойылуы керек.

27) Ағаштың бөлшектерін ұсақтайтын және қалпына келтіретін машиналардың бункерлерін ыдыстағы ауаны сирететін аспирация жүйелерімен жабдықтауға және оның толғандығы туралы белгі беретін қондырғылармен жа б д ы қ т а у қ а ж е т .

28) Ыстықтай престейтін, тиейтін, артатын этажеркалардың алдына плиталарды қабыстыру, айыру кезінде бөлінген газ бен шаңның бөлмеге тарамауы үшін оларды соратын шатырлар қойылады. Шатырдың конструкциясы престі тазалауда кедергісіз жұмыс істеуі керек.

29) Барабанды кептіргіштер мен құрғақ жаңқалар мен шаңдардың бункерлері автоматтандырылған өрт сөндіргіш және жарылуға қарсы қондырғылармен жа б д ы қ т а л у ы қ е р е к .

30) Жаңқа және шаң материалдарын тасымалдау жүйелері өрттің жайылуын болдырмайтын жануды жоятын люктармен жабдықталуы қажет.

31) Аспирациялық және пневмокөлік жүйелерінің ағаштың және басқа да жарылу қауіпті шаңдарды жинайтын ыдыстары жарылуға қарсы қондырғылармен жабдықталуы қажет.

32) Термиялық өндеу камералары күніне бір рет ұшпалы смола қалдықтарынан және ағаштың пиролиз өнімінен және басқа да шаңдар мен қалдықтардан тазаланып отыруы қажет.

Ағаш жаңқалары тақталарының термиялық өндеу камераларынан шығатын

жарылу қауіпті газдарды жою үшін соратын құбырлардың жапқыштарын әр 15 минут сайын 2-3 минутке ашып отыратын автоматтандырылған қондырғылары
б о л у ы қ а ж е т .

Пресстелмеген жұмсақ жиекті тақталарға термо өңдеу жүргізілмейді.

33) Термо өндөуден шыққан тақталардың өзінен-өзі жануын бодырмай үшін оларды буферлік алаңда айналадырып температурасына дейін суыту керек

34) Өндөу камераларының және май ванналарының температурасы автоматты түрде тексеріліп отырылады.

35) Кептірғыш барабандар және жағылатын газдар үшқын аулағышпен жабдықталыны
к е р е к .

36) Қалың ағаш пластиктерді престелгеннен кейін 12 сағаттан соң кесіп, бөлүгे болады.

37) Жұмыс аяқталған соң дымқылдандыру ванналары, сонымен бірге ЖС бар салқыннататын ванналары тығыз қақпақпен жабылуды керек.

38) ЖС бар дымқылдандыратын, суарылатын және басқа да ванналарды авария кезінде үйден тысқары орналасқан жерасты ыдыстарына құятын қондырығылармен жабдықтау қажет.

Эр ваннаның жанғыш буларды соратын жергілікті сорғышы және өртсөндіретін құралдары болуы тиіс.

39) Үздіксіз жұмыс істейтін кептіргіш камераларын және калориферлерін тиердің алдында олар өндіріс қоқыстарынан және шаңдарынан тазартылуы керек

40) Бу және газ камераларының тартатын каналдары өрт бола қалған жағдайда жабылатын арнайы қақпақтармен жабдықталуы қажет.

41) Желдеткіш тоқтап қалған жағдайда газ, кептіру камераларына келіп түсетін жанғыш газдарды автоматты түрде тоқтататын қондырғылармен жабдықталуы көрек.

Кептіргіш камераларына ұшқынның түсін болдырмау үшін газ кептіру камераларының алдына ұшқын аулағыш қондырылармен жабдықталуы қажет.

Ұшқын аулағыш қондырғылардың, газ кептіргіш қондырғыларының техникалық жағдайы жиі-жіңі тексеріліп отырылуы керек. Жарықшақ түскен кептіргіш құралдарын және жұмыс істемейтін ұшқын аулағыштарды пайдалануға б о л м а й д ы .

42) Қатты және сұйық отынмен жұмыс істейтін газ кептіргіш камераларының жанғыш-газ қондырғылары айна екі рет құлден тазартылып отырылуы керек.

43) Жанғыш-кептіргіш бөлімдері кептіргіш агенттерінің температурасын тексеру үшін дұрыс аспаптармен жинақталуы қажет.

44) Жұмсақ талшықты ағаш тақталарын кептіретін камераларды ағаш

қалдықтарынан тәулігіне бір рет тазалап отыру керек.

Конвейерді 11 минуттен артық уақытқа сөндірген кезде кептіргіш камераларын қыздыруды тоқтату қажет.

Кептіргіш камераларында камера жанған кезде калориферлер желдеткіштерін сөндіретін және өрт сөндіретін құралдарын қосатын қондырғылар болуы керек.

45) Жартылай фабрикаттарды, шикі заттарды және боялған дайын бұйымдарды кептіретін камералардың (орналастыратын шкафтардың) белгілі температурадан асып кеткен жағдайда автоматты сөндіретін жабдықтар болуы қажет.

46) Ағаштарды ток жиілігі жоғары кептіргіштерге кептіруге салу үшін алдымен оның ішінде темір заттар, шіріген бұтақ, қабық жоқпа соны қарап алу керек.

47) Кептіргіш камераларында арнайы киімдерді кептіруге рұқсат етілмейді.

2 . Энергетика

1) Бақылау-өлшеуіш аспаптарын және қондырғыларын басқаратын бөлмелер газды реттейтін пункттерден (ГРП) және газ реттейтін қондырғылардан (ГРК) газ өтпейтін қабыргалармен бөлінуі қажет. Қабырга арқылы коммуникация жүргізу тек арнайы қондырғылар (салыник) арқылы ғана жүргізіледі.

2) Газ қауіпті жұмыстары қауіпсіздік ережесіне сәйкес наряд бойынша жүргізілуі тиіс. Қызметкерлермен өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқау жүргізілгеннен кейін ғана бригада мүшелері жұмысқа жіберіледі.

3) Қолданылатын ГРП (ГРК) жөндеу жұмыстары, ереже бойынша, күндіз жүргізілуі керек.

4) ГРП (ГРК) желдеткіш жүйелері істемей қалған жағдайда, үйдің ішінде жарылу қауіпті газ концентрациясының пайда болуын болдырмайтын шаралар қолдануы керек.

Үйдің ішінде желдеткіш істемеген жағдайда газ өткізгіштерін және жабдықтарын монтаждау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.

5) От алу температуrasesы 120С кем болған жағдайда отын құюда (мазуттан басқасын) құю қондырғылары жабық күйде болу керек (ұшу бар иілмелі шланг). Шлангтердің ұшу соғылған кезде от шықпайтында метадан жасалуы керек.

6) Май өткізгіштерінің жанбайтын айырғыштары және металдан жасалған қаңылтырмән жасалынуды керек.

Энергетикалық қондырғылардың май бактарының авариялық құйылысы болуы керек. Авариялық құйылыстың қолмен жасалған ілмегі қол жететін жерге орналастырылып, қызыл бояумен, ал май өткізгіштері - қоңыр бояумен боялады.

7) Майды тазалау кезінде, қысымын, температуrasesын, майдың май қыздырғышқа үздіксіз түсуін бақылап отыру қажет.

8) Отын салатын жүйелерде аспирациялық қондырғылары немесе су шашып шанды басатын қондырғылары, ауа-механикалық көбіктері немесе су буы (тұманы) дұрыс жұмыс істеуі қажет.

9) Отын беру кезінде отын беретін трактадағы шаңсыздандыратын барлық құралдар, сонымен қатар металл аулағыш қондырғылары жұмыс істеуі қажет.

10) Отын беретін трактаны жиі-жиі тексеріп отыру керек және шаңның жиналудын азайтатын жеңіл-желпі жөндеу, қызмет көрсету жүргізілуі керек.

Конвейерлердің қабырғалары тегіс жанбайтын тақталармен қапталып, ашық түсті суға тұрақты бояумен бояулы керек.

11) Отын беретін тракт үйлерінің іші таза болып, шаңы жиі-жиі сұртіліп отырылуы керек.

Үйді жинау қатты отынның түріне, оның қышқылдану бейімділігіне, шындануына байланысты белгіленген кесте бойынша жүргізіледі.

Шаң сумен жуылады немесе механикаланған әдіспен жиналады. Қажетіне қарай жекеленген жерлерде шанды қолмен жинау шаңға су шашып, содан кейін жиналады. Өрт сөндіретін крандар бытыраңқы ағыспен ағатын өрт сөндіретін оқпаншымен жинақталуы керек.

12) Тракта бойынша отын жүретін кабельді трассада, кабельдердің арасында шаңның жиналудын азайтатын саңылау болу керек.

13) Конвейер лентасымен отынды арту кезінде шашылмауы керек. Шашылған отынды жұмыс аяқталғанша жинап біту керек.

Конвейер лентасының астына отынның жиналудын болдырмау керек.

14) Авария болған жағдайда болмаса, отын салынып, толып тұрған конвейерді тоқтатуға болмайды. Авария болып тоқтап қалған жағдайда, тезарада конвейердің лентасы (артылған) отыннан босатылуы керек.

15) Электр станциялары ұзақ уақытқа газ немесе мазут жағуға ауысқан кезде немесе құрделі жөндеудің алдында бункерлерді шикі отыннан босату керек.

16) Конвейерде вулканизациялау жұмыстарын жүргізуінде алдында конвейердің еніндей лентаның бойымен 11 метрдей жерді (қажет болған жағдайда сумен жинау).

Шаңнан тазалау қажет оны жанбайтын қалқанмен қоршап, керекті өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

17) Жабық үлестіруші қондырғылар орналасқан үйдің іші мен дәліздерде үлестіру қондырғыларына жатпайтын қойма және басқа да көмекші шаруашылық ашуға, сонымен қатар электр техникалық құралдарын, қосалқы бөлшектерін, ЖС ыдыстарын және әртүрлі газдармен баллондарды сақтауға болмайды.

18) Кабельді құрылыштарда әр 50 метр сайын шығатын жерге көрсеткіштер қойылуы керек.

Секция қоршауларының есігінде жақын жердегі шығатын жер көрсетілуі

керек. Кабельді құрылыштардың шығатын люктеріне басқыш қойылуы керек, бірақ олар тоннельге (қабатқа) көтерілуге кедергі болмау керек.

19) Үйдің ішіне белгіленген кабельдерді кендер жамылғысын алып тастамай төсөуге болжауды.

20) Кабельді құрылыштардың секция қоршауларының есігі өзі ашылып-жабылатын болуы керек, шығатын жаққа қарай ашылып, тығыз жабылауды көрек.

Кабельді құрылыштарды пайдалану кезінде көрсетілген есіктер жабық күйінде болу көрек.

Кабельді үйлердегі желдеткіштердің шарты бойынша есік ашық күйінде болуы керек, үйдің бір бөлігіне орнатқан өрт сөндіру сигналының күшінен автоматты тұрде жабылауды керек. Өзі жабылатын есіктің қондырғылары техникалық дұрыс жағдайда болуы керек.

21) ККБ, КП үлгісіндегі кабельді жүйелер жанбайтын материалдармен нығыздалынып және отқа тұрақтылығы 0,75 ч шегінде қоршаумен мынадай орындарда:

- басқа құрылыштарға кабель жүргізген кезде;
- әр 30 м. сайын кабель қораптарының көлденен учаскелерінде, негізгі кабельдердің басқа қорапқа тармақталған кезде;
- әр 20 м. сайын кабельді қораптардың тік учаскелерінде. Қоршаулар арқылы өтетін осындай отқа тұрақты нығыздаулар әр қоршаудың белгісінде болуы керек.

Металдан жасалған қорапқа салынған кабель жүйелерінің нығыздалған жерлерін қораптың сыртынан қызыл жолақпен белгілеу керек. Қажет болған жағдайда сыртына түсіндірме жазу жазылады.

22) Қайта құрылыш немесе жөндеу жүргізіп жатқан жағдайда жанғыш полиэтиленді айырумен кабельдерді қолдануға болмайды.

23) Кабельдердің металдан жасалған қабығы және оның сырты жанбайтын коррозияға қарсы жабумен қорғалуы керек.

24) Кабельдерді маймен толтыратын жабдықтар тұрған бөлмелерде жанатын және асқа да қондырғыларға қатысты емес материалдарды сақтауға болмайды.

25) Бөлуші қондырғылар орналасқан және басқа да үйлердегі кабельді каналдар және екі қабатты едендер алынатын жанбайтын тақталармен жабылады. Басқару қалқандары бар үйлердің паркеттен жасалған едені және ағаш қалқаны төменгі жағынан асбестпен қорғалып, темірмен немесе оттан қорғайтын басқа материалмен қапталады. Алынатын жанбайтын тақталар және тұтас қалқандар қолмен көтеруге ыңғайлы болуы керек.

26) Қайта құру және жөндеу кезінде кабельді құрылыштар арқылы қандай да болмасын транзитті коммуникация және өткізгіш шиналарын төсөуге болмайды.

27) Трансформаторлардың және реакторлардың май құятын, майды бөлетін қондырылары (немесе арнайы дренаждары) авария болған кезде майдың кабельді каналдар және басқа да құрылыштарға ағуын болдырмау үшін дұрыс жағдайда б о л у ы к е р е к .

28) Май қабылдағыштың бүйірдегі қоршауының шегіне төселген қиыршық тастар таза болуы керек және жылына бір рет жуылып отыруы керек.

Төселген қиыршылық тастар (шан, құм т.т.) кірлеген кезде немесе май болғанда ереже бойынша, көктемде не күзде жуылады.

Қиыршылық тас төсемдерінде мұнай өнімдерінен қалындығы 0,001 м. қыртыстар пайда болса, немесе өсімдіктер шықса, ол жуғанға кетпесе, онда қиыршық тастарды ауыстыру керек.

29) Кабельді каналдардың қабырғаларын май қабылдағыштардың, трансформаторлардың және май реакторларының бүйірдегі қоршауы ретінде пайдалануға (бейімдеуге) болмайды.

30) Көшпелі өрт сөндіру техникасы орнатылған жерлер жабдықталып, жерге қосылғаны белгіленуі керек. Көшпелі өрт сөндіру техникасының орны энергетикалық объектілердің мамандары мен мемлекеттік өртке қарсы қызметтің өкілдері бірлесіп анықтайды және жерге қосылғандығы белгімен белгіленеді.

3. Полиграфия (баспахана) өнеркәсібі

1) Машиналық теру бөліміндегі столдар мен шкафтар (тумбочка) тот баспайтын немесе мырышпен қапталған құрышпен қапталады, сонымен бірге термо тұрақты пласмассаны да қолдануға болады.

2) Ұяларды және қалыптарды тиісті желдеткішпен жабдықталған бөлек бөлмеге тазалау к е р е к .

Кей жағдайда оларды тазалау линотип бөлімінде сорғыш желдеткіштері бар арнайы жанбайтын шкафттарда тазаланады.

3) Т и ы м с а л ы н а д ы :

- құйғыш машиналардың металл бергішіне дымқыл кесектерді ілуғе;
- құйғыш қазандарды әртүрлі материалдармен, кір бояулармен және жанғыш заттармен т о л т ы р у ғ а ;

- тергіш машиналардың қасында жанғыш жуатын материалдары және майымен май салғыштарды қалдыруға немесе сактауға;

- ЖС сіңген арнайы киіммен құйғыш аппараттарына жақындауға және машина да ж ұ м ы с і с т е у ғ е ;

- теру мен қалыптарды жуу үшін бензинді, бензолды, ацетонды және скрипидарды пайдалануға болмайды.

4) Гарт балқытатын бөлімнің едені жанбайтын отқа төзімді материалдан б о л у ы к е р е к .

5) Қалып материалдарына (винипласт, балауыз қоспасын, қорғасын) бензиндегі каучук ерітіндісін құюды және сұзгіш картонды бакелитті лакпен арнайы жанбайтын столдарда бүйірінде сорғышы бар немесе төменгі және жоғарғы жағында сорғыштары бар жанбайтын шкафтарда бояуға болады.

6) Воскіні термостатта қыздыру кезінде температура 80С аспауы керек.)

7) Матрицаны материалмен графиттеу тартқыш желдеткіші қосылған арнайы жабық аппаратта жүргізіледі.

8) Қалып материалына бензиндегі каучук ерітіндісін құюға немесе пресс траплерінде немесе қыздырғыш траплер қондырғыларында ашық әдіспен графиттеуге, сонымен бірге оларды жағылатын және қыздыратын аспаптардың үстінде кептіруге болмайды.

9) Фото пленкалардың қындыларын қақпағы дұрыс жабылатын, жанбайтын жәшиктеге жинау қажет.

10) Жұмыс аяқталған соң фото лабораториялардағы шығарылған пленкаларды архивке сақтауға өткізу қажет. Жанбайтын шкафтарда 10 кг. дейін пленкаларды сақтауға болады.

11) Монтаждау столындағы және ретушер пульттеріндегі столға қойылатын фонарлардың қос шынысы болуы керек. Монтаждау столында сынық күнгірт шынымен жұмыс істеуге және оны жай жылтыр қағаздан жасалған жарықпен ауыстыруға болмайды.

12. Ауыл шаруашылығы өндірісінің объектілері

1. Негізгі өндіріс объектілері

1) Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы фермаларына, үйлеріне отпен қыздырып жем дайындау үшін вакуумды насостарын және жылу генераторларын орнататын үйлер, сонымен бірге артық жемді сақтайтын бөлмелер, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы үйлеріне жалғаса салынған үйлерді мал және құс үстайтын бөлмелерден өртке қарсы қабырғалармен және қоршаулармен бөлу қажет. Көрсетілген үйлердің сыртқа шығатын есігі болуы керек.

2) Мал және құс шаруашылығы үйлерінде шеберхана, қойма жасауға, авто көлік, трактор, ауыл шаруашылығы техникасын қоятын жер жасауға, сонымен бірге фермаға қатысты емес жұмыстар жүргізуге болмайды.

Бұл үйлерге тракторларды, автомобилдерді және ауыл шаруашылығы машиналарын пайдаланған газды шығаратын мұржаларында ұшқын сөндіретіндері жоқ болса, кіргізуге болмайды.

3) Сүт фермаларында (кешендерінде) 20-дан аса мал болса, оларды топтап байлап қою керек.

4) Төбесі бар ферма үйлерінде жемді сақтау кезінде мыналар қаралуы керек:

- төбесін жанбайтын материалдан жасау;
- төбенің ағаштан жасалған жабуын және жанғыш жылтыуларды жанудан

сақтау үшін 0,03 м. балшықпен майлау керек немесе жанбайтын жабумен қорғау;

- төбедегі электр өткізгіштерін механикалық зақымданудан қорғау;
 - тұтін шығатын мұржаларды 1 м. қашықтықта қоршау керек.

5) Электр брудерлерін орнатуда және пайдалануда мына талаптар сақталуы
қ а ж е т ;

- жылумен қыздыратын элементтерден төсемдерге және жанғыш заттарға дейінгі қашықтық тігінен 0,8 м. және көлденең - 0,25 м. болуы керек.

- қыздырғыш элементтері заводтікі болуы керек және қыздыратын жағы түспейтін болуы керек. Ашық қыздырғыш элементтерін пайдалануға болмайды;

- оларды электр энергиясымен қамтамасыз ету, бөліну қалқанынан өзіндік жүйе арқылы қамтамасыз етіледі. Әрбір бруддердің жеке сөндіргіші болуы керек;

- бөлүші қалқанның барлық электр жүйелерін сөндіретін рубильнигі, сонымен қатар айқас тұбықталудан, шамадан артық болған жағдайда қорғау қондырылары болуы керек;

- брудердің температурасы автоматты түрде сақталыныу керек.

6) Жылжымалы ультракүлгін қондырғылары және олардың электр жабдықтарының жанғыш заттардан ара қашықтығы 1 м. болуы керек.

7) Электр брудерлері мен ультракүлгін қондырғыларының ішкі электр жүйелері кабель және оқшауланған электр өткізгіші арқылы тартылады. Оқшауланған электр өткізгіші құбырларға немесе изоляторлы якорьларға, еденинен биіктігі 2,5 м жанғыш жобалардан ара қашықтығы 0,1 м. болуы қажет.

8) Қырқатын машинаның бензинді двигателін үйден 15 м. қашықтықта шөптен және қоқыстан тазаланған жерге орнату қажет. ГСМ қосалқы бөлшектері қырқатын пункттен және құрылыштан 20 м. қашықтықта жабық металдан жасалған ыдыста сақталуы қажет.

9) Қырқү пунктінде жұннің жиналудың жол бермеу және өтетін жолдарды жұн салынған тендермен жабуға болмайды.

10) Тұнгі уақытта мал және құс шаруашылығы үйлерінің ішінде мал және құс болған жағдайда, оларды күзетші, бақташы қарауы керек.

11) Аммиак селитрасы төбесі жоқ бір қабатты, едені жанбайтын I және II дәрежелі отқа төзімді үйде сақталуы қажет. Төтенше жағдайда селитраны ауыл шаруашылығы минералдық тыңайытқыштарын сақтайтын I және II дәрежелі отқа төзімді жалпы қойманың бір бөлігінде сақталады, бұл жағдайда айтылған бөлік қойманың басқа бөліктерінен өртке қарсы қабырғалармен бөлінуі керек. Қатты әсер ететін тотықтар (магний, кальций хлораты және сутек асқын тотығы) I, II және III дәрежедегі отқа төзімді үйлердің жекеленген бөлігінде сақталады.

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіу

1) Жұмыс басталар алдында астық тазалайтын және астық басатын машиналарды, астықты сапалы аэродинамикалық тазалау және үйдің ішінде шанды болдырмау үшін аспирациялық каналдарда өле ережесіне реттеу қажет. Жарылуды разрядтайтын машиналар дұрыс жағдайда болуы қажет.

2) Сағатына 50 т/с өндіргіш нории тоқтап қалған кезде лентаны кейін қарай жүргізбейтін автоматтанған тежеуіш қондырғылармен жабдықталады. Нории қондырғысын және бөлек бөлшектерін ағаштан немесе жанғыш материалдан жасауға болжамайды.

3) Тазаланбаған астықты тазалайтын астық шнектері ірі қоспаларды аулайтын тормен және өнімнің қысымымен ашылатын сақтық клапандарымен жабдықталады. Торларды тазалау мерзімін кәсіпорынның басшысы белгілейді.

4) Барлық сына беру белдіктері бірдей созылуы керек. Сына белдіктерінің жинағы түгел болмаса немесе белдік пішіні канавок шкивіне сәйкес келмесе, жұмыс істеуге болжамайды.

Сына белдіктерін ауыстыру жинақты түрде жүргізіледі.

3. Астық жинау және азық дайындау

1) Егін жинауды бастамастан бұрын оған қатысатын адамдардың бәрі өртке қарсы нұсқаудан өтеді, ал егін жинайтын агрегаттар мен автомобилдер өрт сөндіретін құралдармен (өзі жүретін комбайнмен - екі өрт сөндірігішпен, екі тік күрекпен және екі сыпырғышпен; тракторлар - бір өрт сөндірігішпен, бір күрекпен), дұрыс ұшқын сөндірігішпен және қоректену, майлау, от алдырғыш жүйелерімен жабдықталуы қажет.

2) Масақты дақылдарды темір және тас жол қарауына алынған жерлерге себуге болмайды. Осы аландарда шабылған шөптің шемелесін астық алабынан 30 м. қашықтыққа орналастыру керек.

3) Масақты, астықтар пісер алдында олардың орманға, автомобиль және темір жолдарға жақын ұласып жатқан жерлері ені 4 м. шабылып, жыртылып тасталуы керек.

4) Астықты жинау астықты алаптарды 50 га. алқапқа бөлуден басталуы керек. Участкердің арасынан ені 8 м. кем емес шалғы жолы жасалуы керек. Шабылған астық шалғыдан тез жиналуы керек. Шалғы жолының ортасынан ені 4 м. жыртылады.

5) Уақытша дала қостары шөптен тазартылған жерде егін алабынан, қырманнан 100 м. ара қашықтықта орналасуы керек. Дала қостарының, астық қырмандарының аландары ені 4 м. жолдар жыртылады.

6) Егіс даласында мұнай өнімдерін сақтау және жанар май құю, шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған арнайы алаңда немесе қырманнан, шөп шемелесінен, сабаннан, астық алабынан және құрылыштан 50 м. жерде жүргізілуі қажет.

7) 25 га. астықты жерді жинау кезінде, өрт бола қалғандай жағдайда жақын жерде трактор және тырма даяр тұруы керек.

8) Жиналған егіннен қалған сабанды өртеуге және от жағуға болмайды.

9) Қырмандар үйлер мен құрылыштардан 50 м. ал астық алабынан - 100 м. жерге орналасуы керек.

10) Тиым салынады:

- тракторлардың, автомобильдердің қақпақсыз немесе ашық қақпақтармен жұмыс істеуіне;

- двигатель радиаторларындағы шаңды қүйдіру үшін дәнекерлейтін шамды қолдануға;

- егіс даласында двигателі жүріп тұрған трактор, комбайндарға және басқа да машиналарға жанар май құюға;

11) Жинайтын машиналардың двигательдерінің радиаторлары, биттерлерінің валдары, сабан толтырғыштары, транспортерлары, жинағыш, шнектері және басқа да тораптары мен бөлшектері уақытында шаңнан, сабаннан және бидайдан тазартылып отырылуы қажет.

4. Витаминделген шөп ұнын дайындау және сақтау

1) Витаминделген шөп ұнын дайындайтын агрегаттар қалқаларда немесе үйлерде орнатылуы керек. Қалқалар мен үйлердің жанғыш материалдан жасалған құрылғылары өрттен қорғайтын қоспалармен өнделуі тиіс.

2) Өртке қарсы жер шөп ұнын дайындайтын пунктten үйге дейін құрылыштар және ЖЖМ құйылған цистерналар 50 м, ал құнарсыз жемдерді сақтайтын ашық қоймалардан - 150 м. жерге орналасуы керек.

3) Шығыс отын багы үйден тыс агрегатқа орнатылады. Отын өткізгіштерінің кем дегенде екі вентилі болуы керек (біреуі - агрегатта, екіншісі - отын багында).

4) Агрегаттар мен үйлерге (алаңның), орнатылған электр жабдықтары мен электр өткізгіштерін, өрт қауіпті II -III класс зонасына ПУЭ бойынша орнатылуы керек.

5) Жасыл қоспа ұзындығы 0,03 м. болып ұсақталады және үздіксіз агрегатқа салынып отырылуы керек.

6) Кептіргіш барабанда өнім жанған кезде оны жанғанға дейін алынған 150 кг . өнімді, өртті сөндіргеннен кейін алынған салмағы 200 кг. өнімді жалпы қоймаға салуға болмайды, оларды бөлек қауіпсіз жерге қойып, 48 сағат байқау керек.

7) Дайын қантарға салынған ұндарды оның температурасы түскенге дейін 48 сағатқа қалқанның астына қою керек.

8) Ұнды бөлек қоймада немесе өртке қарсы қабырғалармен және жабулармен бөлінген, желдеткіші бар басқа заттар мен материалдардан бөлек қойылуы керек. Қойманың іші дымқыл болмауы керек. Ұнды ыдыссыз сақтауға болмайды.

9) Ұн салынған қаптар қатар-қатар, биіктігі 2м. болып қалануы керек. Олардың ортасымен жүретін жердің ені 1 м, ал қабырғаны бойлай - 0,8 м. болуы ке^рек.

10) Ұнның өздігінен жануын болдырмау үшін мезгіл-мезгіл оның температурасын тексеріп отыру керек.

5. Тазартылмаған мақтаны жинау, тасымалдау, кептіру, сақтау және алғашқы өндеу

1) Мақта жинайтын машиналар жүйелі түрде мақтаның жапырағынан, бұтағынан, қабығынан тазартылып отырылуы керек.

2) Ереже бойынша, қырмандар арықтың, суаттың және басқа да су көздеріне жақын орналасуы керек. Су көздері болмаған жағдайда қырманның аумағына сиымдылығы 50 м. суат салынуы керек.

3) Тазартылмаған мақтаны ыдыссыз тасуда машинада және оның тіркемесінде саңылау болмау керек, ал тазартылмаған мақта жоғарғы жағынан брезентпен жабылуы ке^рек.

4) Тазартылмаған-мақтаның сақталатын жерлері:

- жабық қоймаларда;
- қалқандардың астында;
- ашық жерде.

Тазартылмаған-мақтаны ашық жерлерде бөлек тең-тең болып немесе топтап байланған байлам күйінде сақталады. Мақта теңдері брезентпен жабылады.

5) Кептіргіш жұмыс істеп тұрған кезде тазартылмаған-мақтаның шығардағы температурасы 70С аспауы керек. Тазартылмаған-мақта сары болып шықса, агрегатты тоқтату ке^рек.

6) Мақта өнеркәсібінің жұмыс істеп жатқан және жаңадан салынып жатқан объектілеріндегі оның аумағынан өтетін, күш және жарық беретін электр жүйелері жерге кабель жүргізу арқылы орындалады.

7) Жылжымалы механизмдерге орнатылатын иілмелі шлангілі кабельдер нөмірленуі керек және изоляциялауға қарсылығы айна бір рет сыналып отырылуы ке^рек.

Сынаудан өтпеген кабельді пайдалануға болмайды.

8) Тазартылмаған-мақтаны сақтау үшін мақта заводы мен мақта дайындастырын пунктері, қырмандары және аландарындағы сыртқы жарық беру прожекторлармен немесе су өтпейтін және шаң кірмейтін жабық шырақтармен жүргізіледі. Шырақтар тікелей тіректерге немесе діңгектерге орнатылады.

9) Тазалағыш машиналардың, линтерлердің үздіксіз жұмыс істеуі және тазартылмаған-мақтаның өрт қауіпсіздігін төмендету үшін оны өндеуге дейін олардан ауыр қоспалар (тастар, металдан жасалған заттар т.т.б.), ауыр қоспаларды аулағыш қондырғылар арқылы алғынан тасталынады.

10) 6А -12М тазалағышын пайдалану процесінде шыбықтардың арасындағы саңылаулар ауысып кетпес үшін және перфорациялау торларының жоғарғы жағы қоқысты қоспарлармен толып қалмас үшін желтартқы тордың жұмыс істеуін бақылау қажет.

11) Циклондардан шандарды, қоқысты тарту т.т. тығыздалып жабылған қаптамасы бар шнектер арқылы жүзеге асырылады.

12) Автотранспорттың, трактордың, тягачтың және ішкі жану қондырғыларының ұшқын сөндіргіштері болмаса немесе дұрыс емес ұшқын сөндіргіштері болса, мақта тазалайтын заводтың немесе мақта дайындастын пункттің аумағына кіруге болмайды.

Ұшқын сөндіргіштері бар автомашиналар мен тракторлар тазаланбаған-мақта сақтайтын және кептіретін жерлерге 5 м. артық жақындауға болмайды.

13. Көлік обьектілері

1. Автомобиль көлігі

1) 25-тен аса көлікті сақтайтын үйлерде өрт бола қалған жағдайда, көлік құралдарын кезегін және тәртібін жазу арқылы орналастырудың жоспары жасалуы керек. Жоспарда түнде демалыс және мейрам күндері жұмыс істейтін шоферлардың кезекшілігі қаралуы қажет, сонымен қатар оталдыру кілттерін сақтау тәртібі анықталынады.

2) Көлік құралдары тұрағының үйлері және ашық аландарда сақтау (жеке меншіктен басқасы) тіркейтін арқандармен немесе штангалармен, бір арқан (штанга) 10 техника бірлігі есебінен жабдықталуы қажет.

3) Үйлерде, қалқандардың астында және ашық аландарда көлікті сақтауда мұналарға тиым салынады:

- нормадан асыра көлік құралдарын қоюға, оларды орналастыру жоспарын, автомобильдердің ара қашықтығын бұзуға, шығатын және кіретін жолдарды ыбырыстып жабуға;

- темір соғу, термиялық, пісіру, майлау және ағаш өндеу жұмыстарын жүргізуға, сонымен қатар ТЖЗ және ЖС бөлшектерді жууға;

- көлік құралдарының жанар-май құятын бактарының аузын ашық ұстауға, сонымен бірге жанар-майдың ағуына;

- көлік құралдарына жанар-май құюға және одан құйып алуға;

- жанар-майдан босаған ыдыстарды сақтауға, сонымен бірге жанар-майды сақтауға (жеке меншік көлігінің гаражынан басқа);

- тікелей көлік құралдарында аккумуляторларды зарядтауға;

- двигателді ашық отпен қыздыруға (алау от, шырақ, лейтін шам), жарық түсіру үшін ашық отты қолдануға;

- ТЖЗ және ЖС, сонымен бірге ЖМ таситын көлік құралдарын көпшілік тұрағына қоюға.

4) Тармақтың талабына қосымша жеке меншік гараждарында:

- жанғыш материалдан жасалған жиһаздарды, үйге керекті заттарды т.т.б.;
- 20 л отынды және 5 л. майды сақтауға;
- қолдан жасалынған электр қыздырғыштарын пайдалануға тиым салынады.

2. Метрополитендер

1) Әрбір станцияда: жылдам өрт сөндірудің жоспары, өрт қауіпсіздігің шаралары туралы нұсқама, жолаушыларды эвакуациялаудың жоспары, тоннель желдеткішінің жұмысы кезінде түтін шығып, өрт бола қалған жағдайда метрополитен қызметкерлерінің іс-әрекет тәртібі туралы нұсқама болуы керек. Бұл құжаттар станция бойынша кезекшіде сақталуы керек. Жылдам өрт сөндіру жоспарының екінші данасы кассирде сақталады, өрт сөндіру басшысы талап еткен жағдайда беріледі.

2) Тоннель мен станцияның салынып жатқан құрылыш объектілеріне қабысқан жерлері жұмыс жүргізбей тұрып жанбайтын қоршаулармен қоршалады. Жұмыс істеп тұрған метрополитен жүйелері қабысқан жерлерде жұмыс істеу үшін кезекші қызметкермен телефон арқылы сөйлесу керек.

3) Қабыргаларды, эвакуациялау жолдарының төбесін (коридорлар, басқыштар алаңы, вестибюльдер, холлдар және т.т.б.) сонымен бірге станцияның жерасты үйлерінде және вестибюлдарында жарнамаларды ілуде жанбайтын материалдарды қолдану керек.

4) Метрополитен кеңістігінің жерастындағы киім іletін шкафтары жанбайтын материалдан жасалуы керек.

5) Станцияның жерасты үйлерінде мемлекеттік өртті қадағалау органдарының келісімі бойынша әрқайсысында 5 л. газы бар баллондарды сақтауға болады.

6) Метрополитеннің жерасты үйлерінде тұнгі уақытта отпен жұмыс істеу, электр жүйелерінің кернеуін тоқтатқан кезде ғана болады, қызмет басшысының бұйрығы бойынша авариялық жұмыстардан басқасы.

7) Пайдаланып жүрген тоннельдерде электр-газбен пісіру жұмыстары көшпелі көлікке қондырылған арнайы агрегаттармен жүргізіледі.

8) Тоннельге тұнгі уақытта ЖММ кіргізу осы мақсаттар үшін жабдықталған арнайы тарататын ыдыстары бар моторельсті көлік арқылы жүзеге асырылады (метрополитенде адам жок кезінде).

9) Тоннельдерде ЖММ таситын көліктер өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы қажет.

10) Станция үйлерінде және кабельді коллекторларда өртке қарсы тәртіпті тексеру үшін станция кезекшісінің кабинасының тақтасында үйлердің нөмірі жазылған кілттері ілулі тұруы керек.

Бұл үйлерді тексеру станция бойынша кезекші немесе қызмет өкілі болған

11) Жерасты кеңістігіне орналасқан техникалық кабинеттердегі оқыту сыныптарына 30-дан аса адам сыйюы керек.

12) Метрополитеннің жерасты кеңістігінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде металдан жасалған ағаштар қолданылады;

13) Пайдаланып жүрген тоннельдерде:

- газ генераторымен жұмыс істеуге;

- шпалдарға, төсемдерге креозотты сіндіруге, сонымен бірге битумды
қыздырыға тиым салынады.

14) Машина залдарының, эскалаторлар және демонтаж камераларының үйлерінде бөлшектерді, майлау және басқа да материалдарды қатарлап қоюға б о л м а й д ы .

15) Тоннельдердегі кабель жүйелерін қызмет басшысының рұқсаты бойынша және мемлекеттік өрт қадағалау органдарының келісімі бойынша түнде ғана с ы р л а у ғ а б о л а д ы .

16) Электр поездарының вагондары "жолаушы-машинист" деген байланыс қондырығыларымен және өрт сөндіретін қуралдармен жабдықталуы кажет.

17) Машинистердің кабинасына орнатылатын электр пештерінің өзіндік қорғаныштары болуы керек және жақсылап бекітілуі керек. Пештің үстіне немесе қасына жанғыш материалдарды қоюға болмайды.

18) Сауда дүнгіршіктерін станцияның вестибюлына және көшеден өтетін жер астындағы жерлерге ғана қоюға болады. Дүнгіршіктер жанбайтын материалдардан жасалуы керек. Сауда дүнгіршіктері жолаушылардың жүріуіне кедергі б о л м а у ы к е р е к .

19) Дүнгіршіктерді жылышты үшін маймен жанатын электр радиаторларын немесе завод жасап шығарған электр жылыштықштарын пайдалану қажет.

20) Дұңғіршіктер өрт сөндіру құралдарымен және күзет-өрт дабылымен жаңа бұдықталуы қажет.

2 1) М ы н а л а р ғ а :

- аэрозольді ыдыстардағы ТЖЗ, ЖС, ГЖ заттарды, пиротехникалық бүйымдарды және басқа да өрт қауіпті материалдарды сатуға және пайдалануға;

- станция үйлерінде тауарларды, буып-түйілген материалдарды, сауда бұйымдарын т.т.б. сактауға тиым салынады.

З . Т е м ір ж ол көлігі

1) Вокзал үйлеріне сауда дүнгіршіктерін орналастыру және жолаушыларға басқа да қызмет көрсетеу вокзал әкімшілігінің және мемлекеттік өрт қадағалау органдарының келісімі бойынша жургізіледі.

2) Қол жүктерін сақтайтын қоймалардағы және жүк бөліміндегі сөрелер жанбайтын материалдардан жасалуы қажет. Антресольдар жасауға рұксат

Е Т І Л М Е Й Д І .

3) Локомотив деполарында мыналарға:

- депо бокстарында (қоршалған орындарда) ТЖЗ және ЖС цистернасын, сонымен қатар көрсетілген сұйықтардан босаған цистерналарды алдымен буға
Ұстап алмай қоюға;

- бокстардағы майларды тікелей шелекке, қалбырға және қосымша ыдыстарға
К ұюға;

- тепловоздарға техникалық процестермен белгіленбegen жерлерде отын, май
К ұюға;

- отын құйылған бактардың аузын ашық қалдыруға болмайды.

4) Станцияның (пункттердің) жууға-буландыруға бөлінген аландары, станцияның технологиялық процесс талабына сай келуі керек және темір жолдан, жақын жердегі станция жолынан 30 м, ал көршілес темір жол үйлерінен және ғимараттарынан - 50м. қашықтықта болуы керек.

Цистерналарға өндеге жүргізу үшін бөлінген аумақ участкерінің, топыраққа мұнай өнімін өткізбейтіндей қатты жабуы болуы керек.

5) Цистерналар өндеге орындарына ұшқын сөндіргішпен жабдықталған тепловоздармен (мотовоздармен) апарылады. Цистерналарды жақыннатқан кезде, екі не төрт вагонды жабу керек. Тазалау орындарына тепловоз 20 м. аса жақындау керек, ол одан әрі жүргүре болмайтында белгімен белгіленуі керек.

6) Жуу-буландыру станцияларына (пункттеріне) өндеге берілетін цистерналардың құйғыш аспаптары, қақпақтары және тиегіш люктері жабық болуы керек. Өндеген цистерналарды ілгекті арматурамен жабдықтау қажет.

7) Цистерналардың құйғыш аспаптарының клапандарына май құятын жолдары, мұнай қалдықтарын пайдалану үшін науамен немесе басқа да құралдармен жабдықталуы қажет.

Тұндырығыштар мен құбырлардың люктері ылғи да қақпақпен жабық түруы
ке^рек.

Клапандарға жанар-май құюда жарылуы қауіпсіз аккумуляторлы шам және ұшқын қауіпсіз саймандар қолданылуы керек.

8) Темір жолдары, эстакадалар, құбырлар, резервуарлар, цистерналар жанғыш газдарды, ТЖЗ, ЖС құюда және төгуде статикалық электрді болдырмау үшін дұрыстап жермен қосылуы керек.

9) Металдан жасалған жылжымалы және қозғалмалы сатылардың мыстан жасалған ілгегі және түйісken жерлерінде резенке жастықтары болуы керек.

10) Цистерна қазандарының ішіне жарықты жарылу қаупі жоқ аккумуляторлы шамдармен ғана түсіруге болады. Шамды цистернаның сыртында ғана жағуға, сөндіруге болады.

11) Эстакада мен аландардағы жанар-май қалдықтарын күніне бір рет ыстық

сүмен тазалап, жуып отыру қажет.

12) Жуу-булау станцияларының (пункттерінің) аумақтарында мыналарға:

- жарылу қорғанышы жоқ шамдарды, шырақтарды және фонарларды пайдалануға;

- соққылаған кезде ұшқын шығаратын қара металдан жасалған саймандарды пайдалануға;

- темір жолдарының, үйлердің және ғимараттардың үстімен әуе электр өткізгіштерін жүргізуғе;

- цистерна қазандарының ішінде жұмыс істеу кезінде болат тілігі немесе шеге қағылған аяқ киімді киүгө;

- ТЖЗ, ЖС сүмен және конденсатпен бірге ортақ канализация торабына, ашық орға, кюветке құюға;

- цистернаның ішіне адам түсіру үшін жылжымалы сатыларды, сонымен қатар болатпен қапталған ағаш сатыларды қолдануға;

- сұртетін материалдарды цистернаның ішінде немесе сыртында қалдыруға;

- локомотивтерді тазалау үшін депоға және эстакадаға кіргізуғе тиым салынады.

13) Темір жолға бөлінген жер құрғақ шөптен, ескі шпалдардан және жаңғыш қоқыстардан тазартылуы керек. Аталған материалдар уақытында төгіліп отырылуы керек.

14) Жолға төгілген ТЖЗ және ЖС құм, топырақ төгілуі керек.

15) Станциядағы, екі аралықтағы және сақтау базаларындағы уақытша сақталатын шпалдар мен брустар қатар-қатар қойылуы керек.

Отын тұратын аландар және аумақтар көлемі 3 м. құрғақ шөптен және жаңғыш материалдардан тазартылып, айналасындағы жер жыртылып тасталуы керек.

16) Шпалдар мен брустардың қатары үйлер мен ғимараттардан 30 м. қашықтықта жолмен қатарластырыла, ал поезд жүретін жолдан - 10 м, басқа жолдардан - 6 м, электр берілісі мен байланыс жүйелерінен бір жарым метр биіктікте болуы керек. Шпалдар 100 данадан қатар-қатар нығызыдалып қаланады, олардың аралары 1м, ал әрбір қосақталған штабелдердің арасы 20м. болуы керек.

Көлемі 10000 м³ қоймаларда шпал мен брустарды ұзақ уақытқа сақтаған кезде ағаш материалдарын сақтайтын қоймалар жобасының өртке қарсы талап нормаларын басшылыққа алуы қажет.

17) Шөпті, сабанды, отынды т.т.б. көпірден, жол құрылыштарынан, тұрғын үйлерден және поезд жүретін жолдан 50 м. жақын үйге, сонымен бірге электр берілісі мен байланыс жүйелері өткізгіштерінің астына үйге болмайды.

18) Арнайы бөлінген алаңқайда от жағуға, құрғақ шөп пен сабанды өртеуге,

сонымен қатар қу ағашпен, бұталарды қалдыруға болмайды.

19) Ормандағы көпірлер ені 1,4 м. алқаппен айналдыра қоршалады.

Көпір астындағы радиусы 50 м. жер участелері құрғақ шөптен, бұталардан, жанғыш қоқыстан т.т.б. тазартылуы қажет.

20) Ағаштан жасалған жол көрсеткіштері, темір жол үстіне орнатылған астынан ені 4 м. болат қаңылтырмен, екі жағынан шеті 0,3 м, түсіріліп қапталады

21) Барлық ағаштан және темірден жасалған ағаштан жасалған төсөніштері бар көпірлерге көлдер қатқан кезде қатпайтын суаттар және оларға өтетін жолдар жасалынады. Суат орналасқан жер көрсеткішпен белгіленуі қажет.

22) Барлық көпірлер мен жол өтпелерінде мыналарға:

- олардың астына немесе оларға жақын материалдар қоймасын, кеме, баржы, қайық және сал тұратын тұрақтар жасауға;

- керосинмен жанатын шамдарға және бензомоторлы агрегаттардың бақтарына май құюға;

- мұнай өнімдерінен тазаланбаған аралық құрылыштарды және басқа жобаларды ұстасуға;

- көпірдің астында құрғақ шөпті, сонымен қатар бұталарды және басқа жанғыш материалдарды жағуға;

- мемлекеттік өрт қадағалау органдарының келісімінсіз өрт жұмыстарын жүргізуға тиым салынады.

23) Жол машина станцияларының вагондары тұратын темір жол жолдары, өрт бола қалған жағдайда, жылжымалы составтарды шығару және бөліп орналастыру үшін айыруши жабдықтармен жабдықталуы қажет.

24) Өндіріс шеберханасы, мектеп, балалар мекемелері т.т.б. орналасқан вагондар, жеке топталып тұрғын үйлерден 10 м. қашықтыққа орналасуы керек.

25) Жол машина станциялары орналасқан жерлерде (ЖМС) жасанды немесе табиғи су көздері болмаған жағдайда, өрт сөндіру үшін темір жол цистерналарында немесе басқа ыдыстарға құйылған әр (15-20) вагонға 50 м³ келетін қосымша су болуы керек.

26) Әрбір жылжымалы құрамның мемлекеттік өртке қарсы қызметті шақыру үшін көршілес темір жол станциясымен сөйлесетін телефон байланысы болуы керек. ЖМС вагондары тұратын пункттерде өрт туралы хабар беретін сигнал болуы керек.

14. Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды тасымалдау

1) Қауіпті жүктөр жүк жөнелтушілерге, сол өнімге берілген стандарттық және техникалық жағдайда қаралғандай, байламмен және ыдыспен өткізілуі керек.

Жүк төгілмейтіндей және ақпайтындей, жүктің қауіпсіздігін және

толықтығын қамтамасыз ететіндегі ыдысы және байламы мықты, дұрыс болуы
ке^рек.

2) ТЖЗ және ЖС таситын автоцистерналар дұрыстап жермен қосылып, өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы керек және жүктің қауіпсіздік дәрежесіне сәйкес таңбалануы керек, ал пайдаланылған газ шығатын мұржалар ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы қажет.

3) Тез жанатын, улы, ашы, коррозиялы бу немесе газ бөліп шығаратын өрт қауіпті жүктөр кепкен кезде жарылуы және ауамен, сумен қауіпті әрекеттесуі мүмкін, сонымен бірге тотығу қасиеті бар жүктөр герметикалық байлануы керек.

4) Шыны ыдыстарға салынған қауіпті жүктөр мықты жәшіктөрге немесе тор көздерге (ағаштан, пласмассадан, темірден) салынып, бос орындар жанбайтын материалдармен толтырылуы керек.

Жәшіктің және тор көздердің қабырғалары аузы тығындалған бөтелкө мен банкелерден 0,05 м. биік болуы керек. Шыны ыдысқа салынған қауіпті жүктөрді тасымалдауда, олар нығыздалып, қақпағы бар ағаш жәшіктөрге салынуы керек.

5) Темір және пласмассадан жасалған банкілердегі, бидондардағы және канистрлердегі қауіпті жүктөр қосымша ағаш жәшікке немесе тор көздерге салыныуы қажет.

6) Қатты сусымалы қаптағы қауіпті жүктөр, егер ондай орамдағы өнімдер стандарттық және техникалық жағдайлармен қаралған болса, онда олар вагондармен тасымалданады. Мұндай жүктөрді тасымалдауда олар қосымша қатты ыдысқа (металдан немесе фанерден жасалған) оралуы қажет.

7) Сұйық қауіпті жүктөрді тасымалдауда ыдыс сол өнімге берген стандарттық және техникалық жағдай белгілеген нормаға дейін толтырылуы керек.

8) Әртүрлі топтағы қауіпті жүктөрді, сонымен қатар бірге тасымалдауга болмайтын бір топтағы қауіпті жүктөрді бір вагонда немесе контейнерде тасымалдауға болмайды.

9) Қышқылы бар ыдыстарды вагонға артуда оларды ТЖЗ және ЖС құйылған ыдыстарға қарама-қарсы қояды. Вагондағы барлық ыдыстар бір-біріне тығыз бекітілуі керек.

10) Улы газдар және (2.2. кластағы) жанғыш улы газдар (2.4.кластағы), сонымен қатар осы газдардан босаған ыдыстар вагонмен немесе контейнермен жөнелтілуі керек. Қауіпті жүктөрдің тізбесі 2 анықтамалық қосымшада келтірілген.

11) Жанғыш және улы газдары бар баллондардың сақтық клапандары бір жаққа қаратылып, көлденең күйінде артылады.

Газы бар баллондарды қорғаныш сақиналары болған жағдайда және баллондар құламайтындей тығыз орналастырған жағдайда тік күйінде артуға

болады. Есіктің тесіктері жүктің есікке құламауы үшін қалындығы 40 мм тақтаймен қоршалуы керек.

Ерекшелік ретінде тасымалдау кезінде баллондарды қорғаныш сақинасының артуға болады. Мұндай жағдайда баллондардың әр қатарына баллон салатын тақтайдан ойып жасаған төсемдер болуы керек.

Баллондардың (ыдыстардың) арасына төсем ретінде шөп, сабан және басқа да тез жанатын материалдарды салуға болмайды.

ТЖЗ және ЖС заттар тасымалдауда стандартты ауа кірмейтін және пломбалаған бөшкелерге құйылуы керек.

Изопропилнитрата және саминдерді таситын вагондарды артылған немесе бос кезінде жүк артатын (жүк қабылдайтын) мамандар бригадасы шығарып салаады.

12) ТЖЗ, ЖС және ЖГ жұмыс орындарына, ереже бойынша, тасымалдаудың орталықтанған әдісі бойынша беріледі.

ТЖЗ және ЖС жұмыс орындарына ашық ыдыспен беруге болмайды.

13) Үйлерге және құрылыстарға ТЖЗ, ЖС және ЖГ құбырларын өткізуде:

- тесіктерді ауа кірмейтіндей етіп (жабылмайтын саңылауларды т.т.б.) құрылыш жобалары арқылы құбырлар өтетін жерлерді үйдің жобасына сай келетіндей қалың жанбайтын материалмен жабу;

- каналдар және траншеялар (ашық және жабық) арқылы өтетін, бір үйден екінші үйге өтетін жерлерге жанбайтын материалдан газ өткізбейтін құрылғыларды (диафрагмаларды) пайдалану;

- қолданылатын стандарттың талабына сәйкес құбырларды бояу қажет.

14) ТЖЗ және ЖГ қотаруда, ереже бойынша, сальниксіз насосты және қатты насосты қолдану қажет.

Толық емес қимамен жұмыс істейтін құбырларға, гидро қақпа орнату қажет.

15) ТЖЗ және ЖС құйылған сиымдылығы 10 л және одан да көп шыны ыдыстарды өрілген кәрзенкеге немесе ағаштан жасалған тор көздерге, ал сиымдылығы 10 л дейінгі шыны ыдыстарды ағаш жәшіктерге материалдармен орап салу керек. Бұл материалдар, соғылғанда сынбайтындей, сынған күнде аққан сұйықты сорып алатындей болуы керек.

16) Транспортерлерді, норийді, өздігінен қозгалатын және пневматикалық құбырларды ауа кірмейтіндей дұрыс жабылатын орындарда пайдалану қажет. Жабудың астындағы шаңды желдеткіш тұрақты және нәтижелі сорып тұруы кеңе рек.

17) Пневмокөлік және өздігінен қозгалатын қондырғыларды пайдалану кезінде (өнімдер құбырмен жүрген кезде) құбырларда шаңның жиналудына жол бермеу керек. Құбырларды тазалау келісілген кесте бойынша жүргізілуі қажет.

18) Транспортерлер мен пневмокөлік қондырғыларын іске қоспас бұрын

оларды бос жүргізіп, бөтен заттар жоқ па екен, подшипнігінде май бар ма екен жоқ па екен, сонымен қатар барлық қорғаныш қондырғыларының дұрыстығын тексеру қажет.

19) Технологиялық жабдықтардың электр двигателдерінің автоблокировкаларының, өнімді тиісті пневмокөлік жүйесіне түсіретін электр двигателді ауа үрлейтін машиналарының дұрыстығын әр жіберген сайын тексеріп отыраң жөн.

20) Сусымалы (ұнтақ, тәрізді) өнімдерді артуда жабдықтардың үйінділерден және сүйеулерден аман болуы үшін авария болған жағдайда, транспортерлерді тоқтатын автоблокировка қою қажет.

21) Ақауы бар бұрандалы транспортерды және норийді (бұранда мен науа қабырғасының арасында саңылау болмай, лентасы үйкеліп, ожауы науаның қабырғасына тиетін болса) пайдалануға болмайды.

22) Транспортерлердің доңғалақтары және созып кигізілген барабандары еркін айналуы керек. Ленталар тұрып қалмау керек, сонымен қатар қозғалтқыш барабандарды битуммен, канифольмен және басқа да жанғыш материалдармен майлатауға болмайды.

23) Цехтағы технологиялық жабдықтардың жұмысын тоқтату үшін өздігінен ағатын және пневматикалық құбырлар мен басқа транспортерлердегі нория жанған кездегі аспирациялық және желдеткіш жүйелерін сөндіру үшін әр қабаттағы басқыш алаңдарында арнайы кнопкалар болады.

24) Ұсақталған материалдарды сөніп қалған немесе ақауы бар отты жібермейтін автоматтандырылған қондырғылармен аспирациялық және транспортер жүйелерін пайдалануға болмайды.

25) Транспортерлар мен конвейерлер өтетін өртке қарсы қоршаудың тесіктері т.т.б. өртке қарсы тұратын қондырғылармен (есіктермен, қақпалармен, су бұркеулермен, себу қондырғылармен т.т.б) қорғалуы керек.

26) Өрт жарылуы қауіпті заттарды көлікпен тасымалдауда, сонымен қатар әр жүк тұрған жерде қауіпсіздік белгісі болуы керек.

27) Елді мекен аумақтарынан жарылу өрт қауіпті заттардың үлкен партиясын көлікпен тасымалдау, қауіпсіздік талабына сәйкес тек күнгі уақытта ғана жүргізу ілүі қажет.

28) Жарылу өрт қауіпті заттарды тасымалдау кезінде мыналарға:

- ТЖЗ және ГЖ құйылған цистерналарды елді мекен пункттерінен күндіз тасымалдауға;

- соққылауға, кенеттен тоқтатуға;

- ГЖ бар баллондарды сақтық қалыптысыз тасымалдауға;

- көлік құралдарын қараусыз қалдыруға тиым салынады.

29) Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды артатын

және түсіретін орындар мынадай жабдықтармен:

- өрт болған жағдайда, қауіпсіз жұмыс жүргізуде арнайы құрылғылармен қамтамасыз ету қажет (қалқандар, басқыштар, зембілдер және т.т.б.). Мұндай жағдайда шыны ыдыстар үшін ұялары бар арба немесе арнайы зембілдер болуы қажет. Шыны ыдыстарды екі адам ұстайтын тұтқасы бар көрзенкелерге салып көтеру қажет;

- өрт сөндіретін және апаттық жағдайды жоятын құралдармен;

- ПУЭ зона класына сәйкес стационарлық немесе уақытша жарықпен жабдықтау қажет.

30) Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктөрді артатын және түсіретін орындарда ашық отты пайдалануға болмайды.

31) Пайдаланылатын жүк түсіретін, артатын механизмдер ақаусыз болуы көрек.

32) Жүкті арту және түсіруді күту кезінде, сонымен бірге арту, түсіру жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде жүргізушілер мен машинистер көлік құралдарын иесіз қалдыруға болмайды.

33) Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды артатын көлік құралдары (вагондар, кузовтар, тіркемелер, контейнерлер т.т.б.) бөтен заттарды таза болуы көрек.

34) Заттар салынған ыдыстар (байламдар) сынып немесе тесілсе, оларды ауыстырып, төгілген не шашылған жарылу қауіпті және өрт қауіпті заттарды жинап, тазалау қажет.

35) Жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктөрді арту түсіруде жұмыс істеушілер таңбалай белгілерінің және байламдарға жазылған ескертулердің талабын сақтаулы қажет.

36) Автомобильдің двигательі жұмыс істеп тұрған уақытта, сонымен қатар жаңбыр жауып тұрғанда, егер заттар материалдар су тиген уақытта жануға бейімделген болса, онда арту және түсіру жұмыстарын жүргізуге болмайды.

37) Вагондардағы, контейнерлердегі және машиналардың кузовтарындағы жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктөрді қозғалған кезде ауыспас үшін мықтап байлау көрек.

38) ТЖЗ және ЖС толтыру және құю сияқты технологиялық операцияларын жүргізу кезінде мына талаптар орындалуы қажет:

- қақпақтар мен люктарды үшқын шығармайтын сайдандарды пайдаланып, қақпақтары мен люктарын жұлқыламай, соқпай ақырын ашу керек. ТЖЗ мен ЖС төгілген ыдыстармен арту-тиеу жұмыстарын жүргізуге болмайды;

- арматура (шлангілер, ажырайтын қосылыстар, статикалық, электрден қорғану т.т.) техникалық дұрыс жағдайда болуы керек.

39) Резервуарларды, цистерналарды, ыдыстарды сұйықпен толтырmas бұрын

өлшеу қондырғыларының дұрыстығын тексеріп алу керек.

40) Резервуардағы сұйықтың деңгейін өлшеуді және сынауды күндіз жүргізу қажет. Түнде жұмыс істейтіндер аккумуляторлы фонарларды пайдаланулары қа ж е т .

Найзағай ойнап түрған кезде сұйық деңгейін қолмен өлшеуге және сынауға, сонымен бірге шайқауға, ағызуға болмайды. Сынағыш от шығармайтын және бір ұшы жерге қосылған материалдан жасалуы керек.

41) Ідистар ТЖЗ мен ЖС дұрыс қосылысы бар ысырылмалары дұрыс ашылып, жабылатын құбырлар мен шлангілер арқылы толтырылады. Ілмекті арматураны толығымен ашу керек.

42) Резервуарлар мен ыдыстарға т.т.б. өнімдерді "құламалы ағыспен" қуюға болмайды. Резервуарларды (бос ыдыстарды) толтыру шапшаңдығы резервуарларға қойылған қорғаныс клапандарының белгіленген өткізу қабілетінің жиынтығынан аспауы керек.

43) Жарылу өрт қауіпті немесе өрт қауіпті жүктөрді артып болғаннан кейін вагондарды, контейнерлерді немесе автомобиль кузовтарын дұрыстап қарап, қалған қоқыс қалдықтарын алып тастау керек.

15. Сақтау объектілері

1. Жалпы талаптар

1) Қоймаларда (үйлерде) заттарды және материалдарды сақтауда олардың өрт қауіптілігіне, физика-химиялық қасиеттеріне (қышқылдану, өзінен-өзі жану және су тиген жағдайда тұтану қабілеттерін), сиымдылығы және біркелкілік белгілеріне қарау керек 2 қосымшадағы.

Бір бөлімде каучукті немесе авторезинаны басқа материалдар және тауарлармен бірге сақтауға болмайды.

2) ГЖ баллондарын, ТЖЗ және ЖС құйылған ыдыстарды (бөтөлкелерді, басқа ыдыстарды) сонымен бірге аэрозольдар құннің көзіне және басқа да жылулардан қорғалу көрек.

3) Көп қабатты қоймаларда аэрозольді байламдарды өртке қарсы бөлектердің тек қана жоғарғы қабатында қатарлап салуға рұқсат етіледі, мұндай байламдардың саны 150 000-нан аспауы керек.

Қойманың жеке бөліктерінде 15 000 байлам (қорап), ал қоймаға барлығы 900 000 байлам сақтауға рұқсат етіледі. Қойма үйлерінің төбесі шатырсыз, тез алып тастайтын жабулармен жабылуы керек.

Жалпы қоймаларда аэrozольді байламдардың 5 000 данасын сақтауға рұқсат етіледі .

4) Аэrozольді байламдарды ашық аландарда немесе қалқаның астында тек қана жанбайтын контейнерлерге сақтауға рұқсат етіледі.

5) Материалдарды сөресі жоқ қойма үйлерінде қатар-қатар қойып сақтау

керек. Қойма үйлерінің есік тесігіне қарама-қарсы өтетін жолдардың ені, есіктің енімен бірдей, бірақ 1 метрден аспауы керек.

Ереже бойынша қоймаларда әр 6 метр сайын, ені 0,8 м ұзына бойлай жүретін жол жасау керек.

6) Шырактардан сақталатын тауарларға дейінгі ара қашықтық 0,5 м және жанғыш құрылымын бетіне дейін 0,2 м болуы керек.

7) Материалдық-тауар құнды заттарын сақтауға арналған үйлерде тұрмыс қондырғыларын қоюға, тамақ ішетін бөлме жасауға рұқсат етілмейді.

8) Қойма үйлеріне товароведтің, сарапшының, қоймашының және т.б. отыратын жұмыс орындарын бөлу үшін қойылған шыны қалқандар өрт шыға қалған жағдайда адамдарды эвакуациялауға немесе материалдық-тауар құнды заттарын шығаруға бөгет болмауы керек.

9) Қойма үйлерінде тұрақ жасауға және артатын-түсіретін көлік құралдарын жөндеуге тиым салынады.

Рампаға (платформа) түсірілген жүктегер мен материалдар жұмыс аяғына дейін тасалынып бітуі керек.

10) Қойма үйлерінде ыдысты ашуға, дұрыстығын тексеруге және ұсақ жөндеулер жүргізуге, өнімдерді өлшеп орауға, өрт қауіпті сұйықтарды, қоспаларды дайындауға (нитробояу, лактер) байланысты барлық операциялар сақтау үйлерінен бөлек орындарда жүргізуі керек.

11) Автомобилдер, мотовоздар, автотиегіштер, автокрандар және жүк көтеретін техникалардың түрлері маялар, қалқалар, қатар-қатар үолі тұрған отындар, азық қоры, талшықты материалдар сақталатын жерлерге дұрыс ұшқын сөндіргіштері бар және ара қашықтығы 3 м. болған жағдайда гана жіберіледі.

12) Қоймалардағы электр құралдары жұмыс аяқталған соң сөндірілуі қажет. Қоймадағы электр құралдарын сөндіруге арналған аппараттар қойма үйінен тыс жерге, жанбайтын материалдан жасалған қабырғаға немесе бөлек тұрған тіренішке бекітіліп, пломбылап, кілтке жабылатын тетігі бар шкафтың немесе нишаның ішіне орналастырылады.

13) Қойма үйінде кезекшілік жарық түсіруге, газ плиталарын, электр жылытықты аспаптарын және штепсельді розеткалар орнатуға болмайды.

14) Ашық алаңдарда материалдарды сақтау кезінде, бір бөліктің аумағы 300 м², аспауға тиіс, ал өртке қарсы қатарлардың ара қашықтығы 6 м. кем болмау керек.

15) Қоймалар мен базалар аумағына орналасқан үйлерде қызметкерлердің және басқа адамдардың тұруына рұқсат берілмейді.

16) Қойма үйлеріне А, Б және В категориясындағы локомотивтерді кіргізуге болмайды.

17) Цех қоймаларында кәсіпорындарда белгіленген нормадан асатын ТЖЗ

және ЖС сақтауға болмайды. Жұмыс орындарында бұл сұйықтардың саны сменаға жететіндегі ғана болу керек.

18) Жанатын және жанбайтын материалдарды түтін шығатын терезесі жоқ подвал үйлерінде, цокольді қабаттарда және қабат аралығындағы басқыш аландарында жанатын ыдыста сақтауға болмайды.

2. ТЖЗ, ЖС және өрт қауіпті сұйықтар қоймасы

1. Резервуарлар паркі

1) Мұнай базаларының (қоймалардың), құятын, қотаратын станциялардың аумақтары биіктігі 2 м. жанбайтын қоршаумен қоршалуы керек.

2) Резервуарлардың айналысын қорғандау керек, сонымен қатар сол арқылы өтетін жол дұрыс болуы керек. Қоршаудың ішіндегі аландар жобалап, құм төсек к е р е к .

3) М ы на л а р ғ а :

- герметикалық емес жабдықтарды және тиекті арматураларды пайдалануға;
- жобалау нормасында белгіленгендердің қорғаның биіктігін азайтуға;
- жарылған және қисайған резервуарларды, сонымен қатар ақауы бар құралдарды, бақылау-өлшеуіш аспаптарын және стационарлық өртке қарсы қондырыларды пайдалануға ;
 - үйінді топыраққа ағаш, бұта, шөп отырғызуға;
 - жанғыш немесе тез жанбайтын негіздерге ыдыс орнатуға;
 - резервуарлар мен цистерналарды асыра толтыруға;
- резервуарға мұнай өнімдерін құйып немесе қотарып жатқан кезде сынауға а л у ғ а ;
 - найзағай ойнап тұрган кезде құюға және қотаруға тиым салынады.

4) Ауа жіберетін клапандарды және от бөлгөштерді техникалық құжаттың талабына сай айна бір рет, ал ауаның температурасы 0 С-тан төмен болған жағдайда он күнде бір рет тексеріп отыру қажет.

Ауа жүретін арматураларды байқау кезінде олардың клапандары мен торларын мұздан тазалау керек. Оларды жылдытуды тек өрт қауіпсіздігі әдісімен ғана жүргізу г е б о л а д ы .

5) Мұнай өнімдерінің деңгейін өлшеу және сынауға алу тек стационарлық өрт қауіпсіздігі жүйелерінің өлшеуіш қондырыларымен жүргізіледі.

6) Резервуарлар паркінің қоймасында қосалқы өрт сөндіретін заттар, сонымен бірге өрт сөндіруге қажетті үлкен резервуарларды беру үшін қаржы болуы керек.

2. Үйдыста сақтау

1) Жарық беру температурасы 120 С-дан жоғары, саны 60 м3 сұйықтарды едені жанбайтын материалдан жасалған және қалындығы 0,2 м. топырақпен жабылған жер асты қоймаларында сақтауға болады.

2) ТЖЗ мен ЖС бір үйдің ішінде ыдыста, олардың жалпы саны 200 м³, ТЖЗ немесе ЖС 1000 м³ болған жағдайда сақтауға болады.

3) Коймаларда ТЖЗ және ЖЗ құйылған бөшкелерді қолмен қалаған жағдайда, еденде 2 қатар қылып қалау керек, ал механизммен қалаған жағдайда ЖС - 5, ал ТЖЗ - 3 қатар қылып қалау керек.

Қатарлардың ені 2 бөшкеден болу керек. Бөшкені тасымалдайтын өтетін жолдың ені 1,8 м, ал қатарлардың арасы - 1м болуы керек.

4) Сұйықтарды дұрыс ыдыста сақтау керек. Төгілген сұйықты жылдам сұртіп алу керек.

5) Ыдыстағы мұнай өнімдерін сақтайтын ашық аландар топырақ үймегімен немесе биіктігі 0,5 м жанбайтын тұтас қабыргамен қоршалады.

6) Алаңқай іргелес жатқан аумақтардан 0,2 м көтеріліп, ағынды суды бұру үшін ор қазылып қоршалады.

7) Топырақпен үйілген алаңқайды мөлшері 25x15 м. биіктігі 5,5 м бөшкенің 4 қатарын, қатарлардың арасы 10 м, ал қатар мен қабырғаның арасы - 5 м болуы керек.

Екі аралас аландардағы қатарлардың арасы 20 метрден кем болмау керек.

8) Аландардың үстіне жанбайтын материалдан қалқан жасауға болады.

9) Мұнай өнімдерін төтүге, сонымен қатар орайтын материалдарды және ыдыстарды тікелей қоймада немесе алаңдарда сақтауға болмайды.

3. Газдарды сақтау

1) ЖГ бар баллондарды сақтайтын қойма жеңіл алынып тасталатын жамылғысы бар және төбесі жоқ бір қабат болуы керек.

Газы бар баллондар сақталатын үйлердің терезесі ақ бояумен боялып немесе күннен қорғайтын жанбайтын қондырғылармен жабдықталуы қажет.

Баллондарды жауыннан және күннен сақтайтын ашық алаңның қалқандары жанбайтын материалдардан жасалуы керек.

2) Санылаусыз қабырғалары бар үйдің ішінде топтап баллон қондырғыларын орнатуға болады.

Баллондарды сақтайтын шкафттар мен будкалар жанбайтын материалдан жасалынады және жарылу қаупі бар қоспалардың жиналудын болдырмайтын жедеткіши болады.

3) ЖГ баллондарды оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтары бар баллондардан, сонымен қатар улы газдары бар баллондардан бөлек тұруы керек.

4) Оттегісі бар баллондарды сақтауда және тасымалдауда оларға майдың тамуына және баллон арматурасының майлы материалдарға тиуіне жол бермеу керек.

Оттегісі бар баллондарды қолмен домалатқан кезде клапанынан ұсташауға

б о л м а й д ы .

5) Газ сақтайтын үйлерде дұрыс газ анализаторы болуы керек, ал ол болмаған жағдайда объекті басшысымен сынауды іріктеу және тексеру тәртібі белгіленуі қ а ж е т .

6) Баллоннан газдың шыққанын байқаған кезде оны қоймадан алып басқа бір қауіпсіз жерге қою керек.

7) ЖГ бар баллондар сақталатын қоймаға, аяғында металл шегемен таға қағылған аяқ киімі бар адам жіберілмейді.

8) ЖГ қалпы бар баллондар арнайы ұяда, торда және басқа да құламайтын қондырыларда тік күйінде сақталуы керек.

Қалпы жоқ баллондар, көлденең күйінде рамада немесе сөрелерде сақталынуы керек. Мұндай жағдайда қатардың биіктігі 1,5 метрден аспауы керек, ал клапандары сақтандырылыш қалпақтармен жабылып бір жаққа қарап тұруы к е р е к .

9) Газ тұратын қоймаларда басқа заттарды, материалдарды және құралдарды сақтауға б о л м а й д ы .

10) ЖГ қоймасының үйі табиги желдеткішпен қамтамасыз етілуі керек.

4. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау

1. Жемді сақтау

1) Жемді ферма үйінен бөлек жалғастыра салынған саңылаусыз жанбайтын қабырғалары (қалқасы) бар және отқа тұрактылығы 0,75 с. жабындар үйінде сақтауға рұқсат етіледі .

Жалғастыра салынған құрылыштардың тікелей сыртқа шығатын есіктері б о л у ы к е р е к .

2) Пішен сарай топырақпен үйіліп, сыммен қоршалуы керек т.т.б. Таразы пішен сарайынан тыскары жерде болуы керек.

Пішен маялары, қалқалары және қатарлары электр жүйесіне дейін 15м, жолға дейін 20 м, үйлер мен құрылыштарға дейін - 50 м. қашықтықта болуы керек.

3) Маяларды (шөп) орналастыратын аландары алқаптың периметрі бойынша енін 4 м. қазып тастау керек. Алқаптың шетінен маяға дейінгі ара қашықтық 15 м , ал маялардың арасы - 5м, кем болмау керек. Бір мая тұратын алқаптың аумағы 150 м², ал престелген шөптің, сабанның қатары - 500 м² аспауы керек.

Әр маяның, қатардың, қалқаның өртке қарсы аралығы 20 м. кем болмауы керек. Маялардың (шөптің) қатарларын, қалқаларын қос-қостап орналастырғанда олардың ара қашықтығы 6 м, ал олардың екеуінің арасы - 30м. болуы керек.

Кварталдар арасындағы өртке қарсы аралық (әр кварталға 20 маядан орналастыруға болады) 100 м. кем болмауы керек.

4) Маялардағы шөптің дымқылдығы жоғары болса, онда температурасына бақылау жасау к е р е к .

Арба тіркеп сүйрейтін тракторлар жүк тұсіру жұмыстары кезінде маяларға Зм
артық жақында мауы керек.

6) Жем сақтайтын қоймаларда өрт бола қалған жағдайда оны сөндіру үшін 50 м³ су болуы керек.

2. Астықты сақтау

1) Егінді жинардың алдында астық қоймаларының және астық кептіргіштерінің дайындығын тексеріп, ақау жерлерін жөндеп, дайындаған жөн.

Астық коймаларын бөлек тұратын үйлерге орналастырган жөн. Олардың қақпалары сыртқа қарай ашылып, ештеңе бөгет болмауы керек.

Қойманың жанғыш құрылмаларын өртке қарсы қураммен өңдеу қажет.

2) Астықты үйіп сақтау кезінде үйіндінің жоғарғы жағынан жанғыш жабуға, сонымен қатар шырақтарға және электр өткізгіштеріне дейінгі ара қашықтық 0,5 м б о л у ы к е р е к .

Астықты тасымалдайтын орындарда өртке қарсы тосқауылдарға қорғаныш қондырығыларын (өртке қарсы ЕФ-8 клапанын немесе басқаларын) орнату қажет.

3) М ы н а л а р ф а :

- астықпен бірге басқа материалдармен жабдықтарды сақтауға;
 - қойма үйінің ішінде астық тазалағыш және іштен жанатын двигательдері бар машиналарды қолдануға;
 - қойманың екі жағындағы қақпалары жабық болған жағдайда, қозғалмалы механизмдермен жұмыс істеуге;
 - қатты отынмен, ТЖС және ЖС көмегімен жұмыс істейтін кептіргіштерді тамыздықпен жағуға, сұйық отынмен жұмыс істейтін шырақпен тұтатуға;
 - кептіргіштерде температуралы тексеретін ақауы бар аспаптармен және оттықта шырақ сөніп қалған жағдайда жылу беретін автоматикада электрмен жағатын жүйемен немесе онсыз жұмыс істеуге;
 - транспортер лентасынан асырып астық салуға және лентаның транспортер құрылғысына үйкелеуіне тиым салынады.

4) Жұмыс істеп тұрған кептіргіштердегі астықтың температурасын тексеруді
сағат сайын сынауға алу жолымен жүзеге асырылады.

Кептірғыштердің артатын, түсіретін механизмдерін астық пен шаңнан тазарту жұмысы істеп болғаннан кейін бір сөткедан кейін жүргізіледі.

5) Жылжымалы кептіргіш агрегат астық сақтайтын қоймадан 10 м. қашықтықта орналасуы керек.

Кептірғыштің жағылатын қондырғысынан үшқын шықпауы керек. Түтін шығатын мұржалар үшқын сөндіргіштермен жабдықталуы керек, ал жанғыш

конструкциялар арқылы өтетін жерлерде өртке қарсы бөлімдер жасау керек.

6) Астық қоймаларында астықты кептіру кезінде желдеткіштерді жанғыш қабырғалардан 2,5 м қашықтыққа орналастыру керек. Ауа жүргіштер жанбайтын материалдардан жасалынуы қажет.

5. Ағаш материалдарын сақтау

1 . Ж а л п ы т а л а п т а р

1) Ағаш материалдарын сақтайтын қоймалардың аумағы 10 мың.м³, ағаш материалдарын сақтайтын қоймалардың жобалау нормаларының талабына сәйкес болуы керек.

2) Аумағы 10 мың. м³ ағаш материалдарының қоймаларында сақтайтын материалдардың көлеміне қарай ағаштарды қатар-қатар орналастырудың, өртке қарсы өтетін жолдардың аралығы жөнінде мемлекеттік өртті қадағалау органдарымен келісіліп, жоспар жасалынады.

3) Қатарлардың арасындағы өртке қарсы аралықтарға ағаш материалдарын, жабдықтарды қоюға болмайды.

4) Отын қоюға бөлінген жерлер топырағына дейін шөптен, жанғыш қоқыстардан тазартылып, 0,15 м биіктікте құм, топырақ, қырышық тас төселеуден көрек.

5) Әрбір қойма үшін қатарларды, жанқаларды қалай бұзу керектігі жөнінде шаралары анықталынып, кәсіпорындардың қызметкерлері мен техникасын тарту мүмкіндігіне байланысты өрт сөндіру жоспарлары жасалынады. Жыл сайын көктем-жаз өрт қауіпті кезең басталар алдында кәсіпорындардың барлық қызметкерлерін және тиісті мемлекеттік өртке қарсы қызметтері бөлімшелерін тарту арқылы жоспар қайтадан жасалынуы керек. Жаз уақытында қойманың аумағын мезгіл-мезгіл сулап отыру керек.

6) Қоймаларда өрт сөндіретін жабдықтардан басқа қосалқы өрт сөндіретін әртүрлі техникасы бар пункттер (постар) болуы керек. Ағаш материалдарын сақтайтын қоймаларда өрт сөндіруге қажетті мол су болуы керек.

7) Қоймаларда ағаш материалдарын сақтауға қатысты емес басқа жұмыстарды жүргізуге болмайды.

8) Ағаш сақтайтын қоймаларда жұмысшылар үшін тұрмыстық бөлмелер, жергілікті мемлекеттік өртті қадағалау органдарының келісімі бойынша бөлек басқа үйлерде орналасуы керек.

Бұл үйлерді жылдыту үшін тек қана заводтан шыққан электр қыздырғыш құралдарын пайдалануға болады.

9) Ішінде жанғыш двигательдері бар лебедкаларды ағаш үйілген қатарлардан 15 м қашықтыққа орналастыру керек.

Лебедканың маңайы қоқыстардан, қабықтардан, жанғыш қалдықтардан таза болуы керек. Двигательдерге құятын ЖСМ, бір бөшке ғана сақтау керек және лебедкадан 10 м, үйлген қатардан 20 м қашықтықта болуы керек.

2. Кесілген материалдар қоймасы

1) Кесілген материалдарды қалауда және сұрыптауда көлік өтетін жолдың бір ақ жағында тұруы керек, өтетін жолдың ені 4 м. болуы керек. Кесілген материалдардың қаланбаған жалпы көлемі қоймаға сетке бойына түсетін көлемінен аспауы керек.

2) Өртке қарсы жүретін жолдарда, су көздеріне баратын жерлерге көлік пакетін орнатуға болмайды.

3) Механизмдер уақытша жұмысын тоқтатқан жағдайда, пакеттерді іріктеу және орнату арнайы алаңдарда жүргізіледі.

4) Көлік пакеттерін су өтпейтін қағазбен орау (біртұтас технологиялық процесс кезінде бұл операция болмаған жағдайда) арнайы бөлінген алаңда жасалынады.

5) Пайдаланылған су өтпейтін, қағазды, оның жыртылған қындыларын контейнерге жинап салу керек, оларды байлайтын жер мемлекеттік өртті қадағалау органдарымен келісіледі.

6) Жабық қоймалардағы қатарлардың арасы мен үйдің қабырғаларының арасындағы жүретін жолдың ені 0,8 м кем болмау керек. Қойманың есігіне қарсы өтетін жолдың ені есіктің енімен бірдей болуы керек, бірақ 1 м. аспауы керек.

7) Жабық қоймаларда қоршаулар мен қызмет үйлері болмауы керек.

8) Жабық қоймалардың және төбесі жабылған алаңқайлардың едені жанбайтын материалдан жасалынуы керек.

3. Тамызық қоймалары

1) Тамызық жабық қоймаларда, шұнқырларда және жанбайтын материалдан жасалған негізі бар ашық алаңқайларда сақталынады.

2) Конвейерлердің электр двигательдері орналасқан күркелер I және II дәрежелі отқа тұрақты болуы керек.

3) Тамызықтың температурасының қызып кетпестігін бақылап отыру үшін буртаның ішіне термоэлектр түрлендіргіштерін орнату үшін жанбайтын материалдан құдық жасау керек.

6. Көмір қоймалары

1) Көмірді су баспайтын дұрыс жерге төгу керек.

2) Мыналарға :

- жаңадан өндірілген көмірді бір айдан аса жатқан ескі көмір үйінділерінің үстінен төгуге;

- қоймаға өзінен-өзі жанатын көмірді төгуге;

- жанғыш көмірлерді транспортер лентасымен темір жол көлігіне немесе

бункерге артуға және тасымалдауға;
- көмірді жылу көздерінің үстіне (бу өткізгіштерінің, ыстық су құбырларының), сонымен қатар жер астымен жүргізілген электр кабельдерінің және мұнай өткізгіштерінің үстіне төгуге тиым салынады.

3) Көмірді үйюде және сақтауда олардың арасына қағаз, ағаш және басқа да жанғыш материалдарды түсірмеу керек.

Сапасы әртүрлі көмірлерді бөлек-бөлек үю қажет.

4) Қоймаға ұзақ уақыт сақталуға келіп түскен көмірді вагоннан түсіргеннен кейін аз уақыттың ішінде үйіп тастау керек. Түсірілген көмірді үймей екі-ақ сөтке сақтауға болады.

Өтетін механизмдер мен өрт машиналарының өтетін жолдарының ара қашықтығы қоршалған дуалдан немесе кран астындағы жолдардың ірге тасынан көмір үйінділеріне дейін 3 м. кем болмау керек, ал сыртқы рельстің басына немесе автомобиль жолдарына дейін - 2 м кем болмау керек.

Өтетін жолдарды қатты отынмен және олардың жабдықтарымен үйіп тастауға болмайды.

5) Қоймада температуралы жиі-жиі бақылап отыруды қамтамасыз ету керек, ол үшін темір құбырлардың басына термометр қойып немесе басқа да қауіпсіз әдіспен тексеріп отыру керек.

Температурасы 60С жоғары болса, температурасы көтерілген жерлердің қатарларын нығызыдау, жанған көмірді ойып алып тастау немесе температуралы төмендететін қауіпсіз әдістерді қолдану керек.

Температурасы жоғарылай бастаған көмірлерді алдымен жұмсау керек.

6) Қатарлардағы көмірді тікелей сумен сөндіруге немесе сұытуға болмайды. Жанған көмірді үйіндіден алғаннан кейін ғана сумен сөндіруге болады.

7) Өздігінен жанған көмірді сөндіргеннен кейін немесе сұытқаннан кейін қайтадан үйіндіге салуға болмайды.

8)) Өндіріс үйлеріндегі көмір сақтайтын подвал немесе бірінші қабаттағы үйлер өртке қарсы қоршаулармен бөлінуі керек.

16. Сауда павильондары мен дүңгіршіктер

1. Жалпы талаптар

1) Аумағы 20 м² сауда дүңгіршектері үйлерінің және бір қабатты павильондардың отқа қарсы дәрежесі белгіленбекен.

Аумағы үлкен сауда павильондарының рұқсат етілетін қабат саны және қабат алаңының отқа қарсы тұрақтылығы құрылымы нормасы мен ережесі бойынша анықталынады.

2) Жанғыш сұйықтарды және газдарды сату үшін тағайындалған павильондар мен дүңгіршіктер ереже бойынша, қатар тұрған немесе топталып тұрған осыларға ұқсас тауарларды сататын дүңгіршіктерімен бірге отқа тұрақтылықтың

I, II және III дәрежелерін орындаулары керек.

3) Есіктің ішіне орнатқан тиегі тез ашылып жабылатын болуы керек.

4) Елді мекендердегі дүңгіршіктер электрмен (маймен жанатын радиаторлармен панельді жылтытатын - тиісті сертификаты болуы керек), бумен және сұмен жылтылуы керек.

Елді мекендерден тыс пункттерге орналасқан дүңгіршіктерде СНиП 2.04.05-91 * талабын сақтай отырып пеш жағуға рұқсат беріледі.

5) Дүңгіршіктердің электр жабдықтары ЭКЖ талабына сай болуы керек.

Қызып кететін электр шамдарының қорғаныш қалпағы болуы керек.

Павильондардың және дүңгіршектердің электр жүйесін сөндіретін қондырғылары жанбайтын негізге орнатылуы керек.

6) Дүңгіршіктер мен павильондардың қас бетіне дыбыс және жарық беретін автоматтандырылған өрт сөндіру дыбыстағыштарын орнату керек (жекелеген өрт х а б а р л а ғ ы ш т а р ы).

7) Өрт қауіптілігі жөнінен IY топ объектілеріне жататын павильондар мен киоскілер мемлекеттік өрт қадағалау органдарының шығарған қорытындысы бойынша жыл сайын құжатталады.

Шет елдің заңды және жеке тұлғалары (егер олар экс аумақтық жағдайды пайдаланбаса), сонымен қатар азаматтығы жоқтар объектіге құжатты Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларымен бірдей алады.

8) Өрт қауіптілігі бойынша IY топқа жататын объектілерге мыналар жатады:

- I, II, III топтағы объектілерге жатпайтындар:

- көлікті жөндеуге, сонымен қатар бөлек агрегаттарға қызмет көрсететін көсіпорындар т.т.б.

кооператив көлік тұрақтары және гараждар;

әртүрлі үлгідегі және түрдегі автоға май құятын станциялар.

- Бөлек тұрған сауда павильондары, дүңгіршіктер, қабылдау пункттері, жөндеу шеберханалары, ақша ауыстыратын пункттер - халықтың тұтыну заттарын сататын, оның ішінде көтерме рыноктары мен базарларының аумағында орналасқан 20 кв.м. контейнерлер.

- Қоғамдық, тұрғын үйлерге және құрылыштарға қоса салынғандар:

аумағы 500 кв.м. жерді алатын сауда, тұрмыс қажеттері, азық-тұлік, физкультура-сауықтыру кешендері, кітапханалар, дәріханалар, дәрігерлік кабинеттер, жинақ банкілері, сыра барлары, үйлену үйлері, көркемдік шеберханалар, салтанат сарайлары, мұражайлар және көрмелер;

аумағына байланысты емес оғистер, дискотека залдары, ойын орындары, видео-аудио жазу және жалға беру пункттері, ақша айырбастау пункттері, диспетчерлік пункттер, байланыс бөлімдері, сурет салондары, жерлеу бюросы (жоралар) кеңселер, дүңгіршіктер, жөндеу шеберханалары, кішкене-өндірістер (

орналастыруға болатын), тирлар, бильярд, көшіріп-басу, көлік агентствалары,
касса павильондары .

- Мемлекеттік өртті қадағалау органдары I, II, III топтағы объектілерге жатқызбаған басқа объектілер.

- Әр дүңгіршікте 5 қосымшадағы міндettі нормаларға сәйкес өрт сөндіретін күралдар болуы керек.

2. Дүңгіршіктер мен павильондарды орналастыру

1) Дүңгіршіктер мен павильондарды орналастыру атқару өкіметінің аумақтық органдары белгілеген тәртіп бойынша келісіледі.

2) Бөліп берілген аумақтарға дүңгіршіктерді сонымен қатар аумағы 20 кв.м. бір қабатты павильондарды - топтап орналастыруға болады. Бір топқа олардың отқа тұрақтылығына қарамай-ақ 10-нан аса құрылыштарды орналастыруға болады

Олардың ара қашықтығы белгіленбейді.

3) пунктінде көрсетілгендей топтардың, аумағы 20 кв.м, павильондар мен дүңгіршіктердің, сонымен қатар жанғыш заттар мен газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршіктердің ара қашықтығы (аумағына байланысты емес), 1 кестеге сәйкес алынады.

1 Кесте

— Топтағы құрылыштардың отқа тұрақтылық дәрежесі Отқа тұрақтылық кезіндегі дүңгіршіктер мен павильондардың метрмен алынған ара қашықтығы

№I, II, III IIIa, IIIб, IV, IVa, V

— № I , II , III 6 8
IIIa, IIIб, IY, IYa, Y 8 10

— Ескерту: дүңгіршіктер мен павильондардың отқа тұрақтылығы әртүрлі дәрежедегі топтары бар болса, топтан көрші үйге дейінгі ара қашықтығы отқа тұрақтылығы өте төмен дәрежедегі құрылыштар бойынша алынады.

4) тармақта көрсетілген бөлек тұрған дүңгіршіктерден (павильондардан) және

топталып тұрған құрылыштардан, өнеркәсіп кәсіпорындарының қоғамдық және көмекші үйлерінен өндіріс үйлеріне дейін, сонымен қатар аумағы 20 м² сауда павильондарының ара қашықтығы қалаларды және селоларды жоспарлап салу нормаларына сәйкес алынады.

5) Жанатын қоқыстарды жинайтын орын дүнгіршіктер мен павильондардан 15 м. қашықтықта орналасуы керек.

6) Оралған материалдар мен құрал-саймандарды сақтайтын үйлер 5 м² аландарда орналасуы керек.

17. Автокөліктеге жанар май құю стансалары <*>

Ескерту: 17-тaraumen толықтырылды - КР Төтенше жағдайлар жөніндегі

Агенттігінің 2000 жылғы 19 қыркүйегіндегі

N 214 бұйрығымен. V001273_

1. Жалпы ережелер

1) Осы тарауда жер үстіндегі көлік құралдарына жанар май құю, сондай-ақ жөндеу және реттеу жұмыстарын жүргізу үшін арналған автокөліктеге жанар май құю стансаларын (бұдан әрі - АЖС) пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің талабы бөлгіленген.

2) АЖС пайдалануға беруде штаттағы қызметкерлер саны тәртіп бойынша екі адамнан кем болмауы керек.

3) Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес АЖС өртке қарсы жағдайына оның иелері жауап береді.

4) Осы тараудың негізінде әрбір АЖС қожалары үшін өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулықтарды жасауы тиіс.

Нұсқаулықта:

мұнай өнімдерін қабылдау, оны сақтау және тұтынушыларға сату тәртібі;

аумакты ұстау тәртібі;

дұрыс сақтамаған жағдайда өрт туғызатын, өртке қарсы арнайы іс-шаралары;

өрт сөндіру құралдарын ұстау, оларды іс-қимылға келтіру және өрт шыққан кезде өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру ережелері;

майланған сұртетін материалды және құмды жинау, сақтау және алып тастау, арнаулы жұмыс киімдерін сақтау, үйді жиыстыру және технологиялық жабдықтарды тазалау тәртібі;

өрт және өрт қауіпті жағдай туындаған кезде өртке қарсы қызмет бөлімшелері келіп жеткенге дейінгі АЖС қызметшілерінің міндеттері мен іс-қимылдары;

АЖС басқа да өзіне тән ерекшеліктері.

5) Нұсқаулықтың "Өрт және өрт қауіпті жағдай туындаған кездегі АЖС қызметшілерінің міндеттері мен іс-қимылдары" бөлімінде АЖС қызметшілерінің

мынадай іс-қимылдары міндettі тәртіппен регламенттеледі:

АЖС өрт қауіпті жағдай туындаған кезде технологиялық электр беру жүйесін сөндіру (аварияға қарсы және өрттен қорғану жүйелерінің электр беруінен басқасын), АЖС пайдалануды тоқтату және оның аумағын көлік құралдары мен адамдардан босату, соған орай, бір уақытта өрт қауіпті жағдайды жоюға кірісу

қ а ж е т ;

4 кв.м. аз аумаққа отын төгілген кезде дереу ағып жатқан жерді жабу қажет және өрт қауіпті жағдайды жоюға кірісу;

4 кв.м. көп аумаққа отын төгілген кезде дереу отын төгілген барлық аумақты ауа-механикалық көбігімен жабу және сонынан отынды авариялық ыдысқа толығымен құйып алғанға дейін көбіктің қабатын 0,05 м. қалындықта ұстau

қ а ж е т ;

отын автоцистернаға жақын жерге төгілген кезде (бұдан әрі - АЦ) (бензин төгілген жағдайда бұл ара қашықтық 6 м. дейін, дизелді отын төгілген шетінен АЦ габаритіне дейін 3 м. алынады) (егер бұл адамдардың өміріне қауіп төндірмесе), өрт қауіпті жағдайды жою үшін төгілген отын жаңа бастаған жағдайда немесе төгілген отынның үстіне себілетін, ластанған құмды әкеткеннен кейін АЦ двигателін қосу және оны АЖС аумағынан әкету қажет. Отын көп аумаққа төгілген жағдайда, АЦ АЖС аумағынан дереу, бензин төгілген жерден 6 м. қашықтықта және дизельді отын төгілген жерден 3 м. қашықтықта айналып

өтіп әкетілуі тиіс.

АЦ жабдықтары жанған кезде оны әрқайсысының сиымдылығы 50 л. кем емес ұнтақты өрт сөндіргіштер мен АЦ штатындағы өрт сөндіргіштердің көмегімен, ал жанып жатқан отынның үстіне қосымша құйылып жанса, оны әрқайсысының сиымдылығы 100 л. ауа-көбікті өрт сөндіргішпен сөндіреді;

АЖС өрт туындаған жағдайда өрт туралы дереу өртке қарсы қызметке хабарлау қажет және қолда бар өрт сөндіру құралдарымен оны сөндіруге кірісу керек, сонымен бірге аумақты адамдар мен көлік құралдарынан босату жөніндегі

іс - шараларын қабылдауды .

6) АЖС жұмысшылары мен АЦ жүргізушілері өртке қарсы нұсқаулардан тұратын (өрт-техникалық минимум бойынша бастауыш және қайталау сабактары) арнайы өртке қарсы дайындықтан өтуі тиіс.

2. АЖС үйлерін, ғимараттарын және аумақтарын ұстauға қойылатын талаптар

1) АЖС аумағы жоспарлануы және көркейтілуі, жанғыш қоқыстан және төгілген мұнай өнімдерінен тұрақты тазартылып отыруы тиіс.

2) Үйлер мен ғимараттардың арасындағы өртке қарсы жарылған жерді әртүрлі заттар мен материалдарды жинау, көлік құралдарын қою және құрылыштың күрделі және уақытша объектісі үшін пайдалануға болмайды

3) АЖС аумағының ішінде көлік құралдарының жүрісі, ереже бойынша, біржақты болуы тиіс. Мұндай жағдайда жеке кіретін және шығатын жол болуы к е р е к .

4) АЖС аумағына кірер алдында сол үйымның аумағы бойынша көліктің қалай жүру тәсімі және жүргізушілер мен жолаушылар үшін өрт қауіпсіздігінің іс-шараларын реттейтін нұсқаулығы бар тақталар ілінуі керек.

5) АЖС аумағы бойынша жүретін жолдар, су көздеріне және алғашқы өрт сөндіру құралдарына баратын жолдар жинақы болуы керек. Қыс уақытында жүретін жолдар мен өтетін жолдар қардан тазаланып отыруы тиіс.

6) Пайдаланылған сұртетін материалдар мен мұнай өнімдері сіңген құмдарды жинау үшін қақпағы мықтап жабылатын металдан жасалынған жәшіктер қойылуы қажет. Сұртетін материалдар мен мұнай өнімдері сіңген құмдарды жұмасына бір рет АЖС тыс жерлерге апарып төгу қажет.

7) АЖС аумағында темекі тартуға тыым салынады. Жүргізушілерге және жолаушыларға үйымдасқан қызмет көрсететін үйлер мен ғимараттарда темекі тарту үшін арнайы жабдықталған орындар бөлінуі тиіс.

8) АЖС барлық үйлерінің кіретін есіктерінде, сондай-ақ сыртқы есіктерінде мұнадай жазулар болуы керек:

жарылу және өрт қауіптілігі бойынша үйлердің санаттары;
ПУЭ бойынша жарылу қауіпті және өрт қауіпті аймақтардың класы;
өрт қауіпті жағдайға жауапты қызметкердің аты-жөні;
өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру телефондарының нөмірлері.

9) АЖС үшін көрінетін жерлерде ілінілуі және жасалынуы қажет:

өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулықтар;
ғимараттардың, олардағы бөлмелердің, эвакуациялық шығу есіктерінің жоспарларын, өрт сөндіру құралдарының және дабылдағыштардың орнын сілтеп көрсетіліп .

10) АЖС аумағындағы жанып жатқан көлік құралын жедел эвакуациялау үшін АЖС буксирге алатын ұзындығы 3 м. қатты штангымен қамтамасыз етілуі т и и с .

11) АЖС қауіпсіздік белгілерімен және жол белгілерімен қамтамасыз етілуі тиіс, оның құрамында темекі тартуға және ашық отты пайдалануға тыым салатын, жолаушылардың қозғалысын және жанар май құятын көлікті реттейтін белгілер болуы керек .

12) АЖС-да АЖС қызметшілері үшін мұнадай қызметтік және тұрмыстық үйлерді (ғимараттарды) орналастыруға рұқсат етіледі: операторлық, экімшілік, тамақ қабылдайтын, күзет қызметі, сондай-ақ санузелдер, арнайы киімдер, құрал-саймандар, қосалқы бөлшектер, аспаптар мен жабдықтар қоймасы. Көрсетілгендер басқа АЖС аумағында жер астында ыдыстары бар

жолаушыларға, жүргізушілерге және олардың көлік құралдарына ұйымдастырылған қызмет көрсететін үйлер (ғимараттар) орналастыруға рұқсат беріледі.

Жолаушылар мен жүргізушілерге ұйымдастырылған қызмет көрсетуға берілген үйлерде әртүрлі тауарлары бар дүкендер, кафелер және санузелдер, көлік құралдарына ұйымдастырылған қызмет көрсету үшін техникалық қызмет көрсету постарын және автомобиль жуатын жерлер ашуға рұқсат беріледі. АЖС аумақтарында жер бетіндегі ыдыстармен қатар АЖС қызметшілері үшін сауда залы жоқ тауарлары бар дүкен үйлерін орналастыруға рұқсат етіледі.

13) Бір үйдің ішінде:

көлік құраларына ұйымдастырылған қызмет көрсету үйі және жолаушылар мен жүргізушілерге ұйымдастырылған қызмет көрсететін үйлерді;

тез жанатын және жанар май сұйықтарын сататын дүкендер мен қофамдық тамақтану үйлерін біріктіруге болмайды.

14) АЖС үйі, ереже бойынша, орталықтан жылу беру жүйелерімен жабдықталуы керек.

АЖС үйінде өрт қауіпсіздігінің талабына жауап беретін, жанғыш конструкция мен материалдарға дейінгі талап етілетін ара қашықтықты сақтай отырып, зауыттан шыққан майлы электрқызығын аспаптарын орнатуға болады. Қызығын аспаптардың және әртүрлі құбырлардың үстіне жанғыш материалдарды (арнайы киімді, сұртетін материалдарды және т.т.б.) жинауға, сондай-ақ қызығын аспаптардың үстіне киім, аяқ киім кептіруге болмайды.

АЖС аумағында және үйінде жылдыту қондырғыларын және ашық оты бар құрылғыларды қолдануға болмайды.

15) Қызмет көрсететін қызметшілердің арнайы киімдері металдан жасалған шкафтарда ілулі күйінде сақталуы керек.

16) Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне немесе орман алқаптарына жақын АЖС орналастыру кезінде өрт жайылуы ықтимал жағдайда (астық, мақта және т.т.б.) отырғызылған көшеттерді және дала алаптарын бойлай жанасып жатқан АЖС шекарасын 4 м. жерді жыртып тастайды.

3. Технологиялық жабдықтарды пайдалануда қойылатын талаптар

1) АЖС технологиялық жабдықтары:

- жобалау, техникалық-пайдалану құжаттарына (бұдан әрі - ТПК) және техникалық жағдайға (бұдан әрі - ТЖ) сәйкес болуы керек;

- бақылау және реттеу аспаптары дұрыс болуы керек;

- ауа кірмейтіндей болуы керек;

2) Технологиялық жабдықтарды:

- қолда бар отын ақсан кезде;

- бақылау және реттеу аспаптарын тексеру кезінде болмаған, қираған, үзіп тасталған немесе мерзімі өтіп кеткен жағдайда;

- басқа да ақаулықтары болған жағдайда пайдалануға тиым салынады.

3) Технологиялық жабдықтарға АЖС өрт қауіпсіздігінің дәрежесін арттыратын, конструкциялық өзгерістер енгізуге тиым салынады.

4) Тексеру-өлшеуіш аспаптары мөр басып бекітілуі және технологиялық жабдықтардың өрт қауіпсіздігі жұмысын қамтамасыз етуші нақты белгіленген шекті рұқсат етілетін параметрі болуы керек (қысымы, температурасы, концентрациясы, құю деңгейі және т.т.б.).

Рұқсат етілетін шегінен бір параметрі ауытқыған жағдайда, автоматты түрде ескерту (жарықты немесе дыбысты) дабылдары берілуі керек.

5) Негізгі және көмекші технологиялық жабдықтар статикалық электірлендіруден қорғалуы тиіс.

6) Отын сақтайтын ыдыстар олардың асып төгілуін болдырмайтын жүйемен жабдықталуы керек, ыдыс 90%-ке жетіп толған кезде автоматты дабылмен қамтамасыз етілуі тиіс (жарықты немесе дыбысты), ал барынша рұқсат етілетін дәрежесі бойынша 95% толған кезде 5 с аспай, ыдыстың толғаны автоматты түрде тоқтатылады.

7) Отынды және оның буларын атмосферадан, қоршаган ортадан бөліп тұратын қақпақтар және фланцелердің, штуцердің патрубкалары мен жанақсан жерлері ұшқынданбайтын және мұнай өнімдерінің әсеріне тұрақты арматурамен, басқа да қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

Пайдалану кезінде ашылатын аталған қақпақтар мен бұқтырмалар ұшқынданбайтын материалдан жасалуы керек.

8) Отын сақтайтын ыдыстар деаэрация желілерімен жабдықталуы тиіс.

Деаэрация желілерінің құбырлары отқа бөгеу болатын немесе жылдың қай мезгілінде болса да жұмыс қабілетін сақтайтын теліме отқа бөгеу болатын тыныс алатын қақпақтармен, жылдың қай мезгілінде болса да жұмыс қабілетін сақтайтын теліме отқа бөгеу болатын тыныс алатын қақпақтармен жабдықталуы тиіс.

4. Жөндеу және реттеу жұмыстары

1) Жанар май бу-аяу қоспалары пайда болуы ықтимал аймақтардағы жұмысты ұшқын тудырмайтын ұшқын қауіпсіз құралдармен, киіммен және аяқ киіммен істеу қажет.

2) Бұрын пайдаланған ыдыстарды тасымалдауға, алаңға орналастыруға, орнатуға, жөндеуге ішіндегі отыны толығымен біткен кезде су буына ұсташа, жылы сумен жуу, оқшау газдармен үрлеп тазарту және газ анализаторы арқылы отынның буын тексергенде ғана рұқсат беріледі.

Іідыстағы отын буының концентрациясы 20% тұтанудың төменгі концентрациялық шегінен аспауы керек (ТКША).

3) АЖС технологиялық жүйелерінің ауа кірмейтіндігіне пневматикалық

сынау жүргізу үшін (ыдыстың қабырға аралық кеңістігіне, ыдыстың ішкі кеңістігіне, құбырларға және т.т.б.) жанбайтын газдарды пайдалану қажет (азот, көмір қышқыл газы және т.т.б.). Жабдықтың ауа кіретіндігін тапқаннан кейін АЖС пайдалану тоқтатылуы тиіс.

4) Ыдыстың қай түріндегі болмасын суды кетіру қатты шламдарды қоса отырып, жабық әдіспен жүргізіледі. Бұл мақсаттар үшін пайдаланылатын құралдар ұшқын шығармайтын материалдардан жасалынып, бензин және дизельді отынмен жұмыс істеу үшін арналуы керек. Қолмен жұмыс істейтін насостарды пайдалану арқылы шламды төгу кезінде аздаған бу шығатын ашық жері бар жабық ыдысқа құю арқылы жүзеге асырылады. Шламдалған кезде бұл операцияға қатысты емес барлық люктер мен штуцерлер жабық болуы тиіс. Шлам салатын ыдыс аумақтағы жақсы бекітілген ыдыстың табандығына орнатылуы керек және жерге қосылады. Көп камералы ыдыстарды шламдау әр камераға бөлек жүргізіледі.

Шламдалып болғаннан кейін шлам АЖС аумағынан тыс жерге апарылады.

5) Деаэрация жүйесі құбырларының шыға берісіне орнатылған дем шығаратын клапандарды немесе от бөлгөштерді жөндеу кезінде осы құбырлардағы ілмекті арматураны алдын ала ауа кірмейтіндегі етіп жабу керек.

5. Отын қабылдау және беру үшін пайдаланылатын жабдықтарға қойылатын талаптар

1) Автоцистернадан (АЦ) отынды қотарып қую жабық схема бойынша орындалуы тиіс. Отынның буын, ыдыстың және АЦ дем шығаратын қондырғыларын қоспағанда, қоршаған ортаға шығармау керек.

2) АЦ отынды қотарып құйяр алдында ыдыстың ішіндегі отынның деңгейін елшеу және қорғану қондырғыларының дұрыстығына көз жеткізу қажет. Қотару процесін АЖС қызметкерлері мен АЦ жүргізушілері бақылауы тиіс.

3) Ыдыстың ішіндегі отынның түрін ауыстыру кезінде (бензин-дизель отыны) оның іші бұрын сақталған өнімнен мұқият тазалануы қажет және ыдыстың сыртына немесе жер асты ыдыстарына құятын құбырлардың көрінетін жеріне сақталынған отынның түрі көрсетіліп жазылуы керек.

4) АЖС АЦ отынмен кірген кезде оның аумағындағы көлік пен бөгде адамдар шығарылуы тиіс. АЖС бір уақытта екі не одан да көп АЦ ұстауға болмайды.

5) АЦ отынды қотарып қую бойынша операцияны АЖС екі қызметкері жүргізуге тиіс және мына:

жанар жағар май АЦ алаңында әрқайсысының сиымдылығы 100 л тұратын, екі жылжымалы ауа-көбікті өрт сөндіргішін орнату;

жанар жағар май АЦ аумағындағы мұнай өнімдерінен ластанған атмосфера тұнбасын бөлетін науаны жабу және төгілген отынды авариялық ыдысқа бөліп құятын құбырды ашу;

АЦ жерге қосу және отынды АЖС ыдыстарына қотарып құю бойынша операцияға кірісу шарттарын орындаулары тиіс.

Автопоездан мұнай өнімдерін қотарып құю кезінде, толық босағанға дейін әрцистерна жеке жерге қосылады.

6) Иілгіш мыстан жасалған жерге қосылатын өткізгіштер АЦ корпусына тұрақты жалғанып тұруы керек және ұшында жерге қосылатын қондырғыға қосу үшін (қысқаш, болтты кигізетін ұштық және т.т.б.) қондырғысы болуы қажет.

Жерге қосылатын өткізгіштерді сырланған және лас металдан жасалған АЦ бөлігіне қосуға рұқсат етілмейді.

7) АЖС көлік құралдарын жанар жағар май құюда мына талаптар:

мотоциклдер мен мотороллерлер двигательдерін сөндіріп, отын құятын бағаналарға жақындейді, жіберу мен тоқтау 15 м. қашықтықта жүргізіледі, автомобильдер өздері жүріп келеді;

двигателін қосқанға дейін жүргізуі көлігінің мұнай өнімдерімен ластанған бөлігін сұртуі тиіс;

мұнай өнімдері төгілген жерге құм төгіледі, ал мұнай өнімдері сіңген құм мен сұртетін материалдар тығыз жабылатын қақпағы бар металдан жасалынған жәшіктерге салынады және жұмыс күні аяқталғаннан кейін АЖС аумағынан аулақ шығарып тасталады;

жанар май құяйын деп тұрған автомобиль мен одан кейін кезекте тұрған автомобильдің ара қашықтығы 1 м. кем болмау керек.

8) А Ж С :

двигателі жұмыс істеп тұрған;

жолаушылары (төрт есігі бар женіл автомобильдерді қоспағанда) бар;

жарылғыш заттар, сығылған және сұйытылған жанғыш газдар, тез жанатын және жанғыш сұйықтар, жанғыш материалдар, улы және радиоактивті заттар және басқа да қауіпті заттар мен материалдар артылған;

іштен жанатын двигательдері мұнай өнімдерімен ластанған көлік құралдарына жанар жағар май құюға рұқсат етілмейді.

6. Жылжымалы автожанар жағар май құю стансаларына қойылатын талаптар

1) Жылжымалы жанар май құю стансаларын Қазақстан Республикасы ТЖА аумақтық мемерртіқадағалау органдарымен келісілген аландарға орналастыруға боялады.

2) Автоотын құятын және бұл мақсаттар үшін тағайындалған басқа да техниканы автожанар жағар май құю стансалары ретінде қолдануға рұқсат етілмейді.

3) Жылжымалы автожанар май құю стансаларын пайдаланар алдында: бақылау-өлшеуіш аспаптары бойынша стансаның герметикалығын тексеру

Ж Ә Н Е К Ө З Б Е Н Ш О Л У ;

автожанар жағар май қую стансасының жерге қосылатын өткізгіштерін алаңдың жерге қосу қондырғысына жалғастыру;

көлік құралдарының отын багының астына қоятын қондырғы ретінде
тұғырық дағындау;

көлік құралдарының автожанар жағар май стансаларына кіретін жолдарға 1 м.
шектейтін бөгөу орнату;

ескерту белгісі мен хабарлама қалқандарын орнату.

7. Электр жабдықтарын пайдалануға қойылатын талаптар

1) АЖС электр жабдықтарына қызмет көрсетуді, мұндай жұмыс түрлерін жургізуге лицензиясы бар мамандандырылған үйымдар жүргізеді.

2) Электр жүйелері мен электр жабдықтарындағы барлық ақаулықтар тез түзетілуі керек. Электр жүйелері мен электр жабдықтарының бұзылған участкелері, оларды өрт қауіпсіздігі жағдайына келтіргенге дейін сөндірілуі тиіс.

3) Электр жабдықтарының, электр шырақтарының, электр өткізгіштерінің, кабельді желілердің және бөліп таратқыш қондырғыларының бетін шаңнан, батпақтан және мұнай өнімдерінен үнемі тазалап отыру қажет.

4) Электр жабдықтары ПЭУ бойынша жарылу қауіпті аймақтың класына сәйкес жөндөледі. Электр жабдықтарында шығарушы-зауыттың жарылыстан қорғану таңбасы болмаса, жарылу қауіпті аймақта пайдалануға рұқсат етілмейді.

5) Жарылу және өрт қауіпті аймақтарда:

кернеу жерге қосылмаған жағдайда кернеу электр қондырғысына немесе оның ақауы болған жағдайда; ток жүретін бөлшектермен кернеу жүрген жағдайда, сиртyn ашуға;

электр жабдықтары автоматты түрде сөнгеннен кейін оның себебін анықтамай қосуға;

ток айқас түйікталып және шамадан артық болып қорғаусыз болса, электр қондырығыны қосуға тиым салынады.

6) Жөндеу және реттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылатын жылжымалы және тасымал электр қабылдағыштарына механикалық әсерге және мұнай өнімдеріне тұрақты иілмелі кабельдер мен желісінің қабығы мыстан жасалынған сымдарды пайдалану қажет.

7) Жарылу қауіпті аймақтардағы үйлерге, ашық технологиялық аландарға, аппаратуралар мен басқа да технологиялық жабдықтарға уақытша жарық беру үшін жарылыштан қорғайтын аккумуляторлы фонарлар қолданылуы тиіс.

Тасымал шырақтар ақаусыз және ПУЭ талабына жауап беруі тиіс.

8) Тасымал аккумуляторлы фонарларды жарылу қауіпті аймақтан тыс қосу және сөндіру қажет.

9) Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық электр жабдықтарын, қауіпсіздік жүйелерінің электр жабдықтарын қоспағанда, сөндіру қажет.

Бөгде адамдарға сөндірілген электр аппаратураларына кіруге болмайды.

10) Электр шамдары мен қоректену көздерін ауыстыру шырақтар мен фонарларды жарылыстан қорғауды қалпына келтіру есебінен жүргізіледі.

11) Электр жүйелерінде және электр аппаратураларында айқас түйікталу, ұшқын, кабелдер мен сымдарды айыруда қызып кетуді туғызатын барлық ақаулар, автоматты басқару және қорғау жүйелері бұзылып, тоқтап қалса, оларды тез арада жою қажет.

12) Найзағайдан қорғау қондырғыларын тексеру және жөндеу әзірленген регламентке сәйкес жүргізуі тиіс.

Найзағайдан қорғау қондырғыларын сынаудан өткізуді тексеру қорытындысы, сондай-ақ реттеу және жөндеу жұмыстарын жүргізу арнайы журналға тіркеледі.

8. Сұмен жабдықтау, өрт сөндіру және байланыс құралдары

1) Сырттағы өртті сөндіру өрт гидранттары немесе сиымдылығы 100 куб.м. кем емес өртке қарсы суаттар арқылы жүзеге асырылады.

2) Өрт гидранттары орналасқан жерлерде жарықты немесе тез өшіп қалатын ПГ деген әріппен жазылған жол белгілері орнатылуы керек, жол белгілерінен гидрантқа дейінгі ара қашықтығы метр және құбырларының ішкі диаметрі миллиметр санымен жазылған.

Өрт сөндіретін суатта ПВ деген әріпті индекспен жазылған соған үксас жол белгілері орналастырылады, су қоры кубметрмен және суат алаңына біруақытта сиятын өрт сөндіретін машиналардың саны санмен көрсетілген.

3) АЖС үйлері СН В3. 1.1-98 "Үйлерді, ғимараттарды және құрылғыларды автоматтандырылған өрт сөндіру дабылдарының жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру және халыққа өрт туралы хабарлау қондырғыларымен жабдықтау нормаларының" талабына сәйкес автоматты өрт сөндіру дабылдарының жүйелерімен жабдықталуы қажет. Тәулік бойы адамнан босамайтын АЖС қызметкерлерінің үйлерін өрт дабылдарымен жабдықтау қаралмаған.

4) АЖС өрт бола қалған жағдайда өртке қарсы қызметті тезарада шақыру үшін телефонмен немесе радиобайланысымен, сондай-ақ қатты дауысты байланыс жүйелерімен жарактандырылуы керек.

5) АЖС өндірістік және қоғамдық үйлері олардың өрт сөндіру қабілетіне, аумағына және өрттің тобына қарай осы ереженің З қосымшасының талабына сәйкес өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етілуі керек.

6) Электр пульттерінің және ыдыстардың арматураларының жанғанын сөндіру үшін көмір қышқылды немесе ұнтақты қол өрт сөндіргіштерін пайдалануды жарапастыру қажет.

7) АЖС АЦ жанар май алаңының үстін жабу үшін әрқайсысының сиымдылығы 100 литрден тұратын жылжымалы екі аяа-көбікті өрт сөндіргішімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Одан басқа, АЖС жылжымалы алғашқы өрт сөндіру құралдарымен мынадай есеп бойынша :

жанар май құятын 4 колонкаға 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіштен (әрқайсысының сиымдылығы 50л), жанған жанар май құятын техниканы сөндіру үшін 1 аяа-көбікті өрт сөндіргішін (сиымдылығы 10л.) және 1 ұнтақты өрт сөндіргішін (сиымдылығы 5 литрден кем емес) қарастыру керек;

жанар май құятын 4-8-ге дейін колонкаларға 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіші (әрқайсысының сиымдылығы 50л), жанған жанар май құятын техниканы сөндіру үшін 2 аяа-көбікті өрт сөндіргіші (сиымдылығы 10л.) және 2 ұнтақты өрт сөндіргіштері (сиымдылығы 5л) қажет. Өрт сөндіргіштерді жанар май құятын шұңқырларға орналастыру керек.

АЦ жанар май құятын алаңының әрқайсысына 2 жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіші (сиымдылығы 50л), АЦ жанған жағдайда соны сөндіру үшін қажет. АЖС жанған жанар май құятын техникасын сөндіру үшін мұндай өрт сөндіргіштері болған жағдайда АЦ өртті сөндіру үшін қосымша өрт сөндіргіштері қарастырылмайды.

8) Жылжымалы автожанар май стансаларын сиымдылығы 10л бір аяа-көбікті өрт сөндіргішімен және сиымдылығы 5л ұнтақты бір өрт сөндіргішімен жарапандару қажет .

9) Өрт сөндіргіштердің орналасқан жері тиісті көрсеткіш белгілерімен белгіленуі тиіс.

Қазақстан Республикасының ТЖА мемлекеттік өртке қарсы қызметінің Департаменті

1 Қосымша

Міндетті

Өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқауларға қойылатын талаптар

Өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулар өрт қауіпсіздігі ережесінің, нормативті-техникалық, нормативті және басқа да өрт қауіпсіздігінің талабын қамтамасыз ететін құжаттардың негізінде, үйдің, құрылыштың, технологиялық, процесстердің, технологиялық және өндіріс құрал-жабдықтарының өрт қауіпті ерекшелігіне байланысты жасалынады.

Өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқауларда мыналар көрсетілуі керек:

- аумақты, үйлерді және мекемелерді, оның ішінде эвакуациялау жолдарын ұстау тәртіби ;

- өрт қауіпті жұмыс өндірінде технологиялық процесстерді жүргізуде,

- жабдықтарды пайдалануда өрт қауіпсіздігін оқыту шаралары;
- жарылу өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтау нормалары мен тасымалдау тәртібі;
 - темекі шегетін орындар, ашиқ отты қолдану және отпен істейтін жұмыстарды жүргізу;
 - жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою тәртібі, арнайы киімдерді ұстау және сақтау;
 - тексеру-өлшегіш аспаптарының дұрыс көрсетуі (манометрлер термометрлер және басқалар), ауытқыған жағдайда өрт немесе жарылыс болады;
 - өрт кезінде жұмыс істейтіндердің іс-әрекеті мен міндеттері, оның ішінде:
 - өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру;
 - технологиялық жабдықтарды апат кезінде тоқтату тәртібі;
 - желдеткішті және электр жабдықтарын тоқтату тәртібі;
 - өрт сөндіру құралдарын пайдалану ережесі және өрт сөндіретін атоматиканы орнату;
 - адамдарды, жанғыш заттар мен құнды заттарды эвакуациялау тәртібі;
 - барлық үйлер мен кәсіпорындарды (бөлімшелерді) өрт жарылу қауіпсіздігіне келтіру және қарап шығу тәртібі.

2 Қосымша Анықтама

Заттар мен материалдарды бірге сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талабы (МЕМС 12. 1.004-91 шыдамдылығы)

Талап заттар мен материалдарды сақтайтын қоймалары мен базалары бар барлық кәсіпорындарға қатысты.

Талап арнайы ереже бойынша тасымалданып, сақталатын жарылғыш және радиоактивті заттар мен материалдарға қатысты емес.

Заттар мен материалдарды сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігін көрсететін ведомствоның құжаттар осы талаптарға сәйкес келуі керек.

1. Жалпы ережелер

1) Заттар мен материалдарды бірге сақтау кезінде олардың өрт қауіптілігіне, улылығына, химиялық активтілігіне, сонымен қатар өрт сөндіретін құралдардың біртектілігіне көңіл бөлінеді.

2) т.келтірілген заттар мен материалдардың қасиеттерінің сәйкес келуіне байланысты олар сақтау кезінде бір-бірімен бірге қосылады не қосылмайды.

3) Бірге сақтау кезінде (қорғану ыдысы мен байламын есепке алмағанда):

- заттар мен материалдардың әрқайсысы жеке алып қарағанда өрт қауіптілігін ұлғайтады;
- өрт сөндіру кезінде қосымша қындықтар туғызады;

- өрт сөндіру кезінде экологиялық жағдайды қынданатады (бөлек заттар мен материалдар жанған кезбен салыстырғанда);

- өзара бір-бірімен қосылып, қауіпті реакцияға түсетін заттар мен материалдар бірге қосылмайтындар деп аталады.

4) Бірге қосылмайтындар потенциалдық қауіптілігіне сәйкес өрт шығаруға, ерттің қауіпті факторларын қүшетуге, айналаны қоршаған ортаны (ауаны, суды, топырақты, флораны және фаунаны) адамды терісі арқылы және тікелей байланыс кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабықтары арқылы уландыруға әсерін тигізеді, бұл заттар мен материалдар өрт кезінде мына топтарға

бөлінеді;

қ а у і п і а з ;
қ а у і п т і ;
ө т е қ а у і п т і .

5) Өрт кезінде шіритін немесе тотығатын, жарылатын немесе өрт қауіпін тудыратын, улы, ащы, экзометриялық қоспаларды және қауіпті басқа заттарды (жанғыш, улы, ащы) бөліп шығармайтын жанбайтын орамдағы жанбайтын заттар мен материалдар қауіпсіз деп аталады.

Қауіпсіз заттар мен материалдарды үйлерде немесе әр түрдегі ашық аландарда (егер бұл заттың техникалық жағдайына қайшы келмесе) сақтауға болады.

6) Қауіпсізге жатпайтын, 19433-88 МЕМС-тың "Қауіпті жүктөр. Топтастыру және таңбалуа" талабы журмейтін, жанғыш және бірден жанбайтын заттар мен материалдар аз қауіптілер деп аталады.

Қаупі аз заттар мына төмендегі топтарға бөлінеді:

- температурасы 90оС артық сұйық заттар;
заттар мен материалдар;

- 12.1.044-89 МЕМС сынауы бойынша 150 С жоғары температураға дейін, айналадағы температура 140 С кезінде өзінен-өзі жанатын заттар мен материалдар; су тиген кезде 0,5 куб.дм/кг қарқынды тұтанатын газ бөлетін заттар мен материалдар;

- асқазанға 500 мг/кг (егер олар сұйық болса), немесе 2000 мг/кг (егер ол қатты болса), немесе 2500 мг/кг теріге тисе ойып түсетін, немесе демді ішке тарту кезінде 20 мг/куб.дм улы заттар мен материалдар;

- ащы және (немесе) мына көрсеткіштерге сай: байланыс кезінде, 24 сағаттан аса (ақ егуұйрық) жануарлардың тері ткандерін жансыздандыратын заттар мен материалдар;

- 1.5.т. жанатын орамдағы жанбайтын заттар мен материалдар.

Қаупі аз заттар мен материалдарды барлық дәрежедегі отқа тұрақты (Y

дәрежедегісінен басқасына) қоймаларда сақтауға болады.

7) Жарылуға, өртке, жарақатқа, улануға, сәулемен емдеуге, адамдар мен жануарларды ауруға шалдықтыратын, құрылышты, көлік құралдарын қирататын қасиеттері бар жанатын және жанбайтын заттар мен материалдар қауіптілерге жатады. Бөлек заттар мен материалдардың қауіпті қасиеті дұрыс немесе апат жағдайындағыдай, 19433-88 МЕМС бойынша басқа топтағы заттар және материалдармен өзара әрекеттестік кезінде де пайда болады.

Қауіпті заттар мен материалдарды I және II дәрежелі отқа тұрақты қоймаларда сақтау қажет.

8) 19433-88 МЕМС бойынша олармен бір топтағы заттар мен материалдармен қосыла алмайтын қауіпті заттар мен материалдар өте қауіпті заттарға жатады.

Өте қауіпті заттар мен материалдарды бөлек тұратын үйге орналасқан I және II дәрежелі отқа тұрақты қоймаларда сақтайды.

9) 19433-88 МЕМС бойынша қауіпті және өте қауіпті заттар мен материалдар класқа және санатқа бөлінеді.

2. Заттар мен материалдарды бірге сақтау жағдайлары

1) Өте қауіпті топқа жататын заттар мен материалдарды сақтау кезінде 15 кестеде көрсетілгендей орналастыру керек.

2) Қауіпті тобына жататын заттар мен материалдарды сақтау кезінде 16 кестеде көрсетілгендей орналастыру керек.

3) Ерекшелік ретінде өте қауіпті және қауіпті заттарды бір қоймада сақтауға болады. Мұндай жағдайда 17 кестеде көрсетілгендей орналастыру керек.

4) Біркелкі өрт сөндіретін құралдары жоқ қойма үйлерінде заттар мен материалдарды сақтауға болмайды.

Өте қауіпті заттармен құралдарды сақтау кезінде бөлу. <*>

Ескерту: Мемст 12.1.004-91 15 кестесін қағаздағы кестеден қаранды.

Е ск е р т у :

1. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір алаңында болуы мүмкін. Олардың аралықтары нормативті құжаттардың талабына сәйкес, бірақта аралықтары 5 метрден кем болмауы қажет.

2. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір алаңда болуы мүмкін. Олардың аралықтары нормативтік құжаттардың талабына сәйкес, бірақта аралықтары 10 метрден кем болмауы қажет.

3. Заттар мен құралдар қойманың басқа да бөлігінде болуы керек (бірақ өртке қарсы қалқаның 1-ші түрімен бөлінуі керек) немесе бөлек алаңда.

4. Заттар мен құралдар бөлек қоймаларда немесе бөлек алаңда болуы қажет.

Т Т С	-	т е	тұранатын	сұйық
Т Т К	-	т е з	тұранатын	қатты

Т Т З - т е з т ұ т а н а т ы н з а т т а р
 У З - у л ы з а т т а р
 t жарық - жабық ыдыстағы жарық ету температурасы
 t - температура

Қауіпті заттар мен құралдарды сақтау кезінде бөлу. <*>

Ескерту: 16 кестені қағаздағы кестеден қараңыз.

Ескерту:

* Заттар мен құралдардың сиымдылығы

1. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір аланда болуы мүмкін. Олардың аралықтары нормативті құжаттардың талабына сәйкес болуы керек, бірақ аралықтары 5 метрден кем болмауы қажет.

2. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір аланда болуы мүмкін. Олардың аралықтары нормативтік құжаттардың талабына сәйкес болуы керек, бірақ аралықтары 10 метрден кем болмауы қажет.

3. Заттар мен құралдар қойманың басқа да бөлігінде болуы мүмкін (бірақ өртке қарсы қалқаның 1-ші түрімен бөлінуі керек) немесе бөлек болуы керек.

4. Заттар мен құралдар бөлек қоймаларда немесе бөлек аланда болуы қажет.

Т Т С - т е з т ұ т а н а т ы н с ұ й ы қ
 Т Т К - т е з т ұ т а н а т ы н қ а т т ы з а т т а р
 Т Т З - т е з т ұ т а н а т ы н з а т т а р
 У З - у л ы з а т т а р
 t жарық - жабық ыдыстағы жарық ету температурасы
 t - температура

Қауіпті және өте қауіпті заттарды сақтағандағы бөлінуі.

12.1.004-91 Мемст <*>

Ескерту: 17 кестені қағаздағы кестеден қараңыз.

Ескерту:

* Заттар мен құралдардың сиымдылығы

1. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір аланда болуы керек . Олардың аралықтары нормативтік құжаттың талабына сәйкес, бірақ аралықтары 5 метрден кем болмауы керек .

2. Заттар мен құралдар қойманың бір бөлігінде немесе бір аланда болуы керек . Олардың аралықтары нормативтік құжаттың талабына сәйкес, бірақта аралықтары 10 метрден кем болмауы қажет.

3. Заттар мен құралдар қойманың әртүрлі бөлігінде қажет (өртке қарсы қалқаның 1-ші түрімен бөлінуі керек) немесе бөлек аланда.

4. Заттар мен құралдар бөлек қоймаларда немесе әрбір аланда болуы қажет.

*Қауіпті заттар мен құралдар

3 Қосымша

М інд ет т і

Өрт сөндіруге қажетті құралдардың

санын анықтау

1) Өрт сөндіру құралдарының түрлерін және қажеттілігін анықтау кезінде жанғыш заттардың физико-химиялық және өрт қауіпті қасиеттеріне, олардың сөндіретін заттарға қатысы, сонымен қатар өндіріс үйлерінің, ашық алаңдарының аумағына көңіл бөлінеді.

2) Асбест мatalдары, қалың жүннен жасалған мatalар және мөлшері 1x1 киіздер жанған заттардың ауа кіrmесе жанбайтын үлкен емес ошағын сөндіруге тағайындалған. ТЖС және ЖС пайдаланатын және сақтайтын орындарда матаның мөлшері (2x1,5; 2x2 м) ұлғайтылады.

3) 12.4009-83 МЕМС-қа сәйкес су сақтайтын бөшкелердің көлемі 0,2 м³ және шелектері болуы керек. Құм салатын жәшіктердің көлемі 0,5; 1,0 және 3 м³, 3620 -76 МЕМС бойынша құректері болуы керек.

4) Құм салатын ыдыстардың сиымдылығы 0,1 м³ кем болмау керек. Жәшіктің құрылышы құмды түсіру үшін ыңғайлыш және су тимейтіндей болуы керек.

5) Өрт сөндіретін технологиялық құралдарды жинақтау осы құралдың техникалық жағдайының (құжатына) талабына және өрт қауіпсіздігінің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6) Өрт сөндіретін шетел құралдарын жинақтау оның жеткізіліп тұратын шартына сәйкес жүзеге асырылады.

7) Өрт сөндіргіштің қажетті санын және түрін таңдау 1 және 2 кестеде айтылған мәліметтердің негізіне отырып, олардың өрт сөндіретін қабілетіне, шекті аумағына, қорғану үйлері мен N 3941-77 ИСО-ға сәйкес объектілердегі өрттің жанғыш заттар мен материалдардың класына сай жүргізіледі:

А классы - қатты заттардың негізінен органикалық заттардың бықсып жануы (ағаштың, матаңың, қағаздың);

В классы - жанғыш сұйықтардың немесе ерігіш қатты заттардың жануы;

С классы - металл мен олардың қорытпаларының жануы;

Д классы - металл мен олардың қорытпаларының жануы;

Е классы - электр қондырғыларының жануы;

Өрт сөндіргіштің түрін таңдау (жылжымалы немесе қолға ұстайтын) болатын ошағының мөлшеріне қарай алынады. Едәуір мөлшердегісіне жылжымалы өрт сөндіргіштер пайдаланылады.

8) Өрт сөндіргішті таңдау кезінде, үйлер мен құрылыштардың климаттық жағдайы ескерілуі қажет.

9) Егер сөндіретін өрт ошағы қызын болған жағдайда, онда әр жақты өрт сөндіргішті қолдану керек.

10) Әртүрлі санаттағы үйлердің аумағы үшін (аумағы үлкен, бір немесе көп өрт сөндіргішті қолданатын) 1 және 2 кестеде көрсетілген "++" немесе "+" деген белгінің алдындағы өрт сөндіргіштердің түрін, санын қарау керек.

11) Қоғамдық үйлер мен құрылыштардың әр қабатында екі өрт сөндіргіштен болуы керек.

12) Д санатындағы үйлердің аумағы 100 м² аспаса, онда өрт сөндіргішпен жабықталмайды.

13) Өрт қауіптілігінің бір санатындағы кішкентай үйлерге керекті өрт сөндіргіштің мөлшері осы үйлердің аумағына сай 18 т. және 1,2 кестеге сәйкес анықталынады.

14) Кәсіпорындардан қайта зарядтауға жіберілген өрт сөндіргіштер, зарядталған өрт сөндіргіштердің санына сәйкес ауыстырылуы қажет.

15) ЭЕМ, телефон станция, мұражай, архив үйлерін қорғауда сөндірілетін затпен қорғайтын құралдың, бұйымдардың, материалдардың т.т.б. ерекшелігін ескеру қажет. Берілген бөлмелерді хладонды және көмір қышқылды өрт сөндіргіштермен жабдықтау ұсынылады.

16) Автоматты стационарлық өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған үйлерде, олардың есеп санына қарай 50% өрт сөндіргіштермен жабдықталуы қажет.

17) Өрт ошағы мен өрт сөндіргіштерді орналастыратын жерге дейінгі қоғамдық үйлер мен құрылыштардың ара қашықтығы 20 м аспауы керек, ал А, Б және В санатындағы үйлер үшін 30 м; Г санатындағы үйлер үшін - 40м; Д санатындағы үйлер үшін - 70 м болуы керек.

18) Өндіріс үйлері мен өнеркәсіп аумақтарында өрт сөндіретін құралдарды орналастыру үшін ереже бойынша, өрт сөндіретін құралдары жиынтығымен қалқан орнатылуы керек: ұнтақты өрт сөндіргіш - 2, көмір қышқылды өрт сөндіргіш - 1, құм салынған жәшік - 1, тығыз мата (киіз, брезент т.т.б.) - 1, сүймен - 2, ілгекті бақан - 3, балта - 2. Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы бір өрт сөндіретін қалқан 5000 м. есебінен анықталынады.

Үйлерді қол өрт сөндіретіндермен жабдықтау туралы кенес

1 Кесте

— — — — — Санаттағы !Шекті !Өрт! Көбікпен ! Ұнтақты өрт ! Сиым. ! Көмір қышқыл

ұйлер	қорға. кла. және су мен сөнд. сиымды дылығы 2(3)ды өрт сөндір.
латын ссы сөндіретін лығы, л	хладонды гіштер сиым.
аумак сиымдылығы	өрт.с дылығы л.
кв.м.	10 л өрт
	сөнд. 2 ! 5 ! 10
	2 ! 5 (8)

- А,Б,В - 200 -	A 2 ++	- 2+ 1++	-	-	-
(жанғыш	B 4+	- 2+ 1++	4+	-	-
газдар	C -	- 2+ 1++	4+	-	-
және	D -	- 2+ 1++	-	-	-
сұйықтар)	(E) -	- 2+ 1++	-	-	2++
(жанатын 400	A 2 ++	4+ 2++ 1++	-	-	2+
газдар мен	D -	- 2+ 1++	-	-	-
сұйықтардан	(E) -	- 2++ 1+	2+	4+	2++
	б а с қ а .				
Г 800	B 2+	- 2++ 1+	-	-	-
	C -	4+ 2++ 1+	-	-	-
Г, Д 1800	A 2++	4+ 2++ 1+	-	-	-
	D -	- 2+ 1++	-	-	-
	(E) -	2+ 2++ 1+	2+	4+	2++
Қоғамдық 800	A 4++	8+ 4++ 2+	-	-	4+
	E -	- 4++ 2+	4+	4+	2++

Ескерту: 1. Әртүрлі кластағы өртті сөндіру үшін ұнтақты өрт сөндіргіштердің тиісті зарядтары болуы керек: А классы үшін ABC (E); B, C және (E) - BC (E) немесе ABC (E) және D кластары үшін - D ұнтағы болуы к е р е к .

2. "++" белгілерімен жабдықтауға ұсынылып отырған өрт сөндіргіштер белгіленген, "+" - ұсынылған өрт сөндіргіштер болмай қалған жағдайда ұсынылатындар, "--" - объектілерді жабдықтауға болмайтын өрт сөндіргіштер.

Ұйлерді жылжымалы өрт сөндіргіштермен жабдықтау туралы кепілдемелер

- - - !Шекті қор.! Өрттің !Сиымды. !Сиымды. !Сиымдылығы!
С и ы м д ы л ы ғ ы
санаты ғалатын класы лығы 100 л лығы 100 100л ұнтақты л, көмір

аумак, кв.м	әуе-көбік л.аралас	өрт.сөн.	қышқылды
	ті өрт сөн. өрт.сөн.		өрт сөндір
			г і ш т е р

2 5 ! 8 0

— А,Б,В — 500 —	А	1++	1++	1++	-	3+
(жанғыш	В	2+	1++	1++	-	3+
газдар және	С	-	1+	1++	-	3+
сұйық	Д	-	-	1++	-	-
тар)	(Е)	-	-	1+	2+	1++
(жанғыш 800	А	1++	1++	1++	4+	2+
газдар және	В	2+	1++	1++	-	3+
сұйық.	С	-	1+	1++	-	3+
тардан	Д	-	-	1++	-	-
басқа),Д	(Е)	-	-	1+	1++	1+

— — — — Ескерту: 1. Әртүрлі кластағы өртті сөндіру үшін ұнтақты өрт сөндіргіштерінің тиісті зарядклассытары болуы керек: А класы үшін - ABC (E); B, C және (E) - BC (E) немесе ABC (E) және D классы үшін - D ұнтағы болуы көрек.

2. "++" белгісімен өрт сөндіруге арналған өрт сөндіргіштер белгіленген, "+" - белгісі өрт сөндіргіштер болмаған жағдайда қолданылатын өрт сөндіргіштер және "-" - белгісі объектілерді жабдықтауға болмайтын өрт сөндіргіштер.

4 Қосымша

Анықтамалық

Б ө л і м д е р
К ә с і п о р ы н д а р
Ц е х т а р
Б е к і т е м і н *

лауазымы, аты - жөні

қолы

" — " 19 ж.

Жоғары қауіпті жұмыстарды орындауға
Наряд-Рұқсат

1. Берілді (кімге) _____
(жұмысты жүргізуге жауапты)

басшының лауазымы, Аты-жөні, әкесінің аты, айы-күні
2. Жұмысты орындауға берілетін _____
жұмыстың ерекшелігі мен маңызы,
қауіпті және зиянды өндірістік факторларды көрсетіледі
3. Жұмыс жүргізіletіn жер _____
бөлім, учаске, қондырғылар, аппарат,

құру, үй
4. Орындаитын бригаданың құрамы (оның ішінде бақылаушы, дублерлер)
(Бригада мүшелерінің саны көп болған жағдайда, оның құрамы және
қажетті мәліметтер қоса беріліп отырған кестеде көрсетіледі)

N ! Аты-жөні! Атқаратын ! Жіктеу (электр ! Жұмыс жағдайы
т/т кызметі қауіпсіздігі жөні- мен таныстым,
нен разряды, тобы) нұсқау алдым

қ о л ы ! а й ы

1 Жұмыс өн .
 діруші (жау -
 апты , бас
 орындаушы
 брігадир)
 2
 3

* қауіпсіз жұмыс жүргізуді белгілейтін нормативті құжат талап етсе.

5. Жұмыс жүргізетін уақытты белгілеу:
Басталуы _____ уақыты _____ айы
Аяқталуы _____ уақыты _____ айы

6. Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шаралар

қ а у і п с і з д і к т і н

объектілерді қаупі жоғары жұмыстарды жүргізуге дайындау кезінде
ұйымдастырушылық және техникалық шаралары, оларды жүргізу кезінде
топтап және жекеше қорғану,

жұмыс тәртібі

7. Талап етілетін қосымшалар

үлгі, эскиз, анализдердің аты т.т.

8. Ерекше жағдайлары

жұмыс жүргізу кезінде қадағалаушы адамдардың қатысуы

9. Наряд беруші

Аты-жөні, лауазымы, наряд берушінің қолы, айы

10. Мына қызметтермен: (техника

қауіпсіздігі, өртке қарсы, ГСС, қызметтің аты, жауапты адамның
(ВГСЧ), механикалық энергетика-

лық және басқалары қажетіне аты-жөні, қолы, айы

қарай өзара байланысты цехтар-

мен, участкелермен, ЛЭП иелерімен

және басқаларымен.

цех, участке, жауапты адамның

аты-жөні, қолы, айы

11. Объект жұмыс жүргізуге дайын:

Объектіні дайындауға

жауапты адам

Аты-жөні, лауазымы, қолы, айы

у а қ ы т ы

12. Жұмысты орындауға жіберіледі:

лауазымы, аты-жөні, қолы, айы,

уақыты

13. Күнделікті жұмысқа қатысу туралы белгі, жұмыс кезеңінің

а я қ т а л у у а қ ы т ы

Айы !

6 т. қауіпсіздік шаралары орындалды

Жұмыстың басталуы

! Аяқталуы

Уақыты! Жұмысқа рұқсат! Басшының!
(с.мин) берген адамның қолы
Уақыты ! Басшының
(с.мин) қолы
К о л ы

14. Наряд-рұқсат ұзартылды _____
айы, уақыты, нарядты ұзартқан адамның қолы,

Аты-жөні, лауазымы

15. Наряд-рұқсатты ұзарту (10 т, сәйкес) келісілді

қызметтің, цехтың, участкенің аты, жауапты адамның лауазымы,

Аты-жөні, қолы, айы

16. Рұқсаттың ұзартылған мерзіміне жұмысты орындауға жіберемін
рұқсат берген адамның аты-жөні, қолы, айы, уақыты

17. Орындаушы бригада құрамының өзгеруі

Бригада құрамына Бригаданың Жұмыстың басшысы
енгізілді құрамынан шығарылды (қолы)

Аты-! Жұмыс ! Жік! Атқа.! Аты-! Уақыты! Атқара.!
жөні жағдайы теу, ратын жөні айы тын
мен та. раз. қыз. қызметі
ныстым ряд. мәті
нұсқау тар,
алдым тобы

18. Жұмыс толығымен орындалды, жұмыс орындары тәртіпке келтірілді,
құрал-саймандар жиналды, адамдар шығарылды, наряд-рұқсат жабылды

жұмыстың басшысы, қолы, айы, уақыты, жұмыс жүріп

жатқан жердің смена бастығы (смена бойынша бастық,) аты-жөні, қолы,

айы, уақыты

ІҮ топтағы объектілер мен көлік құралдары үшін
алғашқы рет сөндіретін құралдардың
Мөлшері

Н ! ИУ топтағы ! Аумағы! Алғашқы өрт сөндіру құралдарының аттары
 т/т объектілер кв.м. және қажетті саны
 дін, құрылыш
 тардың және ұнтақты! көмір қышқыл !0,5 куб.м.күм салын.
 көлік құрал өрт сөн. ды өрт сөндір ған жәшік, курегі
 дарының ат. діргіш. гіштер мен өртке қарсы
 тары тер көрпесі бар

1 2 3 4 5 6

1 Автокөлік 100-ге 2 - ОП - 5 не 1- ОУ - 2 --
жөндейтін дейін месе 1 - ОП
жеке меншік әрбір - 10
кәсіпорын. 100-не 2 - ОП - 5 не 1 - ОУ - 2 --
д а р . м е с е 1 - О П
- 10

2 К о о п е р а т и в к ё л і к т ѿ р а ф ы

және гараждары

а) ашық тұрақ. әрбір 2 - ОП - 5 -- 1 жинақ
т а р ; 1 0 0 - н е н е м е с е

дейн
р) зміни під
з ОП

күзет үйлері 1 - ОП - 10 -- --

г) гараж əрбір 2 - ОП - 5
а у м а ф ы 1 0 0 - г е н е м е с е
1 - ОП - 10 1 - ОУ - 2 1 жинақ

М а ш и н а г а
м а й к ұ я т ы н

станциялар:

	а)	сөткесіне
6 0 0	машина -	-- 4 - ОП - 5
ға май құяды	немесе	2 - ОУ - 2 1 жинақ
		2 - ОП - 1 0
		1 - ОП - 1 0 0
		н е м е с е
б)	сөткесіне	-- 2 - ОП - 5 0
6 0 0	- ден кем	2 - ОП - 5
май құйылады		1 - ОП - 1 0
	1 - ОП - 1 0 0	2 - ОУ - 2 1 жинақ
		н е м е с е 2 -
		ОП - 50

в) операторлық 1 - ОП - 5 1 - ОУ - 2
үйлер:

г) көп пішінді 100-ге 1 - ОП - 5 -- --
үйлер дейін

тағайындау

5 Қосымшаның жалғасы

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

4 Бөлек тұрған сауда әр 100-не 1 - ОП - 5 -- --
павильондары, дүң. 100-ді қо.
гіршіктер, қабыл. са санағанда 1 - ОП - 5 -- --
дау пункттері,
жөндеу шеберхана. әр 100-не 1 - ОП - 5
лары, ақша айыр.
бастау пункттері,
ХТТ сататын, оның
ішінде көтерме ры.
ноктары мен базар.
ларына орналасқан

контейнерлер

5

Коғамдық, тұрғын
Үйлер мен құрылыш.

т а рға ж а лғ а с а с а лы н -

ған:

- a) сауда, тұрмыстық 100-ге 2 - ОП - 5 -- --
 қызмет көрсету дейін немесе
 көрсету азық-түлік 1 - ОП - 10
 кәсіпорындары, әр 100-ге 2 - ОП - 5 -- --
 сауықтыру кешен- немесе
 дері, кітапхана. 1 - ОП - 10

л а р , д ә р і х а н а л а р ,
 д ә р і г е р л і к к а б и н е т .
 т е р ж и на қ б а н к і л е р і ,
 с ы р а х а н а , н е к е с а р а й ы ,
 к ө р к е м д і к ш е б е р х а н а .
 л а р , с ү т б е р е т і н
 ү й л е р , м ұ р а ж а й л а р

және көрмелер;

- б) оғистер, би залдары, 100-ді 2 - ОП - 5
 ойын үйлері, видео- қоса немесе
 аудио жазып алу алғанда 1 - ОП - 10
 және прокатқа б е р у ,
 ақша айырбастау әр 100 2 - ОП - 5
 пункттері, диспет. немесе
 черлік және сөйлес. 1 - ОП - 10

т і р е т і н п у н к т т е р ,
 с у р е т с а л о н д а р ы ,
 ж е р л е у б ю р о с ы
 (жоралар), к еңс е л е р ,
 жөндeу ш е б е р х а н а л а р ы ,
 т и р л е р , б и л ь я р д
 к ө б е й т у , к ө л і к
 а г е н с т в а л а р ы ,

касса павильондары.

- 6 Жаздық сауықтыру әр үйге 2 - ОП - 5 -- --
 л а г е р л е р і . 1 - ОП - 10

7

К ө л і к қ ұ р а л д а р ы :

- a) 8 адамға дейін бір техни. 1 - ОП - 1 --- --
 с и я т ы н к а ф а
- б) 8 адамнан көп. бір техни. 1 - ОП - 2 --- --
 к а ф а

в) жүк-жолауши	бір техни.	1 -ОП - 5	---	--
			к а	ф а
г) тракторлар	бір техни.	1 -ОП - 3	---	--

д) комбайндар	каға	2 -ОП - 5	---	--
---------------	------	-----------	-----	----

Ескерту:

1. Тізімде көрсетілмеген нысандарға кірмеген, алғашқы өрт сөндіргіш құрал-жабдықтардың саны N 3 қосымша талабының негізіне сәйкес анықталады.
2. Темір жол, көл, теңіз жолдары және әуе көлігіне қажетті алғашқы өрт сөндіргіш құрал-жабдықтардың санын тиісті министрліктерде қажетті мөлшерге сәйкес анықталады.
3. Сертификаттық байқаудан өткен алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалануға рұқсат беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК